

Тақырып: Қатты әсер ететін улы заттармен және өрттермен және түтіндермен уланумен қиындық тудырған жер сілкінісі аймағындағы ұйымдастыру және авариялық-құтқару мен шұғыл жұмыстардың ерекшеліктері.....	248
Тақырып: Қауіпті өндірістік объектілерде авариялар болған кезде халықты қорғауды ұйымдастыру.....	253
Тақырып: Террористік акт болған кездегі халық пен лауазымды тұлғалардың іс әрекеті.....	258
Тақырып: Мұнай (газ) шығатын орындарға жұмыс жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық негіз.....	268

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

### ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ

#### Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы

### АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚУ ҚҰРАЛЫ

(1-кітап)

Алматы - 2019 жыл

Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы ҚР ІІМ ТЖК «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығында» әзірленіп, авторлық ұжыммен құрастырылған.

Құрастырғандар: – Е.Н.Мельников, Б.К.Еңсебаев, А.А.Тасиева, М.Р.Боранбаев, Х.А.Құлымбетова, Л.М.Исабаева, Б.О.Бұлыбаева, Д.С.Увалиева, А.У.Нүсіпжанова.

Мемлекеттік тілге аударған – З.А. Ашинова.

Аталған оқу құралы оқу процесін әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге және Орталық тыңдаушыларын дайындауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқару органдарының, ұйымдардың мамандары АҚ шаралары мен азаматтық қорғау жоспарлары мен міндеттерін орындау кезінде пайдалануға арналған.

Оқу құралына енгізілген материалдардың барлығы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келеді, мұнда ҚР заңнамаларына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар ескерілген.

«Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы» екі бөлімнен тұрады. Басылымның бірінші бөлімі азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің барлық бағытын: ЖЖ жою жөніндегі авариялық құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізуге дейінгі барлық аспектілерді қозғайды. Оқу құралының екінші бөлімі ТЖ-да зардап шеккендерге шұғыл психологиялық және медициналық көмек көрсетуге арналған.

Оқу құралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы басшыларының келісім процедурасынан өткен, Азаматтық қорғаныс саласындағы инновациялық тенденциялар мен заманауи талаптарға жауап береді.

Аталған оқу құралына ҚР Әділет министрлігі авторлық құқық туралы Куәлік берген.

© 2019ж.«АҚ РОӨО» ЖШС

Тақырып: Төтенше жағдайларда халықты қорғаудың негізгі қағидалары және тәсілдері. Инженерлік қорғау.....	106
Тақырып: Соғыс уақытында эвакуациялық шараларды өткізуді ұйымдастыру.....	115
Тақырып: Бейбіт уақытта эвакуациялық шараларды өткізуді ұйымдастыру.....	122
Тақырып: Төтенше жағдайларды топтастыру.Төтенше жағдайлар туындау қауіпі кезінде, туындағанда немесе оны жою кезінде ақпарат беру жөніндегі нұсқаулықтар.....	128
Тақырып: Төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою бойынша шараларды ұйымдастыру.....	139
Тақырып: Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайларда шаруашылықпен айналысатын объектілермен салаларда қалыпты қызмет атқарудың тұрақтылығын арттыру әдісі мен жолдары.....	146
Тақырып: Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.....	156
Тақырып: Өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету.....	165
Тақырып: Халықты радиациядан қорғау.....	170
Тақырып: Радиациялық жағдайларды болжамдау.....	180
Тақырып: Халықты қатты әсер ететін улы заттардан қорғау .....	192
Тақырып: Халықты және ауыл шаруашылық малдарын биологиялыққаруданқорғаудыкүшейтубойыншакешенді шаралар.....	204
Тақырып: Химиялық қауіпті объектідегі және көліктегі авария кезіндегі химиялық жағдайды болжамдау және бағалау әдістемесі.....	211
Тақырып: Радиациялық және химиялық барлау аспаптары.....	220
Тақырып: Жер сілкінісі қауіпі төнгенде халықты қорғау.....	227
Тақырып: Су басу кезінде қорғаныс шараларын ұйымдастыру және жүргізу.....	238

## МАЗМҰНЫ :

Тақырып: Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау аясындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілері.....	3
Тақырып: Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары.....	16
Тақырып: Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің Қазақстан Республикасында ұйымдастырылу және жұмыс істеу тәртібі, негізгі міндеттері.....	21
Тақырып: Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия.....	29
Тақырып: Азаматтық қорғау мәселесі бойынша басшы құрамның функционалдық міндеттері.....	32
Тақырып: Төтенше жағдайлар туындау қауіпі және туындауы кезінде байланыс, халықты хабарландыру және ақпараттандыру жүйесін қамтамасыз ету.....	38
Тақырып: Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі.....	44
Тақырып: Азаматтық қорғау саласында халықты оқыту және білімді насихаттау, ақпараттандыру .....	56
Тақырып: Оқу-үйренулер және жаттығулар, оларды өткізуді ұйымдастыру.....	62
Тақырып: Мемлекеттік резерв.....	66
Тақырып: Азаматтық қорғанысқа басшылық және оның іс-шаралары. АҚ объекілері және мүлкі.....	71
Тақырып: Азаматтық қорғау күштері. Азаматтық қорғау қызметтері.....	76
Тақырып: Бейбіт және соғыс уақытында қызметтердің азаматтық қорғау шараларын жоспарлауы.....	84
Тақырып: Қазақстан Республикасының әскери доктринасы.....	91
Тақырып: Азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру ережесі .....	98

## Тақырып: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

Қазіргі кезде әлемде табиғи да, техногендік сипаттағы да төтенше жағдайлардың жағымсыз сипаттары барынша алаңдаушылық туғызып отыр. Олардың мемлекеттің экономикасына, қорғаныс қабілетіне, ұлттық қауіпсіздігіне тигізер ықпалы бар жерде орын алып отыр. Сондықтан, ТЖ алдын алу және жою мәселелері, халықты және төтенше жағдайларға тап болған аумақты, шаруашылықпен айналысатын объектілерді қалпына келтіру барған сайын мемлекеттік маңызды іске айналып барады.

Бұл мәселелерді шешу тиімділігі көбінесе заңнамалық-құқықтық базаның қолда болуына байланысты.

Қазақстан өзін әлемдегі демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде белсенді нығайтып келеді, оның ең жоғарғы құндылығы адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы, қауіпсіз тіршілік қарекеті. Нақ сондықтан да азаматтық қорғау саласында туындайтын мәселелер, қазіргі кезеңде ерекше өзекті болып отыр. Оларды шешуде негізгі ережелер мен заң талаптарын білу, оларды бұлжытпай қадағалау үлкен рөл атқарады.


Азаматтық қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің **негізгі** түріне жататындар:

- ҚР Ата заңы, кодекстер, заңдар;
- ҚР Үкіметінің қаулылары
- Орталық атқару органдарының нормативтік-құқықтық актілері.

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласындағы барлық нормативтік-құқықтық актілердің ішіндегі **ең басты заңнамалық акті**: ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы.

Халықты қорғаудың құқықтық аспектілерін қарастыру кезінде, қоғамның мүшесі ретінде біз басты назарды адамның құқықтары мен міндеттеріне аудардық.





жағдайлар туындаған кезде Ақтау хаттамасын және Астрахань келісімін басшылыққа алу қажет.

Халықаралық келісімдер шеңберінде көмек көрсету және көмек алуға байланысты шығындарды өтеу осы халықаралық келісімдер талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган Мұнайдың төгілуін жою мәселелері жөніндегі халықаралық теңіз ұйымының қарарларын, шешімдері мен басшылық құжаттарын мүдделі мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды, мұнай төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелерін және мұнай төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды кейіннен хабардар ету үшін көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жібереді және қадағалайды.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Мұнайдың төгілуінің неше деңгейі бар?
2. Мұнайдың төгілуімен байланысты ТЖ жою жөніндегі міндеттер қандай нормативтік-құқықтық актілермен анықталған?
3. Ұлттық комиссия қандай деңгейде өз жұмысын үйлестіріп отырады?
4. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жедел штабқа қандай органдар кіреді?
5. Мұнайдың төгілуінің қандай деңгейінде халықаралық көмек кіреді?



Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың бірінші және екінші деңгейдегі төгілуін жою үшін өздерінің жеке ресурстары болмаған кезде теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарт жасайды.

Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою үшін ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында халықаралық деңгейде танылған, білікті персоналы және тиісті жабдығы бар, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйыммен шарт жасайды.

Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілу себептерін тергеп-тексеру, мұнайдың төгілуінен қоршаған ортаға келтірілген ысыраптарды өтеу және қалпына келтіру тәртібі үшін: теңіз объектілерінде мұнай төгілген жағдайда – көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның, кемелер мен порттардан мұнай төгілген жағдайда – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті органның, теңізде және сақтық аймағында өздігінен ағып жататын иесіз және апаттық ұңғымалар болған және шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі кезінде – жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органның бастамасы бойынша ведомствоаралық комиссия құрылады.

#### ***Мұнай төгілуі тәуекелдерін азайту жөніндегі шаралар:***

- ҚР заңдары мен техника қауіпсіздігін қадағалау;
- ластанған аумақты оқшаулау;
- персоналдың ауысым режимімен жұмыс істеуі;
- ЖҚҚ пайдалану;
- техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- персоналға арнап нұсқама жүргізу.

Қоршаған ортаны қалпына келтіру шаралары мен тәртібі қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамаға сәйкес анықталады.

#### ***Мұнайдың төгілуіне ден қоюдың халықаралық аспектілері***

Каспий теңізі мұнаймен ластанған жағдайда және Каспий теңізіне мұнайдың төгілуін жоюға дайындық пен іс-қимылды қамтамасыз етуде тараптар арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмекті талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

Азаматтық қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері, яғни тіршілік қарекеті қауіпсіздігі саласындағы, ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 18-бабында анықталған.

#### ***Азаматтардың құқықтары:***

1) ұшырауы ықтимал төтенше жағдайлардың қауіпті факторларының туындау қатері туралы және қажетті қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратты күні бұрын алуға;

2) азаматтарды, объектілерді төтенше жағдайлардан және олардан туындаған салдарлардан қорғау мәселелері бойынша жеке өтініш білдіруге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға;

3) төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте қатысуға;

4) осы Заңда көзделген жағдайларда, азаматтарды қорғауға арналған ұжымдық және жеке қорғану құралдарын, басқа да мүлікті пайдалануға;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан өздерінің денсаулығына келтірілген зиян мен мүлкіне келтірілген нұқсанды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге;

6) төтенше жағдайлар туындаған жағдайда өмірін, денсаулығын және жеке мүлкін қорғауға;

7) мертігуіне немесе ауруына байланысты еңбекке қабілеттілігінен айырылған, мертігуден немесе аурудан қаза тапқан немесе қайтыс болған асыраушысынан айырылған жағдайларда, егер бұлар төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жою жөніндегі міндеттерді орындау салдарынан болған болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қамсыздандырылуға;

8) табиғи және



техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан өздерінің денсаулығына келтірілген зиян мен мүлкіне келтірілген нұқсанды өтету туралы сотқа қуыным беруге құқығы бар.

**Азаматтар:**

1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасын сақтауға;

2) бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметіне өздеріне белгілі болған төтенше жағдайлардың туындау қатері немесе туындағаны туралы хабар беруге;

3) «Баршаның назарына!» құлақтандыру сигналы бойынша іс-қимыл тәртібін білуге және орындауға;

4) азаматтық қорғау бойынша оқудан өтуге;

5) тұрмыста және күнделікті еңбек пен шаруашылық қызметте қауіпсіздік шараларын сақтауға, төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін өндірістік және технологиялық тәртіптің, қауіпсіздік талаптарының бұзылуына жол бермеуге;

6) өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін адамдарды, мүлікті құтқару және өрттерді сөндіру бойынша қолдан келген шараларды қабылдауға;

7) өртке қарсы қызметке өрттерді сөндіру кезінде оларды сөндірумен тікелей байланысты емес жәрдем көрсетуге;

8) мемлекеттік инспекторлар мен азаматтық қорғау органдарының нұсқамаларын және заңды талаптарын орындауға;

9) төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жою бойынша өткізілетін оқу-жаттығулар мен жаттығуларға қатысуға, халықты және объектілерді қорғау құралдарына ұқыпты қарауға міндетті.

**Осы Заңда мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:**

**Авария** – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

**Адамдар жаппай болатын объект** – бір мезгілде жүз және одан көп адамның болуына есептелген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, көңіл көтеру орындарының, барлық көлік түрлері вокзалдарының, ғибадат үйлерінің (құрылыстарының) ғимараты, құрылысы, үй-жайы, сондай-ақ бір мезгілде жиырма

аспайтын). Бұл шағын төгілулерді жұмыс жүргізу кезіндегі теңіз ғимараттарында бар заттармен және материалдармен жоюға болады. Бірінші деңгейлі авария кезінде басқа мұнай компанияларынан көмек қажет етілмейді.

**2-ші деңгейлі төгілу** - қалыпты (орташа) төгілулер (10 тоннадан 250 тоннаға дейін). Қосымша ресурстар (заттардың және материалдар) жағадағы кен пайдаланушы объектілерден мұнай төгілімдерін жою үшін көмек талап етіледі.

**3-ші деңгейлі төгілу** – ірі төгілулер (250 тоннадан басталатын). 3-ші дәрежелі мұнай төгілуін жою бойынша шараларды үйлестіруге әрекет ететін Ұлттық комиссия араласатын авариялар. Оны жоюға заттар мен материалдар және халықаралықты қоса әр түрлі ұйымдардан персоналдар талап етіледі.

**Теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері:**

-теңізде мұнайдың бірінші және екінші деңгейдегі төгілуін жоюға арналған ресурстардың Кодекске сәйкес теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган белгілегеннен кем емес болуын;

-теңізде мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуін жою үшін – теңіз объектісінде және теңіз портында не отыз минуттық қолжетімді шекте осындай мұнайдың төгілуін толық жою үшін қажетті ресурстардың болуын;

-теңізде мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуін жою үшін – теңіз объектісінде не отыз минуттық қолжетімді шекте жергілікті жағалау қызметтерінің ре-

сурстары келгенге дейінгі кезеңге жеткілікті болатын көлемде осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген ресурстардың болуын қамтамасыз етеді.



циялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 мамырдағы № 374 бірлескен бұйрығы)

Осы Ұлттық жоспар су қабатының бетін қоса алғанда Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында, сондай-ақ Каспий мен Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігі шегіндегі түбінде, ішкі су айдындары мен сақтық аймақтарына «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы



Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Кодексі 62-бабының 12)  
тармақшасына сәй-кес  
әрекет етеді.

Ұлттық жоспардың  
мақсаты экологиялық  
сипаттағы ластануға  
әкеліп соғатын  
теңізде, Қазақстан  
Республикасының ішкі  
су айдындарында және

сақтық аймағында мұнайдың төгілуіне жедел, тиімді және білікті ден қоюды және олардың зардаптарын жою жөніндегі тиісті операцияларды орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Ұлттық жоспардың негізгі міндеттері:**

1) тәуекелдерді бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде қоршаған ортаға және әлеуметтік-экономикалық объектілерге зиянын тигізуге әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтырған мұнайдың төгілуіне ден қою және даярлықтың уақтылы, кешенді және тиімді алдын алу шараларын қамтамасыз ету;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мүдделі ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелері, авариялық-құтқару қызметтері, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін және өкілеттігін айқындау.

#### **Мұнай төгілулерінің деңгейлері**

1-ші деңгейлі төгілу - шағын төгілулер (10 тонна мұнайдан

бес және одан көп адамның болуына есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараты, құрылысы;

**Азаматтық қорғаныс** – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (кирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

**Азаматтық қорғау** – өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені;

**Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі** – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

**Азаматтық қорғау органдары** – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның ведомстволары, аумақтық бөлімшелері және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер;

**Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау** – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметі;

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган** (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше



жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуді, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

**Зардап шегуші** – табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зиян (нұқсан) келтірілген жеке тұлға;

**Зиян (нұқсан) келтіруші** – әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан техногендік сипаттағы төтенше жағдай болған жеке немесе заңды тұлға;

**Төтенше жағдай** – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаладың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай;

**Төтенше жағдай аймағы** – төтенше жағдай қалыптасқан аумақ;

**Төтенше жағдайды жою басшысы** – төтенше жағдайды жою жөніндегі жұмыстарға басшылық жасайтын, басты өкімші және жауапты адам;

**Төтенше жағдайлардың алдын алу** – күні бұрын жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, олар туындаған жағдайда материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені;

**Төтенше жағдайларды жою** – авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

**Төтенше жағдайлардың салдарларын жою** – инженерлік инфрақұрылымды, тұрғын үйді, қоршаған ортаны қалпына келтіру, халыққа әлеуметтік-оңалту көмегін көрсету бойынша жүргізілетін іс-шаралар, төтенше жағдайлар салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу;

**Үкiлеттi органның жедел резервi** – белгiлi бiр номенклатура мен көлемдегi техника және материалдық құндылықтар, оның iшiнде дәрiлiк заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар запасы;

**«Баршаның назарына!»** дабылы – хабарландырудың бірыңғай дабылы.

8. Өндірістік қауіпсіздік бойынша өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

9. Тұлғаларды (кәсібилерді мед. қарсы дәлелсіз) жұмысқа жіберу.

10. Хабарландыру және байланыс, анықтау жүйесін дайындықта ұстап тұру және құру.

### ***Мұнайдың төгілуіне жол беретін себептер:***

1. пайдалы қазбалардың шығатын орнын іздестіру жұмыстарында
2. мұнай - газ құбырларында өткізілетін жұмыстарда
3. мұнай операцияларында
4. персоналдың қателігінен
5. бұрқаққа қарсы, өндірістік қауіпсіздік талаптарын қадағаламау
6. құбыр жүргізудегі механикалық шаралар
7. басқа да мұнай операцияларын жүргізу
8. мұнай танкерлеріндегі авариялар
9. өндірістік авариялар және жүк операциялары
10. скважинаның батуына байланысты мұнайдың ағуы және резервуарларда саңлаудың болуы
11. қосалқы жабдықтардан бас тарту
12. төгілуге қарсы және ауызғы жабдықтардың бұзылуы
13. тоттар, тозған металдардың бұзылуы
14. мұнай құбырларының электрохимиялық қорғалуының және оқшаулануының бұзылуы.

***Теңiзде, Қазақстан Республикасының iшкi су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және iс-қимылдарды қамтамасыз етудің Ұлттық жоспары***

*(Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 182, Қазақстан Республикасы Инвести-*



## **Тақырыбы: МҰНАЙ (ГАЗ) ШЫҒАТЫН ОРЫНДАРҒА ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ**

**Жер қойнауын қауіпсіз пайдалану** – бұл жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өнеркәсіп қауіпсіздігі

**Кен орнын күзету** – қоршаған ортаға жер қойнауын пайдалану операцияларының зиянды ықпалын азайту және жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде ластануға жол бермеуге бағытталған, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ҚР заңнамасында қаралған шаралар жүйесі.

**Теңіздің ластануы** – теңізге материалдардың, заттардың, энергиялардың, шулардың, дірілдердің түсуі, сондай-ақ адамдардың және теңіздің тірі ресурстарының денсаулығына зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін төндіретін әр түрлі өрістер мен сәулеленудің пайда болуы немесе кедергі келтіретін не болмаса теңізде немесе оның жағасында заңды қызметін жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғаларға шығын келтіретін не келтіруге бейім теңіз экожүйесі.

**Мұнай төгілуінің алдын алу жөніндегі шаралар**

1. Жедел жиналу, ақпараттарды өңдеу және талдау.
2. Мұнай төгілулерінің болуын болжамдау және олардың салдарлары.
3. МТ алдын алу, әрекет ету және алдын алу бойынша шараларды әзірлеу және бағалау.
4. Алдын алу және жою бойынша жоспарды бекіту.
5. Құрылымды құру (аттестаттау, жабдықтау, кәсіби авариялық құрылымдармен шарт жасасу).
6. Технологиялық жабдықтарды дұрыс ұстап тұру.
7. ОПО өндірістік қауіпсіздігі декларациясы.



Сондай-ақ заңда Үкіметтің, орталық және жергілікті атқару органдарының құзіреттері, сонымен қатар ұйымдар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттері анықталған.

## **Соғыс уақытында азаматтық қорғаудың құқықтық аспектілері**

Әлемдегі әскери-саяси жағдайдың даму болжамы әлемде орта мерзімді перспективада шиеленістің күшеюіне қатысты тенденциялардың бар екендігін, тұрақсыздық ошақтарының кеңеюін, жекелеген мемлекеттердің бейбітшілік тәртіптерін өзгертуге ұмтылуын куәландырады. Әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін аумақтардағы және мемлекеттердегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, аумақтық, этникалық және басқа қарама-қайшылықтарды пайдалануы мүмкін.

Әскери қауіптің барлық санап өтілген факторлары адамның ғана тіршілік қарекетіне қауіп төндіріп қоймайды толығымен алғанда мемлекетке де қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №554 Жарлығымен бекітілген **«Қазақстан Республикасының әскери доктринасында»** әлемдегі әскери-саяси жағдай жоғары динамикалық және күтпеген дамуымен, әлемдік және аумақтық «державалар» арасындағы қарама-қайшылықтардың күшеюімен, сондай-ақ мемлекеттердің ішіндегі және мемлекеттер арасындағы қарама-қайшы әскери күштердің рөлінің артуымен сипатталады. **Біздің елдегі Әскери доктрина әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге қатысты** мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесі болып табылатынын айта кету керек.

Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге әкеп соқтыруы мүмкін негізгі жағдайлар:

1) қазіргі әлемдік тәртіпті өзгертуге және әлемде немесе жеке-леген өңірлерде ықпал ету салаларын кеңейтуге ұмтылыста әлемдік және өңірлік «державалар» арасындағы қайшылықтардың күшеюі;



2) мемлекетаралық қатынастарда әскери күш қолдануға жол бермеуде және оның жолын кесуде халықаралық құқық тиімділігінің және халықаралық қауіпсіздік ұйымдары мүмкіндіктерінің төмендеуі;

3) әлемде және өңірлерде стратегиялық шабуылдау қару-жарақтарына тиым салу, оларды шектеу және қысқарту мәселелеріндегі уағдаластықтардың бұзылуы;

4) әлемде жаппай қырып-жоятын қару ауқымының өрістеуі, сондай-ақ жаңа физикалық қағидаттар негізінде (психотроптық, электр магниттік, акустикалық және басқа да) жасалған жаппай әсер ететін қарудың жасалуы;

5) терроризм мен экстремизмнің жаһандануы, олардың әрекет ету географиясының және қызмет салаларының кеңеюі;

6) сепаратизм белсенділігінің өсу қарқынының сақталуы, басқа мемлекеттер аумағындағы мүдделерге қол жеткізу үшін сыртқы күштердің сепаратистік қозғалыстарды пайдалануы;

7) құрылымды бұзатын күштердің жаппай қырып-жоятын қаруға, кәдімгі қару-жарақтарға, оқ-дәрілерге, жарылғыш және басқа да құралдарға, оларды шығару технологияларына қолжетімділігін шектеу бойынша жүргізілетін шаралар тиімділігінің төмендеуі болып табылады.

Қазіргі жағдайларда әр түрлі елдер мен халықтарға қауіп төндіретін соғыс қана емес, қарулы қақтығыс екені де айқындалуда. Ұлттық және халықаралық қауіпсіздік сияқты ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзгерту орын алып отыр. Сондықтан көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, ұлттық қауіпсіздіктің теориялық мәселелерін тереңінен және толық ашу, қарқынды іздестіру мен зерттеу, оны тәжірибелік қамтамасыз етудің барынша оңтайлы және тиімді тәсілдерін әзірлеу жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жағдайлары не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерден қорғау үшін Қазақстан Республикасының Президенті – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғары Қолбасшысы соғыс жағдайын енгізеді. Бұл республиканың барлық аумағына немесе оның жекелеген орындарына жағдай жасауға, саяси, экономикалық, әкімшілік, соғыс және басқа шараларды қарастыратын ерекше құқықтық режим.

◆ Белгісіз заттың ғимараттың желдету жүйесіне түсуіне мүмкіндік бермеу.

◆ Затпен тікелей қарым-қатынаста болған барлық тұлғалардың тізімін жасау.

◆ Затты ұстаған тұлғалар жеке гигиенаның барлық ережелерін сақтау керек.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1) Латынның «terra» деген сөзі қалай аударылады?

2) Террористік қауіп-қатердің қандай деңгейлері бар?

3) Ол белгілейтін, ол белгілеген шектегі, террористік қауіп-қатерді белгілеу, өзгерту немесе бас тарту деңгейі және мерзімі туралы халыққа түсіндіруді кім жүзеге асырады?

4) «Террористік акті қауіп-қатерінің туындауы туралы халықты хабарландыру және ақпараттандыру мониторингі мемлекеттің жүйесін қалыптастыру және ұйымдастыру ережесін» кім бекітті?

5) Террористік акті қауіп-қатерінің туындауы туралы халықты хабарландыру және ақпараттандыру мониторингінің мемлекеттік жүйесі құрамына кім кіреді?

келмейтін болса, олардың талаптарын орындау, өзінің және айналасындағы адамдардың өмірін қатерге тікпеу.

- ◆ Террористердің қару қолдануына алып келетін іс-әрекеттер жасамау.

- ◆ Күшқұрылымдарының тиісті органдарының қызметкерлерінің оқиға болған жерге кедергісіз өтуін (кіруін) қамтамасыз ету.

- ◆ ҰҚК мен ІІМ арнайы мамандандырылған бөлімше әскері келген бойда олардың командирлерінің сұрақтарына толық жауап беру және олардың жұмысын қамтамасыз ету.

#### ***Террористер ұшақты кепілдікке алғандағы іс-әрекет:***

- ◆ Террористпен қалыпты дауыспен әңгімелесіңіз.
- ◆ Террористің көзіне қарамаңыз.
- ◆ Өз мінезіңізбен террористердің назарына түспеңіз.
- ◆ Террористерге қарсылық көрсетпеңіз.
- ◆ Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп жоқ болса, террористердің айтқандарының бәрін орындаңыз.

- ◆ Жан-жағыңызда болып жатқан нәрселер мен террористердің іс-қимылын есіңізде сақтап қалыңыз.

- ◆ Арнайы бөлімшелермен ұшақпен шабуыл жасағанда, қолыңызды желкеңізге қойып еденге етбетіңізбен жатыңыз.



#### ***Пошта жолдамаларында күдікті заттар табылған кездегі іс-әрекет:***

- ◆ Конвертті, пакетті т.б. өз бетіңізше ашуға әрекеттенбеу.
- ◆ Күдікті хатты (бандерольды) мүмкіндігінше қолмен ұстамау.
- ◆ Осы деректер туралы ТЖ және СЭС аумақтық органдарына хабарлау.

Қазақстан Республикасының құқықтық қатынастары, сондай-ақ мемлекеттік органдарды, әскери басқару органдарын және меншік құқығына байланыссыз ұйымдарды соғыс жағдайы кезінде **ҚР «Соғыс жағдайы турады» Заңы** реттейді.

Соғыс жағдайы енгізілген жердегі мемлекет аумағын және азаматтардың тіршілік қарекетін қамтамасыз етудің қандай құқықтық аспектілері бар?

Біріншіден, бұл мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың ауысуымен, сондай-ақ соғыс жағдайында жұмыс жасауға Республиканың экономикасына байланысты.

Екіншіден, қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ мемлекеттік және әскери объектілерді, тіршілік қарекетін қамтамасыз ететін объектілерді, көлік және коммуникация қызметін, адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға жоғары қауіп төндіретін объектілерді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Республикалық объектілер бойынша тізімге сәйкес анықталатын объектілерін, коммуналдық объектілер бойынша – жергілікті атқару органдарын күшейту.

Үшіншіден, бұл халықты, шаруашылықпен айналысатын, әлеуметтік және мәдени ұйғарымдағы объектілерді эвакуациялау, сондай-ақ тұруға қауіпті аудандардағы азаматтар мен басқа да тұлғалардың орнын басқа аудандарға уақытша ауыстыру, оларға тұрақты тұру және орналасу үшін тұрғын үй немесе тұрғын үй емес ғимараттарға міндетті түрде көшіру.

Төртіншіден, бұл ұйымдарды, азаматтар мен басқа да тұлғаларды қорғаныс сипатындағы жұмысты орындауға тарту, қарсыластың қолданған қаруларының салдарын жою, зақымданған, құлаған объектілерді, халықты тіршілікпен қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіру, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күресуге қатысу;

Бесіншіден, бұл соғыс жағдайы енгізілген орындарда тұруға және келуге шектеу және тиым салу, сондай-ақ жиналыстарды, митингілер мен демонстрацияларды, шерулер мен тосқауылдарға тұруды шектеу немесе тиым салу.

Алтыншыдан, коменданттық сағат орнату және мемлекеттік органдар мен әскери басқару органдарына азаматтар мен басқа да тұлғалардың құжаттарын тексеруге, оларға жеке тексеру



жүргізуге, киімдерді тексеруге, тұрғын үйлер мен көлікті тексеруге, сондай-ақ азаматтар мен басқа да тұлғаларды және көліктерді ұстап қалуға құқық беру.

Сондай-ақ соғыс жағдайы кезіндегі тіршілікпен қамтамасыз етудің құқықтық аспектілері Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 17 маусымдағы «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңында анықталған. Осы заңнамалық актіде келесідей негізгі түсініктерге анықтама берілген:

**соғыс жағдайы** – мемлекеттер арасындағы соғыс жарияланған (соғыс қимылдары нақты басталған) кезден бастап ол аяқталғанға (нақты тоқтатылғанға) дейінгі қарым-қатынастар;

**соғыс қатері** – орын алған қайшылықтарды әскери-күш қолдану әдістерімен шешуге, Қазақстан Республикасына қарсы соғыс қақтығысын (соғысты) бастауға нақты қалыптасқан ниет;

**соғыс қауіпі** – саяси және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасына қарсы әскери күш көрсету құралдарын қолдану мүмкіндігін көздейтін тұрақсыздық факторы;

**соғыс қимылдары** – агрессияға тойтарыс беру кезінде алға қойылған жауынгерлік міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің барлық түрі қолданылатын стратегиялық ауқымдағы (ұрыс қимылдарын қоса алғанда) іс-қимылдар кешені;

**соғыс уақыты** – соғыс жағдайы жарияланған немесе соғыс қимылдары іс жүзінде басталған кезден бастап соғыс қимылдарының тоқтатылғаны туралы жарияланған кезге дейінгі, бірақ олардың іс жүзінде тоқтатылуынан бұрынғы кезең.

#### **Төтенше жағдайлар режиміндегі азаматтық қорғаудың құқықтық аспектілері**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі № 387 бұйрығында төтенше жағдай демократиялық институттар, тәуелсіздік және аумақтық тұтастық, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығы, оның азаматтарының қауіпсіздігіне салмақты және тікелей қауіп төніп тұрса және мемлекеттің конституциялық органдарының жұмысы қалыпты жағдайдан бұзылған кезде енгізіледі.

◆ Табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына, ТЖ органдарына хабарлау.

◆ Мамандар келгенше күдікті құралды бақылауға алу және қауіпті аймақтың күзетін қамтамасыз ету.

◆ Жарылыс құрылғысына ұқсайтын заттың сыртқы түрін түсіндіру.

◆ Бұдан әрі құқық қорғау органдары өкілдерінің нұсқауы бойынша әрекет ету.

◆ Қауіпті аймаққа жататын аумақтағы адамдарды көшіруді ұйымдастыруға көмектесу.

◆ Күдікті құралдың орналасқан орнын, уақытын және қандай жағдайда табылғанын көрсету.

◆ Объекті қызметкерлеріне бөгде адамдардан қандай да бір заттар мен киімдерді қабылдамаулары туралы нұсқау беру.

#### **Телефон арқылы қауіп төнген кездегі іс-әрекет:**

◆ Әрбір келіп түскен телефон қоңырауына мұқият болу;

◆ Телефон арқылы алынған ақпаратты құқық қорғау органдары мен ұйым басшысына дереу жеткізуді қамтамасыз ету.

◆ Қажет болған жағдайда көшіру жоспарына сәйкес адамдарды да көшіру.

◆ Жедел-тергеу топтарының, кинологтардың және т.б. жұмыстарын кедергісіз қамтамасыз ету.



#### **Кепілдікке алған кезде:**

◆ болған жағдай туралы жылдам арада ұйымның басшысына және қажетті инстанцияға хабарлау.

◆ өз ықтиярыңызбен террористермен келіссөзге шықпау.

◆ қажет болған жағдайда, егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтірмейтін болса, террористерге қайшы



қылмыскерлер оларға қарулы қарсылық көрсетті. Атысу кезінде полицияның үш қызметкері оқ тиіп жарақаттанды, ал қысмыскерлер патрульдің автосын басып алды. Осы дүкеннен қылмыскерлер қару-жарақ алып кетті. «Паллада» қару-жарақ дүкеніне шабуыл жасаған соң бір сағаттан кейін, қылмыскерлер екі топқа бөлінді. Патрульдің автосын алып кеткен қылмыскердің бір тобы басқа қару-жарақ дүкені «Пантераға» шабуыл жасады. Ол дүкенде екі келушіге пышақ салды, оның біреуі қайтыс болды, ал екіншісі жараланды. Дүкенге келген полициялармен атыс болды, сол жерде олардың біреуі жараланып қолға түсті, екі қылмыскер қашып кетті. Олар кейінірек қала шегінде ұсталып, жойылды.

Қылмыскерлердің екінші тобы автобусты басып алып, жолаушыларды түсіріп кетті. Екінші басып алған автобустағы қылмыскерлер Ұлттық Ұланның 6655 ә/б қақпасын ашып, әскери бөлімнің аумағына кірді, ол жерде әскери нарядпен және келген қылмыскерлермен атыс болды.

Атыс барысында бір қылмыскердің көзі жойылды, ал екіншісі жарақаттанды. Ұлттық Ұланның үш адамы қаза болды, алты адамы жарақаттанды.

Террористік актілердің салдарын жою мәселесі ҚР ИМ ТЖК-не де қатысты. Әрине, бұл мәселені шешу үшін жою жұмыстарына қатыстырылатын күштердің атқаратын іс-қимылдар жоспарын әзірлеу бойынша жалпы бағыттарды келісіп алу керек, олар үшін дайындықтың және атқарылатын қимылдардың тәртібінің бірегей дәрежесін орнату қажет.

Дегенмен ИМ мен ҰҚК – нің күшіне сене беруге болмайды. Қауіпсіздік көп жағдайда өзімізге байланысты. Полиция көмектесе алады, алдын алуға бірлесіп қол ұшын береді, бірақ әрқайсысымыздың жанымызда жүре алмайды.

Біздің қырағылығымыздың нашарлауы – террористердің басты арманы.

#### ***Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кездегі іс-әрекет:***

- ♦ Жақындамау, тиіспеу, орнынан қозғамау.
- ♦ Радио байланыс құралын пайдалануды тоқтату.
- ♦ Табылған заттың уақыты мен орнын анықтау.

#### **Төтенше жағдайларды енгізу негіздері және шарттары**

1. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыптасқан жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

2. Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, осы баптың 1-тармағының талаптары сақталған жағдайда:



1) шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып, билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттерден; жаппай тәртіпсіздіктерден, ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құрылымдарды дайындаудан және олардың әрекетінен; қарулы бүліктен; диверсиядан; қарулы қақтығысты күштеп таңу мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттерден туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар мен індеттер, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қауіпі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін

электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Дүлей зілзаланың немесе кең көлемді аварияның (апаттың) нақты қауіпі де төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

### **Төтенше жағдайды енгізу тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдайды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Қазақстан Республикасының Президенті тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

2. Төтенше жағдай қалыптасқан жағдайды өзге шаралар қолданумен реттеу мүмкін болмаған жағдайда енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми баспа басылымдарында дереу жариялануға тиіс және барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

### **Төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі**

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі - 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс.

2. Төтенше жағдай енгізілген мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі.

қатынас құралдарының дамуы, бірден террористік ісімен айналысатындардың жұмыс жүргізуін өсіріп жіберді. Кез-келген мемлекеттің астанасына таймері бар жарылғышты қояды да, лаңкес қауіпті жерден жүз тіпті мың шақырым жерде болады.

Біздің заманымыздағы террористікке ең жоғарғы техникалық деңгеймен қамтамасыз етіліп, дайын тұрған барлық күштер тән. Лаңкестер өздерінің

қылмыстық мақсаттарына жаңа ғылыми–техникалық жетістіктерді қолдануға тырысады.

Жаппай зақымдау құралдарын қолдану мүмкіндігі, ерекше қауіп туғызады. Бүгінгі күнде ядролық, химиялық, радиобелсенді, электромагнитті, биологиялық және басқа

да қару түрлеріне қол жеткізу қиын емес. Мысалы: террористер 1995 жылғы 20 наурызда Токиода зарин – жүйкені салдандыру газын пайдаланған. Нәтижесінде 8 адам қаза болып және 5000 адам осы улы газбен уланған.

Террористік актілердің зардабы тек бөлек жарылыстар мен авариялар ғана емес, ірі масштабты апаттар болуы мүмкін.

11.09.2001 жылы Америкада болған, Ресейде сескендіретін мезгіл-мезгіл болып жатқан жағдай, бізде болуы да мүмкін еді. 2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбеде Террористік акт болды, нәтижесінде ондаған адам қаза болды. Қазақстанда – терроризм актісінің «сары» деңгейі орын алды. Сағат 14:28-де (Ақтөбе уақыты) діни радикалдар тобы қару-жаракты иелену үшін «Паллада» қару-жарак дүкеніне шабуыл жасады. Дүкен сатушысы дабыл баспасын басып үлгіреді, қылмыскерлер көп пышақ салғандықтан, ол сол орнында қайтыс болды.

Дабыл бойынша бірінші болып келген «Жедел Күзет» ЖШС екі қызметкері, оның біреуін сол жерде өлтірді, ал екіншісі оқтан жаракат алды.

«Паллада» қару-жарак дүкеніне полиция наряды келді,



Әсер ету масштабына қарай террористік ішкі (субъектілер – сол елдің азаматтары мен ұйымдары, актілердің зардабы сол елдің шекарасынан шықпайды) және халықаралық (бір мемлекеттің шекарасынан шығып кететін террористік қимыл) болып бөлінеді.

Өзінің табиғатына қарай террористіктің көздері саяси, діни (соның ішінде сектанттық), қылмыстық және жеке тұлғалық сипатында болады.

*Террористік* - өзінің бірбеткейлік құлшынысында кейбір заттарға келіспей, күштілерді және ұлыларды төмендетіп түбегейлі арандататын кек алу түрі. Ал ол қандай киімде болады: сәлдедегі, мәйкідегі, ғаламға қарсылар – бұл тек камуфляж ғана одан басқа ештеңе емес.

Қ а р а п а й ы м  
әскери әдістермен  
х а л ы қ а р а л ы қ  
террористікті жеңе  
алмаймыз, себебі  
террористікті бастап  
отырған адам әрдайым  
өзінің қатарына  
қарапайым адамдарды  
алады.



Террористіктің басқарып отырған адам «кішкентай» адамның мінез-құлқын жақсы біледі. Олар оның барлық санасын шындыққа және соған ұқсас нәрсенің күрескері сияқты керемет бір оймен толтырып қояды, қолына қару-жарақ, жарлығыш зат, пышақ беріп, «Боингке» отырғызып, өзі сияқтылардың өмірін қиюға жібереді. АҚШ-тың Бүкіл дүние жүзілік сауда орталығы мұнарасында ақ, қара, сары, христиан, мұсылман, иудей сияқты көптеген нәсілдер мен халықтардың өкілдері қаза тапты.

Тарихқа терең үңілетін болсақ, ежелден адамзат арасында, билік адам баласына материалдық игіліктер алып келіп, моральдық, адамгершілік түсінігі жоқ кейбір адамдар кек ала бастаған кезден – ақ террористік бар.

XX ғасырда ол шегі жоқ апатқа айналды, оған дүние жүзендегі ғылыми – техникалық прогресс пен кейбір діни экстрималдық ағымдардың билікке таласуы әсер етті. Көлік және халықаралық

3. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

Көптеген заңнамалық актілерден, регламенттерден және нормативтік сипаттағы ережелерден Азаматтық қорғау саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық базасы. Әрбір заңнамалық актісі белгілі бір дәрежеде оның тіршілік еткен ортасында адам өмірінің заңнамалық аспектілеріне әсер етеді. Аталған Оқу құралының әрбір параграфы мен бөлімінен сіз азаматтық қорғау саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілерге сілтеме табасыз.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Азаматтық қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің негізгі түрлері?
2. Азаматтық қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары және міндеттері?
3. Қазақстан Республикасын әскери қауіп-қатерге келтіруі мүмкін негізгі шаралар?
4. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларға не жатады?
5. Төтенше жағдайларды енгізу тәртібі және әрекет ету мерзімі?

## Тақырып: АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары кәсіби және ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары (бұдан әрі АҚЖ Қ) болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтық қорғау саласында шұғыл медициналық және психологиялық көмек, өртке қарсы-құтқару, жедел-құтқару, суда-құтқару, авиациялық-құтқару қызметтерін, әскерилендірілген және өзге де мамандандырылған кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын құрады.



Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары уәкілетті органдардың келісімі бойынша объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын құруға құқылы.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары ғимараттар мен құрылыстардың мамандандырылған кешенінде орналастырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарақтандырылады.

Ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын жеке, заңды тұлғалар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар құрады және олар арнайы техникамен, жабдықпен, жарақпен, керек-жарақпен және құралдармен жарақтандырылады.



объектілер, террористік қауіптілік қатері төнген көлік объектілері, оны жою бойынша құзыретті мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралар, дағдарысты жағдайлардағы азаматтық тұрғындардың іс-қимылдары туралы халықты хабардар етуді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен, жергілікті атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметімен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдары және телекоммуникация желілері арқылы, атап айтқанда:

- телерадиохабар желілері, интернетресурстар, ұялы байланыс, мерзімдік баспасөз басылмалары.

Террористік қауіп деңгейі туралы ақпараттар сондай-ақ сырттай (көзбен көретін) болуы мүмкін және плакаттар, қабырға тақталар, түсті табло, билбордтар, транспаранттар түрінде адамдар көп жиналатын жерлерде болады.

Террористік қауіп деңгейі туралы сырттай (көзбен көретін) ақпараттарды орналастыру бойынша шараларды жергілікті атқару органдары жергілікті бюджет есебінен жүргізеді.

Террористік қауіптің белгіленген деңгейіне сәйкес, қызметті ұйымдастыруға әрекет ететін мемлекеттік органдар, республикалық, облыстық, республикалық маңызы қалалар, астаналар, аудандар (облыстық маңызы қалалар) терроризммен күрес бойынша жедел штабтар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қатысады, өз құзіретіне сәйкес, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар.

Террористік қауіп деңгейін белгілеу, өзгерту немесе болдырмау туралы шешімді, сондай-ақ ол белгіленетін шекте 1 террористік қауіп деңгейін, аумақтардың шекараларын белгілейтін мерзім туралы ақпараттар бұқаралық ақпараттар арқылы жылдам арада жариялауға жатады.





Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;  
Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі;

жергілікті атқарушы органдар;

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі;

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті;

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі кіреді.

Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында немесе өңірлері мен елді мекендерінің аумақтарында террористік қауіптіліктің мынадай деңгейлері:



- бірқалыпты («сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы растауды талап ететін ақпарат болған кезде;

- жоғары («қызыл сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде;

- шекті («қызыл») – жасалған терроризм актісі туралы ақпарат, сондай-ақ терроризм актісін (актілерін) қайталап жасау немесе террористік тұрғыдан осал объектілерге бір мезгілде террористік шабуылдар жасау мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде белгіленуі мүмкін.

Егер қабылданған шаралардың нәтижесінде террористік қауіптіліктің қатері жойылса, онда террористік қауіптілік деңгейі алып тастауға жатады.

Террористік қауіптіліктің деңгейін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау және ол белгіленетін мерзім, сондай-ақ шегінде ол белгіленетін аумақтың шекаралары, террористік тұрғыдан осал

## Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын тіркеу

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу құқығына берілген куәлік негізінде міндетті тіркелуге жатады.

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары қызметтерін, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті үйлестіруді ТЖК жүзеге асырады.



Қазақстан Республикасы аумағындағы авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары қызметтерін, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті үйлестіру мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) төтенше жағдайларды жоюға арналған қажетті күш пен құралдарды жедел тарту;

2) авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары және өртке қарсы қызметі арасындағы өзара әрекеттестікті әзірлеу.

## Авариялық-құтқару қызметтерін және құрылымдарын, құтқарушыларын дайындау

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қабілетті, авариялық-құтқару қызметтерінің және құрылымдарының білікті құтқарушыларын дайындау, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде туындайтын аварияларды жою мақсатында ҚР ІІМ 2015 жылғы 16 наурызда № 235 бұйрығымен құтқарушыларды дайындау Бағдарламасы бекітілді.

Авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдары құтқарушыларын дайындау Бағдарламасының тақырыбына келесі бағыттар кіреді:

- төтенше жағдайлардағы авариялық-құтқару жұмысын енгізудің негіздері;

- медициналық дайындық;

- психологиялық дайындық;

- өртке қарсы дайындық.

### Авариялық-құтқару қызметтерінің және құрылымдарының, құтқарушыларының есебі және аттестаттау

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері, кәсіптік және ерікті авариялық-құтқару құрылымдары (бұдан әрі - АҚК) және құтқарушылар аттестаттауға жатады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға тартылған АҚК және құтқарушыларды аттестаттау:

1) олардың авариялық-құтқару жұмыстарын орындау даярлығының дәрежесін;

2) тиісті техниканың, мүліктің және жабдықтардың болуы және жай-күйін;

3) құтқарушылардың кәсіби дағдысына, медициналық даярлығына, дене, психологиялық және моральдық дайындығына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

2-1. АҚК аттестаттау авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті анықтау мақсатында өткізіледі.

АҚК және құтқарушылар бастапқы, қайталама, мерзімді және кезектен тыс аттестаттауға жатады:

1) бастапқы аттестаттауға жаңадан құрылған АҚК, сондай-ақ құтқарушы болуға тілек білдірген азаматтар жатады;

2) АҚК мен құтқарушылардың қызметін жаңғырту үшін, өткен аттестаттауда анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін, қайталама аттестаттау жүргізіледі;

3) АҚК мен құтқарушыларды мерзімді аттестаттау оларды аттестаттау мерзімі өткен соң, бірақ, кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі;

4) АҚК мен құтқарушыларды кезектен тыс аттестаттау олардың орындайтын авариялық-құтқару жұмыстарының түрі өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Аттестаттауды белгіленген заң тәртібімен құрылған Аттестаттаулық комиссия өткізеді:



Осы Қағидалар терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің тәртібін белгілейді.

Бұл Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) **терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингі** – республиканың түрлі өңірлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелерінде терроризм актісінің (актілерінің) жасалу салдарынан немесе жасалу қауіпі салдарынан туындайтын дағдарысты ахуалдар белгілерін анықтау мақсатында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан, бұқаралық ақпарат құралдары мен ашық және жабық сипаттағы басқа да дереккөздерден уәкілетті мемлекеттік органдардың ахуалдық орталықтарына, басқару пункттеріне, кезекші және диспетчерлік қызметтеріне тұрақты негізде келіп түсетін, елде және шетелде болып жатқан оқиғаларға қатысты ақпаратты жүйелі түрде жинау және өңдеу;

2) **дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі (актілері) туралы анық ақпарат** (нақты деректер) – дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі (актілері) туралы объективті шындыққа (фактілерге) сәйкес келетін деректер.

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің құрамына:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы);

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

## Тақырып: ТЕРРОРИСТІК АКТ БОЛҒАН КЕЗДЕГІ ХАЛЫҚ ПЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ІС ӘРЕКЕТІ

Соңғы жылдары құқық қорғау органдарының жұмыс бағытының бір түрі, ішкі және халықаралық террористік болып анықталатын жаңа кертартпа күшпен күресу болып отыр.

Террористік латынның «terra» деген сөзінен шыққан, аударғанда қорқыныш, зәресі ұшу деген мағынаны береді. Расында, оның кез-келген бағыты, бастапқыда қорқыту, содан кейін өзінің қылмыскерлік мақсаттарына жету.



Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 13 шілдесіндегі «Террористікке қарсы күрес туралы» Заңы біздің республикамыздағы террористікпен күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, меншіктің қай түріне жататынына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ террористікпен күресті жүзеге асыруға байланысты азаматтардың міндеттері мен кепілдіктерін анықтайды.

**Террористік** – мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін және басқа да террористік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын әрекет.

**Террористік акт** – адамның өміріне қауіп тудыратын қастандық, жарылыс, кепілдікке алу, өртеу немесе басқа да іс-қимылдарды жасау, маңызды мүліктік шығындарға ұшырату немесе басқа да қоғамға қауіпті салдардың пайда болуы, егер бұл әрекеттер террористіктің мақсатына жету үшін істелсе, сондай – ақ белгіленген іс-әрекеттердің сол мақсатта жасалу қауіпі болса, террористік акт болып саналады.

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу қағидалары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығымен бекітілген

1) өзі жұмыс істейтін құтқару бөлімшесінің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өздерінің ведомстволық бағыныстағы және ведомстводан тыс авариялық-құтқару қызметін, құрамаларын аттестаттау және құтқарушыларға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) шешімімен «Халықаралық кластағы құтқарушы» біліктілік класын беру;

2) ведомстволық авариялық-құтқару қызметін және құрылымдарды аттестаттау үшін Уәкілетті органның, министрліктің, агенттіктің, жергілікті атқарушы органның бірлескен шешімімен өтеді;



3) құтқарушыларды аттестаттауды авариялық-құтқару қызметі, құрылымдары бастықтарының шешімімен құрылған аттестаттау комиссиялары жүргізеді.

АҚҚ мен құтқарушыларды аттестаттауды АҚҚ басшылары мен құрылтайшыларының ұсынған материалдарының негізінде аттестаттау комиссиясы жүргізеді. Қаралған материалдардың және жүргізілген тексерулердің негізінде АҚҚ, құтқарушылардың мақсатқа сай жұмыстарын орындау мүмкіндігі туралы қорытындысымен аттестаттау актісі жасалынады. Аттестаттау актісінің мазмұны құрылтайшылар мен АҚҚ басшыларына жеткізіледі.

АҚҚ басшысы, құтқарушы аттестаттау комиссиясының қорытындысымен келіспесе, оған Уәкілетті органға және одан әрі сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

Аттестатталған АҚҚ-на Уәкілетті органға: іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстарды және өзге де авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына белгіленген үлгідегі куәлік береді.

Аттестаттаудан өтпеген АҚҚ-ы алдыңғы аттестаттау өткізілгеннен кейін 1 айдан кешіктірілмей аттестаттаудан қайта өте алады. Қайталау аттестаттау теріс нәтиже берген жағдайда олармен жасалған шарт бұзылады.

Мерзімді және кезектен тыс аттестаттаудан өтпеген құтқарушылар алдыңғы аттестаттау өткізілгеннен кейін 1 айдан кешіктірілмей аттестаттаудан қайта өте алады.

***БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:***

1. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары қандай түрлерге бөлінеді?
2. АҚҚ ж Қ аттестаттау қандай мақсатта өткізіледі?
3. ҚР Үкіметі қандай авариялық-құтқару қызметі мен құрылымын құрады?
4. Қауіпті өндірістік объектілерін эксплуатациялайтын ұйымдардың басшылары объектілі кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрылымын құра ала ма?
5. АҚҚ және құтқарушыларды аттестаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қандай органға жүктеледі?

***БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:***

1. Қандай белгілері бойынша қауіпті өндірістік объектіге жатады?
2. Қауіпті заттарға не жатады?
3. ҚӨО-де авария болған кезде авариялық-құтқару жұмысын жүргізудің тәртібі қандай?
4. «Баршаның назарына!» дабылы қандай тәсілмен беріледі?
5. ХҚО авариялар туындаған кезде халық қалай әрекет етуі тиіс?



(санитарлық жасақтардың, посттардың және т.б.) көмек жасауы жолымен көрсетіледі.

6. Халықты санитарлық өңдеу және техниканы арнайы өңдеу.

**ҚӨО авария тараудың есепті ауданында тұратын халыққа ұсыныстар**

1. УЗ әлеуетті қауіпімен және айырмашылық белгілерімен танысу.

2. Авария туралы «Баршаның назарына!» (сиренаның сарнауы және кәсіпорынның үздік-үздік күдігі) халыққа хабарландыру дабылының сипаттық ерекшелігін есте сақтау;

3. ӨҚО қайда екенін анықтау;

4. Оны алу кезіндегі әрекет тәртібін, ғимаратты герметизациялау ережелерін анықтау, суды және азық-түлікті қорғау. Өзің және отбасы мүшелерің үшін мақта-дәкі тартқышын дайындау және қол жетімді жерге қою, сондай-ақ химиялық қауіпті объектіде авария кезінде халықтың не істеу керектігі туралы жарнамаларды соларға қосып сақтау.

5. Мүмкіндікке қарай УЗ-ның тиісті түрлерінен қорғайтын газқағарларды сатып алу.

**Химиялық авариялар кезіндегі халыққа ұсыныстар**

1. Радиодан (телевидениеден) хабарландыру дабылын естігеннен кейін газқағарларды кию. «Баршаның назарына!» дабылы кезінде авария және не істеу керектігі туралы нақты ұсыныстарды алу үшін радиоқабылдағышты және теледидарды қосу.

2. Терезелерді және желкөздерді жабу, жалпы өшірудің көмегімен тұрмыстық және электржылытқыштарды (газдар және булардың жарылыс қауіпі болуы мүмкін) пештердегі отты сөндіру, өшіру.

3. Рәзіңке етік, желбегей кию керек, қажетті жылы киімдер мен құжаттарды алу, бұзылмайтын азық-түліктен үш күндік қор алу, көршілерді хабарландыру және жылдам және ешқандай дүрбелеңсіз шығып, зақымдануы ықтимал аймақтан ары қарай не істеу керектігі туралы бұйрық алғанға дейін бұрынғы орыннан 1,5 метрден кем емес қашықтыққа желге қарсы жүру керек.

## **Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңына сәйкес, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға бағытталған шаралар жалпы мемлекеттік болып саналады және бірыңғай кешенді құрайды. Яғни, осы барлық үш шаралардың барлығын бір жүйеге – **азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне** біріккен уәкілетті орган, орталық және жергілікті органдар мемлекеттің қамқорлығымен ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі өз қызметін **5 негізгі қағида** бойынша ұйымдастырады және жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) аумақтық-салалық қағидат бойынша азаматтық қорғау жүйесін ұйымдастыру;

2) төтенше жағдайлардан азаматтар мен қоғамға төнген қатерді және нұқсанды барынша азайту;

3) азаматтық қорғау күштері мен құралдарының төтенше жағдайларға жедел ден қоюға, азаматтық қорғанысқа және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге ұдайы әзірлігі;

4) жариялылық және халық пен ұйымдарға болжанып отырған және туындаған төтенше жағдайлар, олардың салдарларын жоюды қоса алғанда, олардың алдын алу және жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабар беру;

5) авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезіндегі ақталған тәуекел және қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ИМ 2015 жылғы 24 ақпандағы «Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі қызметтері және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» № 149 бұйрығына сәйкес, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі - АҚМЖ) бұл Қазақстан Республикасы аумақтарын, объектілерін және халықты төтенше жағдайлар және әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстардың

салдарларынан туындайтын қауіп-қатерден қорғау жөніндегі шаралардың жалпы мемлекеттік кешенін жүзеге асыру үшін арналған басқару органдарының, азаматтық қорғау күштері мен құралдарының жиынтығы.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың, ұлтаралық қақтығыстардың, діни экстремизмнің және терроризмнің алдын алу АҚМЖ күйретіне кірмейді.

#### **АҚМЖ 11 негізгі міндеттерді орындау үшін тағайындалған:**

1) Төтенше жағдайлардың және олардың салдарларының алдын алу және жою;

2) бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде, авариялық-құтқару және басқа шұғыл жұмыстар жүргізу жолымен адамдарды құтқару және көшіру;

3) азаматтық қорғау күштерін құру, оларды дайындау және үнемі дайындықта ұстау;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын дайындау және халықты оқыту;

5) қорғаныс құрылыстарының қажетті қорларын, жеке қорғаныс құралдары запастарын және азаматтық қорғаныстың басқа да мүліктерін жинау және дайындықта ұстау;

6) төтенше жағдайлардың туындау қауіпі туралы нақты болжам алынса және (немесе) жедел төтенше жағдайлар туындау кезінде азаматтық қорғау басқармасы органдары, халықты алдын-ала хабарландыру және ақпараттандыру;

7) азық-түлік, су көздерін (шаруашылық және ауыз суы мақсатына арналған су қоймасы орны), азық-түлік шикізатын, жем-шөпті, малды және өсімдіктерді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зақымданудан, эпизоотиядан және эпифитотиядан қорғау;

8) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) хабарландыру және байланыс жүйелерін құру, дамыту және үнемі дайындықта ұстау;

10) қазіргі заманғы соққы беретін қарулардың әсерін төмендету бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, мониторингті ұйымдастыру;

#### ***ҚӨӨ-де авариялар туындау және жою кезінде жүргізілетін шаралар.***

1. Химиялық жағдайлардың экспресс-бағасын (авариялардың сипатын, УЗ мөлшерін, авария кезіндегі метеомәліметтерді, жағдайды дамыту болжамын) жүргізеді;

2. Басшыларды, объекті персоналдарын, халықты хабарландырудың жергілікті желісі бойынша хабарландырады;

3. Аварияларды жоюға шұғыл шаралар қолданады;

4. Зақымдануы ықтимал аудандарда азаматтық қорғаудың аумақтық басқару органдарын қауіп туралы ақпараттандырады.

*Халықты толық санитарлық өңдеуден өткізуге киімдерді, аяқ киімдерді, қорғаныс құралдарын газсыздандыру кіреді.*

1. Химиялық жағдайларға (авариялардың сипаттары, УЗ мөлшері, авария болған кездегі метеомәліметтер, жағдайдың барысын болжау) шұғыл-бағалау жүргізіледі;

2. Хабарландырудың жергілікті жүйесі бойынша халықты, объекті персоналын, басшыларды хабарлайды;

3. Аварияны жою бойынша шұғыл шаралар қолданады;

4. Зақымдануы ықтимал аудандардағы азаматтық қорғау басқармасының аумақтық органдарын қауіпсіздік туралы ақпараттандырады.



#### ***Авариялық-құтқару жұмыстары***

1. УЗ зақымдану аймағында зардап шеккен адамдарды іздестіру.

2. Ашық аумақта зақымданғандарға көмек көрсету.

3. Ғимараттарда және панаханаларда тығылған адамдарды газқағарлармен қамтамасыз ету.

4. Зақымдану ошағынан халықты көшіруді ұйымдастыру.

5. Алғашқы дәрігерлік көмек зақымданған жерде өзіне өзі, өзара көмек және азаматтық қорғау медициналық қызметкердің

***Химиялық қауіпті авариялар кезінде халықты және қызметкерлерді, жұмысшыларды қорғаудың негізгі шаралары***

- химиялық қауіпті авариялар туралы хабарландыру;
- уақытша эвакуациялау және адамдарды тығу;
- химиялық ластану аудандарында халықты араластыру және рұқсатты шектеу;
- авария кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек;
- жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;
- химиялық қорғау режимдерін анықтау және қадағалау;
- адамдарды санитарлық тазалаудан өткізу, аумақты, көлікті, техниканы және мүлікті газсыздандыру.

***ҚӘУЗ –дан халықты қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру***



ҚӨО-дегі персоналды және халықты авария кезінде қорғау, ТЖ-ның аталған түрлеріне жоспарлаудың жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспарлау кезінде негізгі назар келесілерге аударылады:

1. Халықты панаханаларға, РҚО-ға жасыру, халықты көшіру, ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету;
2. аварияны жою құралдары мен күштерін құру және тұрақты дайындықта ұстау;
3. Хабарландырудың жедел жергілікті жүйесі;
4. химиялық зақымданумен байланысты, ТЖ-дағы әрекетке халықты дайындау.

***ҚӨО-де авариялар пайда болған және оны жою кезінде өткізілетін шаралар***

ҚӨО-дегі авариялар кезінде ҚӨО-да тікелей жүргізілетін, аварияларды жоятын жердегі және зақымдануы мүмкін аудандарда, аталған ТЖ салдарларын жою жүргізілетін жердегі, халықты қорғау жөніндегі шаралардың белгілі бір ерекшелігі болады. Шараларды ҚӨО азаматтық қорғау органдары және басшылары жүргізеді.

11) мемлекеттік резервті пайдалануды және сақтауды, қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі әкімшілік-аумақтық бөліктер звеноларынан тұрады.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне басшылықты аумақтық деңгейде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері жүзеге асырады, сонымен қатар азаматтық қорғау басқару органдарына аумақтық деңгейде жататындар:

- жергілікті атқарушы органдар;
- уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;
- салалық шағын жүйелерде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аумақтық бөлімшелері (Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңының 4-бабының 4-тармағының 3-тармақшасы).

АҚМЖ аумақтық шағын жүйелерінің құрылымы қызмет көрсетудің әр түрлі режимдерінде тапсырмаларды орындау және қызметтерді ұйымдастыру тәртібін, объектілі және жергілікті төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік органдардың өзара әрекет ету тәртібін, АҚМЖ аумақтық шағын жүйелері ережелерін бекітетін әкімдердің шешімдерімен анықталады. Аталған ережелер АҚ саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

### Объектілі деңгейдегі АҚМЖ шамамен құрылымы:



Әрбір аумақтық шағын жүйе ведомствоға жататын аумақта азаматтық қорғауды жүргізу және ұйымдастыру үшін арналған және оған келесілер кіреді:

- облыстардағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия (республикалық маңызды қалалар, астаналар) және аудандар (областық маңызды қалалар):
- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері:

### Тақырып: ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДЕ АВАРИЯЛАР БОЛҒАН КЕЗДЕ ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңының 70-бабына сәйкес, егер ұйым өзінің қызметінде қауіпті заттарды өндірумен, пайдаланумен, қайта өңдеумен, сақтаумен және тасымалдаумен, жоюмен айналысатын болса, онда ондай ұйым қауіпті өндірістік объектілер қатарына жатады. Ал қауіпті заттарға:



- иондаушы сәулелену көздері;

- жылдам тұтанатын, жарылатын және жанатын заттар;
- тотықтырғыш және уландыратын заттар, сондай-ақ қатты әсер ететін улы заттардың барлық түрлері (бұдан әрі – ҚӘУЗ) .

Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың ойламаған жерден және кенеттен болатыны (бұдан әрі – ҚӨО), зақамыданған бұлттың жылдам қалыптасып тез тарайтындығы, қорғанудың жедел шараларын қабылдауды талап етеді. Осыған байланысты халықты ҚӘУЗ-ден қорғау, мүмкіндікке қарай алдын ала ұйымдастырылады, ал авария туындай қалған жағдайда ең қысқа мерзімде өткізіледі.

ҚӨО авариялардың салдарларынан, зиянды әсерлерден туындағын қауіпті өндірістік факторлар, көліктен және басқа авариялардан, өрттен (жарылыстардан), қатты әсер ететін улы заттардың төгілуінен (төгілу қауіпінен), радиоактивті және биологиялық қауіпті заттардан, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен қирауынан, плотиналардың жарылуынан, тазалау құрылыстары, тіршілікті қамтамасыз ететін электр энергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі авариялар, орын алған авариялардан негізінен техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындайды.

құрылымдарының жеке құрамы газқағар және теріні арнайы қорғау құралдарын киеді. Азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құраммен жұмысының бір аусымы жеке қорғаныс құралдарында рұқсат етілген үзіліссіз болу ақытына байланысты.

Жұмыс тез жүргізіледі және зақымданғандарға газқағар кигізу, химиялық зақымдану ошағында алғашқы медициналық көмек көрсету, антидот енгізу, зақымданғандарды эвакуациялау кіреді.

АҚ медициналық және басқа құрылымдарының әрекет етуін қамтамасыз ету, сондай-ақ химиялық зақымдану ошағынан халықты шығару үшін залалсыздандыру құрылымы жүретін жолдар мен өтетін жерлерді газсыздандырады, содан кейін аумаққа, құрылысқа және техникаларға толық газсыздандыруды жүргізеді. Газсыздандыру аяқталғаннан кейін жеке құрам толық санитарлық тазалаудан өткізіледі.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Жер сілкінісінің алғашқы және қайталама қауіпті факторларына не жатады?
2. Жер сілкінісі ошағында АҚ ж ШЖ қандай тәртіпте жүргізіледі?
3. Зардап шегушілерді іздестірудің қандай негізі тәсілдері бар?
4. Зардап шегушілерді қоршаудан шығарудың қандай негізі тәсілдері бар?
5. Газсыздандыру дегеніміз не?

- күнделікті басқару органдары (бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет «112», кезекші-диспетчерлік қызмет);

- аталған аумақтағы салалық шағын жүйелердің күштері мен құралдары, соның ішінде қаржылық, азық-түлік, медициналық және материалды-техникалық ресурстар, байланыс жүйелері, хабарландыру, ақпараттық қамтамасыз ету.

Жағдайға байланысты жүйелердің қызмет істеуінің үш режимі ерекшеленеді:

- *«күнделікті қызметтер»* - ТЖ туындау қауіп-қатері болмаған кезде;

- *«жоғары дайындықтар»* - ТЖ туындау қауіп-қатері кезінде;

- *«төтенше жағдайлар»* - ТЖ туындауы кезінде.

Жағдайға байланысты АҚМЖ шағын бір мезгілде әр түрлі режимдерде қызмет істейі мүмкін. АҚМЖ сол не басқа қызмет режимін енгізу туралы шешімді (*«күнделікті қызметті» қоспағанда*), оның шағын жүйелерін және звеноларын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның ведомствосының басшылары, әр түрлі деңгейдегі АҚМЖ басшы органдары аумақтық бөлімшелермен бірлесе отырып (облыстардың департаменттерімен (республикалық маңызды қалалар, астаналар), областық маңызды қалалар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық бөлімдері) нақты жағдайларды ескере отырып қабылдайды.

АҚМЖ басты және артықшылық міндеттерінің бірі – *төтенше жағдайлардың алдын алу* болып табылады, бұл – алдын ала өткізілетін және төтенше жағдайлардың пайда болу тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, олар туындай қалған жағдайда материалдық шығындар мөлшерін азайтуға бағытталған шаралар кешені. ТЖ алдын алу үшін жергілікті жерде жағдайды қадағалау және бақылау мен болжамдау қызметі құрылады, олар келесілерден тұрады:

- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының кезекші-диспетчерлік қызметі;

- орталық және жергілікті атқару органдарының кезекші қызметі;

- әлеуетті қауіпті объектілердің кезекші-диспетчерлік қызметі;

- радиациялық және ядролық қауіпсіздік үшін мнемлекеттік қадағалауларды жүзеге асыратын органдар;



- Ішкі су айдындары мен теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- Көлікті қауіпсіз эксплуатациялау үшін бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- Сәулет-құрылыс ісін бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары;

- ветеринария, фитосанитария, жануарлар мен өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды, соның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануына мониторинг қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- қоршаған ортаны қорғау саласында

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар;

- Сейсмологиялық қадағалау және жер сілкінісін болжау республикалық

жүйесі қызметі;

- селдер, топырақтың жылжуы және қар көшкіні мониторинг қызметі;

- орман және дала өрттері мониторинг қызметі.

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын жөніндегі шаралар күн өткен сайын басты назар аударатын өзекті мәселе. Қазақстанда ғана емес, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау мөлшерінің жыл өткен сайын өсіп отырғанына, олардың масштабтарының кеңеюіне, жоғалтулар мен шығынның өсуіне бүкіл әлем алаңдаушылық танытып отыр. Орын алған жағдайлар қауіпсіздікті басқаруды жетілдіру жөнінде шаралар қолдануды талап етуде. Тіпті болдырмау жөніндегі ең тиімді шаралардың өзі төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін нөлге дейін (“нөлге тең емес”, “қолайлы” тәуекел принципі) азайта алмайды.

Бүгінде төтенше жағдайларды болдырмау мүмкін емес, алайда санын айтарлықтай төмендетуге, масштабын азайтуға және төтенше жағдайлардың салдарларын жұмсартуға болады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі қызметі, олар-

шегушілерді (зақымданғандарды) алып шыққаннан кейін қауіпті аймақтан тыс жерде жасалуы мүмкін.

**Зардап шегушілерді көшіру** - бұл адамдарды қауіпсіз орынға немесе емдеу мекемелеріне жылдамырақ жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешені. Зардап шегушілерді эвакуациялау, әдетте, оларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілгеннен кейін жүзеге асырылады. Зардап шегушілер екі типте эвакуацияланады: қоршалған орыннан жұмыс алаңына дейін және жұмыс алаңынан жинау пунктіне дейін немесе тікелей емдеу мекемесіне жеткізіледі. Эвакуациялау тәсілін таңдау зақым алған зардапшылардың түріне, оның жағдайына, зардап шегушілер мен құтқарушыларға сырттан төне-тін қауіп-қатерге, қолда бар көлік құралдарына, оларды пайдалануға, эвакуациялау жолының ұзақтығына және жыл мерзіміне, тәулікке және жұмыс жағдайына және басқа жағдайларға байланысты.



ҚӘУЗ зақымдайтын аймақ, химиялық зақымдау аймағы деп аталады. Оған ҚӘУЗ-дің төгілуі немесе шашылуы, сондай-ақ ҚӘУЗ-дің зақымдаушы концентрациясы бар бұлттың таралу аумағы енеді. ҚӘУЗ-дің химиялық зақымдау аймағы зақымданушы бұлттың таралу аумағы мен тереңдігіне қарай сипатталады. Химиялық зақымдау ошағында құтқару жұмысын жүргізудің ерекшелігі уландырушы немесе қатты әсер ететін улы заттардың сипатынан туындайды. Химиялық зақымдау ошағында құтқару жұмысы зақымданғандарға көмек көрсетумен, оларды медициналық мекемелерге эвакуациялаумен, зақымдау ошақтарын белгілеу және қоршау, жергілікті жерді, көлікті, ғимараттарды залалсыздандыру, сондай-ақ адамдарды санитарлық тазалаудан өткізуден тұрады.

Құтқару жұмысын жүргізу жөніндегі шаралар қатарына, сондай-ақ зақымданған азық-түлік, су көздері және тамақ өнімі мен жем-шөпті залалсыздандыру жөніндегі жұмысты жүргізу кіреді.

Химиялық зақымдану ошағына кірер алдында азаматтық қорғау

Қирау кезінде пайда болған, *бос жатқан жерлерден зардап шегушілерді іздестіру*. Мұндай кезде дыбыс дабылы жүйесі қолданылады. Тұрғындардан зардап шегушілердің қай жерде болуын сұрастырады.

*Үйінді астынан табылған зардап шегушілерді шығару*. Егер үйінді астынан адам табылса, арнайы авариялық-құтқару аспаптары пайдаланып, жан-жақты сынықтардан босату керек.

*Үйіндіні тазарту қажет*. Әдетте мұндай жұмыстар зардап шегушілерді шығарып алып жинағаннан кейін жасалады.

1. Құтқару жұмысының барлық учаскесін толықтай шолып шығу;

2. Қызмет иттерін пайдаланумен іздестіру (кинология);

3. Арнайы аспаптарды пайдаланумен іздестіру;

4. Көзбен көрген куәгерлер бойынша іздестіру.

#### ***Зардап шегушілерді қамаудан шығару***

Зардап шегушілерді қамаудан шығару кезінде жүргізілетін құтқару жұмыстары, үйінділер астында және ғимараттарда қамалып қалған адамдарға жетуді қамтамасыз ету, оларға қажетті көмек көрсету және қауіпсіз орындарға немесе емдеу мекемелеріне көшіру жөнінде құтқару бөлімшелері орындайтын, технологиялық процестердің және операциялардың, кешенді шаралары.

#### ***Зардап шегушілерді қамаудан шығарудың тәсілдері:***

1-үйінділерде жалғыз аяқ жол салу; 2- үйінділерде галереялар салу; 3-үйінді астындағы топыраққа галереялар салу; 4-жоғарғы қабаттарда (деңгейлерде) қалған зардап шегушілерге жетуді қамтамасыз ету; 5-қамауда қалған ғимараттарға тесіп жол салу; 6-үйінділерді аршу.

***Зардап шегушілерге (зақымданғандарға) алғашқы дәрігерлік көмек көрсету*** оларды тауып алып, босатқаннан кейін, адамдардың өмірін құтқару мақсатында, сол жерде көрсетіледі. Ол зақымдаушы факторлардың жалғастырушы ықпалын жою, зардап шегушілерді (зақымданғандарды) қауіпті аймақтан алып шығуға мүмкін болатын жағдайға келтіру. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету зардап



ды жойғанға қарағанда әлде қайда маңызды. Бұл төтенше жағдайларды болдырмау жөніндегі превентивті әрекеттердің әлеуметтік-экономикалық нәтижелеріне байланысты (жоғалтулар мен шығындарды азайту), мемлекет және қоғам, азаматтар үшін барынша тиімді болуы мүмкін. Экономикалық тұрғыдан алғанда бұл техногендік авариялардың және дүлей зілзалалардың салдарын жоюға қарағанда ондаған есеге, ал кейде жүздеген есеге арзанға түседі.

Алайда ТЖ туындау қауіпінен үнемі қашып құтыла алмайсың, барлығы төтенше жағдайлардың түрлеріне байланысты.

#### **АҚМЖ төтенше жағдайларды жоюға тартылатын келесідей азаматтық қорғау күштері мен құралдары бар:**

- Азаматтық қорғаныс әскери бөлімшелері (ҚР ПМ Ұлттық Ұлан);

- авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдары;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтер;

- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы;

- бірыңғай кезекші- диспетчерлік қызмет «112»;

- сел, су тасу және қар басу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі;

- азаматтық қорғау құрылымдары;

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінен, басқа әскери және әскери құрылымдардан тартылатын күштер мен құралдар;

- азаматтық қорғау күштерін жабдықтау және халықты қорғау үшін қолданылатын материалды-техникалық мүлік.

Төтенше жағдайларды жоюға тікелей басшылықты, төтенше жағдайларды жою басшысы жүзеге асырады.

Төтенше жағдайларды жоюға басшылар төмендегіше тағайындалады:

1) ғаламдық және аумақтық масштабтағы төтенше жағдайлар кезінде – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жарлығымен уәкілетті органның лауазымды тұлғасы;

2) жергілікті масштабтағы төтенше жағдайлар кезінде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімінің шешімімен жергілікті атқару органының лауазымды тұлғасы.

Төтенше жағдайларды жою АҚМЖ аумақтық және салалық шағын жүйелерінің күштерімен және құралдарымен жүзеге асы-

рылады. Азаматтық қорғау күштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша елдің әр түрлі өңірлерінде де, сондай-ақ шет елдерге де көмек көрсету үшін, төтенше жағдайларды жедел жою және оқшаулау жөнінде өздерінің мүмкіндіктері жөнінде жұмыс жүргізу үшін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдармен, әр түрлі деңгейдегі АҚМЖ басшы органдарымен тартылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталмайтын тұрақты дайындық Күштері қажеттік шамасына қарай, құтқару және шұғыл жұмыстарды орындауға төтенше жағдайларды жою жөніндегі басшының шешімімен тартылады.

Ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың күштері мен құралдарын төтенше жағдайларды жоюға тарту, Қазақстан Республикасының және төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер (өзара әрекеттесу) жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

АҚМЖ ұйымдастыруды жетілдіру, басқару органдарының дайындық деңгейі мен дайындығын, күштер мен құралдарды тексеру мақсатында, оның барлық шағын жүйелерінде және звеноларында үйренулер мен жаттығулар жыл сайын жоспарланып және өткізіліп отырады. Үйренулер мен жаттығулардың түрлері, олардың мерзімдері, масштабтары және жүргізу жоспарлары тиісті бірінші басшылармен – азаматтық қорғаныс бастықтарымен бекітіледі.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Төтенше жағдайлардан қауіп қатерді және азаматтардың және қоғамның шығындарын азайту азаматтық қорғаудың негізгі принциптеріне жата ма?

2. Қадағалау, жағдайды бақылау және болжамдау қызметі қандай мақсатта құрылады?

3. Аумақтық деңгейде азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесіне басшылықты кім жүзеге асырады?

4. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу АҚМЖ құзіретіне кіре ме?

5. АҚМЖ қандай режимдерде қызмет етеді?

- қар көшкіні, селдер, құламалар, топырақтың жылжуы, тастардың құлауы.

Жер сілкінісінің осы қауіпті алғашқы және қауіпті қайталама факторлары авариялық құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қиындық туғызады.

Ғимараттың және құрылыстардың қирауы кезінде авариялық құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу адамдарды құтқару мақсатында жүзеге асырылады және негізгі **төрт кезеңге бөлінеді:**

- зардап шегушілерді табу;
- зардап шегушілерді қоршаудан шығару жұмыстары;
- зардап шегушілерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету;
- Зардап шегушілерді (қамалған орыннан) жиналу пунктіне немесе емдеу мекемелеріне жіберу.

Зардап шегушілерді іздестіру дегеніміз адамдардың жатқан жерін табу және жағдайын анықтау, олармен байланыс орнату және қажетті көмектің көлемі мен сипатын анықтау. Іздестіруді арнайы дайындалған құрылымдардың іздестірушілері рекогносцировка өткізгеннен кейін, зақымдалу ошағы мен объектісін (орнын) барлау жұмысы, сондай-ақ аралау, дайындық жұмыстарынан кейін орындалады.

*Қирау аймағын бағалау.* Жер сілкінісінен кейін жердің үстіңгі жағындағы, сондай-ақ астыңғы жағындағы үйінділердегі құрбандықтарды іздестіру жұмыстары жүргізіледі, зақымданған конструкцияның тұрақтылығы бағаланады, құтқару жұмысын жүргізу мүмкіндігі мен тәсілдері қарастырылады. Сондай-ақ, тұрмыстық коммуникацияның қауіпсіздігін тексеру керек.

*Зардап шегушілерді жоғарыға жинау.* Құтқару кезінде құтқарушыларға да және басқа адамдарға да қауіп төнбеуі үшін, авариялық-құтқару жұмысының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ғимараттардың кез-келген уақытта қирайтыны ескеріледі.





**Тақырып: «ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТЕТІН УЛЫ ЗАТТАР-  
МЕН ЖӘНЕ ӨРТТЕРМЕН ЖӘНЕ ТҮТІНДЕРМЕН  
УЛАНУМЕН ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРҒАН ЖЕР СІЛКІНІСІ  
АЙМАҒЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АВАРИЯЛЫҚ-  
ҚҰТҚАРУ МЕН ШҰҒЫЛ ЖҰМЫСТАРДЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

**Жер сілкінісі** - бұл табиғи себептерден (ең бастысы тектоникалық процестермен) болатын жер қиратушы дүлей зілзала. Қиратушы дүлей зілзала кезінде топырақтың тұтастығы бұзылады және ғимараттар қирап, адам шығыны болады. Жер сілкінісі алғашқы және қайталама факторлармен сипатталады.



Жер сілкінісінің алғашқы зақымдаушы факторларына қысылған сейсмикалық толқындар немесе топырақтың айрылуы (толқуы) жатады, ол келесілерді тудырады:

- тау жыныстарымен және мұздақтармен араласқан сейсмикалық соққы;
- топырақтардың араласып толқып тербелуі;
- жартас жыныстарының сынуы;
- жер асты табиғи газдарының шығуы;
- құрылыстардың қирауы.

Жер сілкінісінің қайталама зақымдаушы факторларына жататындар:

- өрттер, жарылыстар;
- электр жіберу желілерінің, газ сымдарының және канализация желілерінің үзілуі;
- су басу;
- көліктердегі, қауіпті объектілердегі, кәсіпорындардағы авариялар;



**Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ  
ЖӘНЕ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиялар азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесіндегі консультативтік-кеңестік орган болып табылады және азаматтық қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылады.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 7-бабына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиялар азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің республикалық және аумақтық деңгейлерінде құрылады.



Республикалық деңгейде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия құрылады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Комиссияның төрағасы болып табылады. Комиссияның төрағасы комиссияның қызметіне басшылық жасайды, мәжілістерде төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды, шешімдерді жүзеге асыруға жалпы басшылық жасайды. Төраға болмай қалған жағдайда оның міндеті орынбасарына жүктеледі.

Комиссияның жұмысшы органы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті болып табылады. Комиссияның жұмысшы органы комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, соның ішінде Комиссия мәжілісінің күн тәртібіндегі ұсынстарды, қажетті құжаттарды, Комиссия мәжілісі өткізілерден үш күн бұрын комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс материалдарды және ұсынылатын хаттама жобасын дайындайды, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия өзінің өкілеттігін орталық және жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері:

1) азаматтық қорғауды дамытудың және одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары;

2) азаматтық қорғау саласында құқықтық, экономикалық, ұйымдық-техникалық және өзге де шаралар жүйесін қалыптастыру;

3) азаматтық қорғаудың күштері мен құралдарын құру және дамыту;

4) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, авариялар, апаттар, дүлей және өзге де зілзалалар салдарынан зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық оңалту мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің азаматтық қорғау саласындағы іс-қимылдарын үйлестіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) азаматтық қорғау саласындағы іс-шараларға қатысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың басшылары мен лауазымды адамдарын тыңдауға;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан өз жұмысына қажетті олардың қызметі туралы ақпаратты сұратуға;



кем емес әзірленеді, сондай-ақ мерзіміне тәуелсіз түзетуге жатады.

Техникалық жағдайлары – белгілерімен белгілі бір уақыт ішінде сипатталатын, қадағалаумен белгіленген (техникалық жағдайының түрлері су шаруашылығы құрылыстарының іске жарамдылығы және ақаулығы), су шаруашылығы құрылыстары параметрлерін пайдалану процесінде өзгеріске ұшырау жиынтығы. Су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жағдайы мен режимі пайдаланудың барлық кезеңі ішінде техникалық бақылау және су шаруашылығы құрылыстарын тексеруді жүзеге асыру жолымен анықталады.

Техникалық тексерулерге және байқауларға кіретіндер:

- техникалық тексерді реттеу;
- мезгіл-мезгіл техникалық тексерден өткізу;
- кезекті және кезексіз тексерулер

Мезгіл-мезгіл техникалық тексерден өткізу, сондай-ақ кезекті және кезексіз тексерулер жасау үшін су шаруашылығын қожайыны комиссия құрады, Оның құрамына меншік иесінің төрағасы, жобаны ұйымдастырушы, жергілікті атқарушы органдар, уәкілетті орган ведомствосы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, қоғамдық бірлестік өкілдері кіреді.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ :**

1. Су басу тасқынына ең көп ұшрайтын Қазақстанның қандай өңірлері?

2. Су басудың қандай көздері және факторлары бар?

3. Су басудан қорғау үшін дамбалардың қандай түрі қолданылады?

4. Арналарды реттейтін құрылыстардың қандай түрлері бар?

5. Плотиналар қанша кластарға бөлінеді және декларацияланатын мерзімдері?

6. Гидротехникалық құрылыстардың түрлері және тексеру мерзімдері?

- ауыл шаруашылық жерін судан қорғайтын;
- ӨСБ су қоймасында ұстап тұру үшін;
- өзен жағалаулары мен арналарын тұрақтандыру және қалыптастыру үшін; су лектерін және жоғарғы су ағыстарын реттеу және қайта бөлу.

2015 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі № 19-2/1054 бұйрығын әзірлеп, бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді. Декларацияланатын плотинаға қатысты критерийлер. Осы Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 28-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысандарына қарамастан, бөгеттер қауіпсіздігі саласында міндетті декларациялауға жататын бөгеттерді пайдаланатын ұйымдарға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Плотина – су деңгейін көтеру және / немесе су қоймасын құруға арналған су ағысындағы тіреулік гидротехникалық құрылыс;

2) Плотина класы – әлеуметтік-экономикалық маңыздылық дәрежесін және гидротехникалық құрылыстың жауапкершілігін анықтайтын және оның авариялық және/немесе пайдаланылуының бұзылу салдарын ескере отырып ұйғарылатын қолданыстағы нормалармен сандық және сапалық жобалау сипаттамасы;

3) Гидродинамикалық авария – гидротехникалық құрылыстағы авария судың үлкен жылдамдығын бөлумен байланысты және техникалық төтенше жағдайлар туындау қауіпін тудыратын авариялар;

4) Қысым аймағы – қысым қабылдайтын (су қысымын) су жинайтын құрылыстардың жиынтығы.

3. Плотиналар олардың биіктігіне, негізі топырақ түріндегі, көлемі, әлеуметтік-экономикалық жауапкершілігі және болуы ықтимал гидродинамикалық авариялар кластарға бөлінеді.

4. Плотиналардың декларациялануға қатысты негізгі өлшемшарттары, осы ереженің қосымшасына сәйкес анықталатын, олардың кластары болып табылады.

Плотиналардың қауіпсіздік декларациясы бес жылда бір реттен

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауына талдау жүргізуге;

5) азаматтық қорғау мәселелері бойынша талдамалық, сараптамалық және басқа да жұмыстарды орындау үшін ұйымдардың мамандарын (олардың басшыларымен келісу бойынша) тартуға;

6) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін бекітілген нормалар негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізуге құқығы бар.

Аумақтық деңгейде жергілікті атқарушы органдардың шешімімен, өз қызметтерін олардың құрылуы туралы шешімдерде анықталған міндеттерге және өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асыратын төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде комиссия құрылады.

Жергілікті атқарушы органдардың басшылары – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялардың төрағалары, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия төрағаларының орынбасарлары болып табылады.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия қандай мақсатта құрылады?

2. Аумақтық деңгейде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның төрағасы кім болады?

3. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия азаматтық қорғау мәселесі бойынша жұмысты орындау үшін ұйымдардың мамандарын тартуға құқығы бар ма?

4. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия қандай негізгі бағыттар бойынша әзірлейді?

5. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия құрамында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері басшылары қандай лауазымды иеленеді?

## Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША БАСШЫ ҚҰРАМНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

### *Төтенше жағдайлар қауіпі кезіндегі басшылардың әрекеттері («Жоғары дайындық» АҚМЖ қызмет істеу режимі):*

- қызмет кезекшісінен төтенше жағдайлар қауіпі туралы ақпарат алысымен хабарлауды және Комиссия мүшелерін (бұдан әрі – ТЖАЖК), басшы құрамды және жедел штабты жинайды;

- болған жағдайды бағалайды;

- әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі халықты, ұйымдарды орын алған төтенше жағдайлардың қауіпі туралы және мүмкіндігінше әрекет ету тәртібі жөнінде хабарландыру туралы жарлық береді;

- шұғыл әрекет етудің құрама жасақтарын қалыпқа келтіруді (егер ол қаралған болса), Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар құрылымдарын, құтқару қызметінің бағыты бойынша дайындығын, төтенше жағдайлар туындау кезінде олардың әрекет ету тәртібін нақтылауды ұйымдастырады, күш пен қаражат резервтерін қалыптастырады, ал қажет болған жағдайда оларды ықтимал әрекет ету орнына жібереді;

- төтенше жағдайлар болуы ықтимал аймаққа басқаруды ұйымдастыруды анықтайды;

- халықты қорғау жөнінде шұғыл шаралар қабылдауға, төтенше жағдайлардың алдын алу жөнінде шаралар өткізуге және олардың салдарынан болған зиянды азайтуды қамтамасыз етуге жарлық береді;

- төтенше жағдайлардың туындауын, оның көлемдерін, материалдық шығындар мен келтірілген зияндар мөлшерін, жобалау жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ қайталанған төтенше жағдайлардың ықтимал салдарларын ұйымдастырады;

- объектідегі және соған жақын жатқан аумақтағы қоршаған табиғи ортаның жағдайын қадағалау және бақылау жасау, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында өкілетті органдармен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады;



аймағы ең аз ықтимал бұзылушылықтарды таңдалады және плотиналар бұзылған жағдайда серпінді толқындардан төменгі бьефтегі ықтималшығындарды ескере отырып жасалады. Жұмыс істеп тұрған, жобаланған және салынып жатқан гидротораптарда қысым аймағы құрылысы бұзылған жағдайда республиканың (облыстардың) тиісті басқару пункттерінде олардың төменгі бьефтеріндегі су деңгейінің апаттық көтерілуі туралы су, басу қауіпі туралы азаматтық қорғаныстың хабарландыру жүйесі бойынша соңынан хабарлау үшін дабылдарды қамтамасыз ететін аспап орнатылады.

Ағып жатқан өзендерде инженерлік қорғау құралы ретінде су басатын аумаққа арналарды реттеу құрылыстарын салған дұрыс:

- ағыс бойынша немесе оның бұрышына орналастырылған өзеннің су ағатын енін шектейтін, бойлық бөгеттер;

- бойлай, тік желілік немесе қисық желілік, көпірдің, плотиналардың су қабылдағыштардың және басқа гидротехникалық құрылыстардың тесіктеріне су легінің баяу баруын қамтамасыз ететін – ағысты бағыттайтын бөгеттер;

- жағадан жағаға дейін арнаны жабатын, брезент құбыр және арна бойынша толық немесе ішінара бөгеу үшін ұйғарылған су басқан бөгеттер;

- ағысты түзетуді және кемелер жүзетін тереңдіктер жасауды қамтамасыз ететін, арнаның көлденең түзету құрылысы – жартылай бөгеттер;

- шпорлар (су баспайтын жартылай бөгеттер) ағыстың бірнеше бұрышына қойылатын, жағаны шайып кетуден;

- жағаны шайып кетуден және толқын мен ағыстың бұзуынан қорғауды қорғауды қамтамасыз ететін жағалық және дамбалық нығайтулар;

- су ағысын арнаның ені бойынша бөлетін және жағада ағыстың баяу (шаймайтын) жылдамдығын жасау жолымен арналарды реттеу үшін жасалған кесілетін құрылыстар.

*Аумақты су басудан қорғау үшін дамбаның екі түрі қолданылады:*

1-түрі. Су баспайтын дамбалар – су қоймаларына, өзендерге және басқа су объектілеріне жақын орналасқан қалалар мен өнеркәсіп аумақтарын тұрақты қорғап тұру үшін қолданылады;

2-түрі. Су басатын дамбалар, уақытша қорғану үшін қолданылады;



суларды және жеңіл ағын суларды жіберуді қамтамасыз етуге қарастырылған ұйымдастыру-техникалық шараларды енгізуге болады.

Инженерлік қорғау құрылыс деп салатын аумақтағы бірыңғай аумақтық ке-шендер бірлігін немесе объектілі қорғаныс құрылыстары жанындағы қорғаныс ғимараттарын қарастыруға болады, олар су қоймаларын және каналдарды салу кезінде өзендегі су тасуынан аумақты қорғауы тиімді қамтамасыз етеді, топырақ суы деңгейінің көтерілуінен құрылыстарды және ғимараттар мен желілерді қарастыруға болады.

Инженерлік қорғау аумақтық жүйелерінің бірыңғай кешенін қорғалатын объектілер мен аумақтардың ведомстволық жабдықтарына байланыссыз жобалау керек.



Су тасқынының есептеме параметрін қоғаныс құрылыстарының қолданылатын кластарына байланысты, инженерлік-гидрологиялық есептеме негізінде анықтауға болады. Сонымен қатар су басуды да айыру керек:

- терең сулы (тереңдігі 5 метрден жоғары);

- орташа тереңдігі 2 м-ден 5 м дейін);

- таяз сулы (судың биіктігі 2 м. дейін).

Су жинайтын гидротехникалық құрылыс – құрылыс жинауға, су деңгейін көтеруге немесе су қоймасын жасау үшін құрылған.

Бақылайтын көрсеткіштер – құрылыстарды өлшеу негізінде есептелетін немесе техникалық құралдардың көмегімен өлшенген ГТС сандық және сапалық жағдайының сипаттамасы.

*Диагностикалық көрсеткіштер* – ГТС жағдайын бағалау және диагностика үшін барынша маңызды, ГТС жағдайына баға беруге мүмкіндік беретін бақылайтын көрсеткіштер, «құрылыс – негізгі – су қоймасы» толық немесе оның жеке элементтері.

Гидротораптарды жобалау кезінде құрылыс бұзылған жағдайда төменгі бьефте ықтимал су басу аймағы шекарасы мен серпінді толқындар параметрлері анықталады. Гидротораптың алдыңғы

- халықты дер кезінде хабарландыру мақсатында диспетчерлік (кезекші) қызметті, төтенше жағдайлар туындаған кездегі жағдайлар туралы ұйымдарды ұйымдастырады;

- қауіпсіз аудандарға (уақытша орналастыру ауданы) халықты ықтимал шұғыл көшіруді өткізуге дайындықты ұйымдастырады;

- қамтамасыз ету түрлері бойынша шаралар ұйымдастырады (ЖЖМ, тамақтық азық-түліктер, қорғану құралдары, алғашқы қажетті құрал-жабдықтар және т.б.);

- табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында өкілетті органдармен өзара қарым-қатынасты келесі мәселелер бойынша:

а) аумақтағы жағдайды бақылау;

б) халықты, материалдық және басқа құндылықтарды көшіруге дайындау;

в) төтенше жағдайлар аймағында жұмысты қауіпсіз орындауды қамтамасыз етуді тұрақты түрде жүзеге асырады.

- Шекараға жақын аудандар мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жоғарыда тұрған комиссиялар төтенше жағдайлардың ықтимал дамуы мен жағдайы туралы ақпараттарды ұйымдастырады.

Тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде, ерекше қауіпті объектілерде нәтижелерін журналдарға тіркей отырып және жедел штабтағы тиісті баяндамалармен тәулігіне 3 реттен кем емес, өндірістік параметрлер ақпараттарын жинауды ұйымдастырады.

***Төтенше жағдайлар туындау кезіндегі басшылардың («Төтенше жағдайлар» АҚМЖ қызмет істеу режимі) (ТЖАЖК Төрағасы):***

- ТЖАЖК, жедел штабты тәулік бойы жұмыс істеу режиміне көшіреді;

- ТЖАЖК жұмысын (егер құрылған болса) ұйымдастырады, төтенше жағдайларды жою жоспарын әрекетке қосу туралы жарлық береді;



- халыққа, ұйымдарға төтенше жағдайлар туралы хабарландыру және оларды қорғау туралы жарлық береді.

- Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңына сәйкес, төтенше жағдайларды жою басшыларын тағайындайды (төтенше жағдайларды топтастыру негізінде);

- төтенше жағдайлар аймағындағы жедел ақпараттарды жинау және жедел штабқа жеткізу үшін жедел топтарды жібереді (егер бұрын жіберілмеген болса);

- халықты төтенше жағдайлар аймағынан қауіпсіз аймақтарға (уақытша орналастыру ауданына) шұғыл көшіру туралы (жағдай бойынша) шешім қабылдайды және эвакуация жоспарына сәйкес тиісті жарлықтар береді;

- төтенше жағдайлар аймағында пропусктық режимнің болуын қадағалауды ұйымдастырады, қоғамдық тәртіпті және материалдар мен басқа да құндылықтардың сақталуын қадағалауды қамтамасыз етеді;

- зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді және оларды емдеу мекемелеріне жіберуді қадағалайды;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жағдайы жөнінде, төтенше жағдайларды жою бойынша істелінген жұмыстардың нәтижелері мен қолданылған шаралар туралы жоғарыда тұрған комиссияларды хабарландырып отыруды бақылайды.

Төтенше жағдайларды жою басшыларының әрекеті

Төтенше жағдайларды жою басшылары:

1) төтенше жағдайлар аймағында жағдайды бағалауды және барлауды, бұл үшін күштер мен құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, адамдарды құтқаруды ұйымдастырады;

2) қажетті мөлшерде күштер пен құралдарды, құтқару жұмысын жүргізу тәсілдері мен амалдарын анықтайды;

3) төтенше жағдайларды жою жоспарына сәйкес, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

4) төтенше жағдайлар аймағында орналасқан объектілер мен



*Су тасу процесінің туындауына себепші болатын негізгі табиғи жағдайлар:*

- нашар өткізбейтін топырақтар: (шандық құмдар, құмды саз, саздауыттар,

сазбалшық, орман және т.б.);

- су деңгейінің жер бетіне жақын орналасуы немесе әлсіз өткізгіш қабаттар;

- аумақтың табиғи әлсіз дренаждылығы;

- су ағатын жағдайдың жоқтығы;

- топырақ суының табиғи жағдайының салыстырмалы жоғарылығы (құрылысқа дейін).

Құрылыс салынған аумақты пайдалану процесінде су басудың негізгі себептері атмосфералық жауын-шашынға қосымша (W) су ағатын жер асты коммуникациясынан, су айдындарынан кеткен судың сіңуі және қалаларда су ағатын канализацияның жоқтығы.

*Су тасқыны көздері келесілерге бөлінеді:*

- табиғи (атмосфералық жауын-шашын, еріген және жер асты сулары, аэрация топырақ аймағындағы булы сулар);

- жасанды (үстіңгі жақтағы суларға аккумулятор болып табылатын котлавандар мен траншеялар, каналдар, арықтар, су құбырлары және канализациялық түтік құбырлары, жылу желілері, су айыратын пункттер, су айналдыратын жүйелер мен құрылыстар, әр түрлі резервуарлар, су жинағыштар, гидрозоловалдар, тазалайтын құрылыстар, ылғалды технологиялық процеспен цехтар, суару массивтері және т.б.).

Өңірлік және жергілікті

*Жылыну факторлары:*

- белсенді (топырақты немесе тереңдетілген ғимараттарды тікелей жылытатын);

- пассивті (тікелей жылытпайтын, бірақ соған бейім).

Инженерлік қорғаудың негізгі құралы ретінде қарастыруға болады, жыртылған жер бетін, арналық реттеуші құрылыстарды және жер үсті ағынын дренажды жүйелерді және жекелеген дренаждар және басқа қорғаныс ғимараттары. Инженерлік қорғаудың көмекші құралы ретінде табиғи жүйелердің табиғи қасиеттерін және олардың компоненттерін пайдалануға болады.

Аумақтың инженерлік қорғау жобалары құрамына жазғы еріген

қалың жаууынан немесе плотинаның бұзылуынан кенеттен су басу қауіпі күтілсе, арнайы ескерту жіберіледі.

Су басудан, су тасудан, тасқыннан және теңіздердің және су айдындарының толып кетуінен сел жүруінен, қар көшкінінен,



сырғымадан, опырылмадан, қатты жер сілкінісінен – халықты, объектілерді, инфрақұрылымдарды қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларға кіретіндер:

1) гидротехникалық және басқа қорғаныс құрылыстарын жобалау, салу және пайдалану;

2) теңіздердің, ірі су айдындарының деңгейін өзгерту мониторинг жүйесін ұйымдастыру, қоршаған ортаның жағдайы, халықты және шаруашылықпен айналысатын субъектілерді жаға аймағындағы қума желдің пайда болуы туралы хабарландыру;

3) сел мониторинг жүйесін және қар көшкіні қауіпсіздігін ұйымдастыру, халықты және объектілерді селдің пайда болуы және қауіпі туралы хабарландыру;

4) моренді және мұзды көлдер, биік таулы, тау беткейіндегі қауіпті азайту жөнінде превентивті шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

5) тау арналары, сел ошақтары, қар көшкіні аймақтарында фитомелиоративтік өндіріс.

Аумақты су тасқынынан және су басудан қорғайтын инженерлік қорғау жүйелерін жоспарлау кезінде жекелеген объектілер мен аумақты құрылыстардың қызметтік пайдалану және пайдалану ерекшеліктері, қоршаған ортаны қорғау және/немесе су тасу мен су басудың жағымсыз әрекеттерін болдырмауды ескеріп, су тасқынынан және су басудан қорғауды қамтамасыз ететін шаралар кешенін әзірлеу керек.

ұйымдар аумақтарына құтқару және басқа шұғыл жұмыстар жүргізу туралы шешімдер қабылдайды;

5) авариялық құтқару қызметі мен құрылымдарына тапсырмалар беруді жүзеге асырады, олардың өзара әрекеттестігін ұйымдастырады, олардың қауіпсіздігін және берілген тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етеді;

6) төтенше жағдайлар аймағындағы жағдайлардың өзгеруіне бақылауды жүзеге асырады және тиісті шешімдер қабылдайды;

7) қажеттілік мөлшеріне орай, қосымша күш пен құралдарды шақырады және олардың кездесулерін ұйымдастырады, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу орнын (ауданын) анықтайды;

8) күш пен қаражат резервін құруды ұйымдастырады, ауысыммен жұмыс істеу тәртібін анықтайды;

9) ғаламдық және аумақтық көлем кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметін (объектілік және жергілікті көлем жергілікті атқарушы органды хабарландырады), табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы өкілетті органды хабарлайды;

10) төтенше жағдайлар орнынан күштер мен құрал-жабдықтардың кету тәртібін анықтайды;

11) өте қажет болған жағдайда (адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгенде) төтенше жағдайларды жою басшысы, төтенше жағдайлардың таралуы кезінде:

- төтенше жағдайлар аймағына адамдар мен көліктің кіріп-шығуын ұйымдастыру;

- төтенше жағдайлар аймағында орналасқан ұйымдардың қызметін тоқтата тұру;

- авариялық-құтқару күштері мен құралдарын және аталған құрылымның құрамына кірмейтін азаматтық қорғау құрылымдары мен құтқарушыларды авариялық-құтқару жұмыстарына тартады;

- шұғыл жұмыстарды жүргізуге ерікті түрде халықты, сондай-





ақ құтқарушы емес жекелеген азаматтарды олардың келісімімен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартады;

- төтенше жағдайлар аймағында эвакуациялық шараларды өткізуді ұйымдастырады;

- материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және ұйымдардың басқа да ресурстарын Қазақстан Республикасының заңнамаларын сәйкес соңынан қайтаратын болып тартады;

- төтенше жағдайларды жоюды дамытуға негізделген және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында басқа да қажетті шараларды қолданады.

Шұғыл жұмыстар кезінде бағыттарды жабдықтау, төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдарды енгізу, құлап қалу қауіпі бар немесе авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге кедергі келтіретін ғимараттар мен құрылыстар конструкциясын нығайту немесе бұзу, жекелеген бөлімшелерге коммуналдық-энергетикалық желілерді қалпына келтіру, халықты бірінші кезекті тіршілікпен қамтамасыз етуге арналған мүліктерді жеткізу, аумақты санитарлық тазалау, оларға зардап шегушілерді және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізумен байланысты, басқа да мақсаттарға орналастыру үшін зақымданған құрылыстар мен ғимараттарды ішінара қалпына келтіру.

Төтенше жағдайларды жою кезінде қажетті жұмыстар тығыз мерзімде орындалады және авариялық-құтқару жұмыстары толық аяқталғанға дейін жүргізіледі.



Аудандық және қалалық АҚ бастығы аудандық және қалалық АҚ жоспарын бекітеді және әрекетке енгізеді. Төтенше жағдайларды жою туралы басшының

төтенше жағдайларды жоюға бағытталған шешімі, Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаса, төтенше жағдайлар аймағындағы барлық лауазымдық тұлғалар, азаматтар және ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

айтарлықтай ұзағырақ 3 тәулікке дейін. Деңгейдің түсуі әдетте 10-15 тәулік бойында орын алады.

**Құма желдер** – желдің әсерінен теңіздер мен ірі көлдердегі судың беткі жағындағы су деңгейінің көтерілуі. Мерзімділігінің, сиректігінің жоқтығымен, су деңгейінің айтарлықтай көтерілуімен, сондай-ақ, әдетте, қысқа мерзімділігімен сипатталады.

Мұндай түрі Ленинградта (1824, 1924), Нидерланда (1953) байқалды. Алайда су тасудың бұл түрі өте қысқа мерзімді.

Мөлшері және әкелген шығыны бойынша олар шағын, үлкен, көрнекті және апаттық су басулар болып бөлінеді.

Шағын су басулар шамалы ғана материалдық шығын келтіреді және адамдардың қалыпты тіршілік ағысын бұзбайды. Олардың қайталанылуы шамамен 5-10 жыл және шағын өзендерге тән.

Үлкен су басулар айтарлықтай материалдық шығын келтіреді, соның ішінде халыққа да зиян келтіреді. Халықтың бір бөлігі, материалдық құндылықтар мал көшіріледі. Қайталануы 10-25 жылда 1 рет.

Көрнекті су басулар ірі өзен жүйелерін қамтиды, өңірдің шаруашылық қызметін толықтай жояды және үлкен материалдық және моральдық шығын келтіреді. Халық жаппай эвакуацияланады. Мұндай су тасқынының қайталануы 50-100 жылда 1 рет.

Апаттық су басулар бірнеше ірі өзен айдындарына таралады. Ол адамның шаруашылық қызметін ұзақ уақыт ақсатады. Адам шығындары да болады. Қайталануы 100-200 жылда 1 рет және одан сирек.

Қауіпті су басулардың бір себебі плотиналардың, дамбалардың немесе басқа да гидротехникалық құрылыстардың жарылуы, немесе су қоймаларындағы судың асуынан плотиналар арқылы құйылуы болып табылады. Құрылыстардан төмен орналасқан жерлерді су басу, мұндай жағдайда кенеттен болады, жарылыс толқынының келуімен (қысылу, жіберу), оның биіктігі бірнеше ондаған метрге жетеді, ал қозғалыс жылдамдығы – бірнеше ондаған м/с.

**Аумақты, ғимараттарды және құрылыстарды инженерлік қорғау** – қауіпті геологиялық, экологиялық және т.б. жағымсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталған инженерлік құрылыстар мен шаралар кешені. Ғимараттар және құрылыстар аумағындағы процестер, сондай-ақ олардың зардаптарынан қорғау. Жанбырдың



Кептелуден болған су басулар өзендегі су деңгейін биік және салыстырмалы түрде қысқа мерзімде үлкен көлемде көтеретінімен сипатталады.

**Сеңнің тоқтауы** — судың ішіндегі бос мұздардың қыста су қату кезінде және арналардың бұрылмаларында тұрып қалған су деңгейін көтеретін және кейбір жерлерде арналардан асыратын мұз кептемесі. Сеңнің тоқтауынан болған су тасулар қыс басталарда пайда болады және кептемеге қарағанда айтарлықтай аздығымен, су деңгейінің көтерілуімен және су басудың айтарлықтай ұзақтығымен сипатталады.

**Кептеменің пайда болуының басты себебі** — мұз жамылғысының шеті жоғарыдан төмен қарай ағыспен жылжитын өзендерде ашылу процессінің бөгелуі. Жоғарыдан келе жатқан бұзылған сең және де жолында әлі бұзылмаған мұз қабаттарына кездеседі. Өзендердің жоғарыдан төмен қарай ашылу жүйелілігі заңдылық, алайда ол мұз кептеесінің сөгілуіне ол жеткіліксіз. Ашылу кезінде жоғарғы жақтың ағыс жылдамдығы қатты болса, сол кезде мұндай жағдай орын алады (0,6-0,8 м/с және одан жоғары). Әр түрлі арналық кедергілер, мысалы, тік бұрылыстар, тарылу, аралдар, жоғарғы жақтың еңістігі үлкеннен кішіге өзгеруі, процесті тек қана күшейтеді.

Сеңнің тоқтауы өзендерде мұз қабатының қалыптасу кезеңінде түзеледі. Қалыптасуының негізгі себебі су ішіндегі мұздың пайда болуы және оның мұз жамылғысының астына түсуі. Шешілетін мәні үстіңгі жақтағы ағыстың жылдамдығы (0,4 м/с артық), сондай-ақ қату кезіндегі ауа температурасы. Сеңнің тоқтауы аралдарда, қайрандарда, түйе тастарда, тік бұрылыстарда, арналардың тарылу жерлерінде болады.

Кептеме мен сеңнің тоқтауын топтастыру кезіндегі басты өлшем шарттар олардың қуаттылығына байланысты. Олар апаттық қуатты, күшті, орташа және әлсіз болып бөлінеді. Апаттық қуатты кептеме немесе сеңнің тоқтауы былайша анықталады: көктемдегі су тасу деңгейін барынша есептеуге 5 м және одан көп қосады, күштілер үшін — 3-тен 5 м дейін, орташалар үшін — 3 м және одан аз. Әлсіз кептемелер мен сеңнің тоқтауы көктемгі су тасқынының ең жоғарғы деңгейінің мәндері енгізілмеген.

**Мұз кептемесі** — қысқа мерзімді құбылыс. Жоғарғы деңгейі әдетте 0,5-1,5 тәулік ішінде болады. Сеңнің тоқтауы кезеңі

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. «Жоғары дайындық» АҚМЖ қызмет істеу режимі кезінде төтенше жағдайларды жою жөніндегі жедел штаб құрыла ма?
2. Төтенше жағдайлар туындау қауіпі және туындауы кезінде хабарландыру жүйелерін әрекетке қосуға бұйрықты кім береді?
3. Төтенше жағдайлар аймағында орналасқан ұйымдардың аумақтары мен объектілеріне авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге кім шешім қабылдайды?
4. Төтенше жағдайлар аймағында орналасқан ұйымдар мен азаматтарға және барлық лауазымды тұлғаларға ТЖ жою басшыларының шешімі міндетті болып табыла ма?
5. Қандай жағдайларда ТЖ жою басшылары төтенше жағдайлар аймағына адамдар мен көліктің кіріп-шығуын шектейді?

## Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАУ ҚАУІПІ ЖӘНЕ ТУЫНДАУЫ КЕЗІНДЕ БАЙЛАНЫС, ХАЛЫҚТЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Байланыс жүйесі** – АҚМЖ және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қалыптасуының маңызды бөлігі, басқаруды және келіс сөз жүргізуді, ақпараттандыруды жедел қабылдауға және беруге арналған. Ол халықты және АҚМЖ күштері мен құралдарын, басқару органдарын хабарландыру құралдары мен ақпараттарды жеткізуді қамтамасыз ететін байланыстың ведомстволық желілері мен ортақ пайдалану желілері арналарын, теле және радиохабар желілерін, хабарландыру және байланыс құралдарын, күштерді техникалық біріктіруді ұйымдастыруды көрсетеді.



Байланыс бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғау құралдары мен күштерін басқару, АҚ шараларын өткізуді және дайындауды үзіліссіз басқаруды қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады.

2004 жылы 5 шілдедегі «Байланыс туралы» №567-ІІ заңға сәйкес, АҚ саласындағы мемлекеттік орган және оның аумақтық құрылымы, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туындауы кезінде байланыс желілері мен арналарын, сондай-ақ адамдардың тіршілік қауіпсіздігіне қатысты теле және радиохабар желілерінің хабарлама және хабарландыру дабылдарын артықшылықпен пайдалануға құқылы.

**Хабарландыру жүйесі** – бұл орын алған жағдайда әрекет ету тәртібі туралы, адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіп туралы мемлекеттік органдарды және халықты ақпараттандыруды қамтамасыз ететін, бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.

Хабарландыру жүйелері республикалық, аумақтық және объектілі деңгейде құрылады.

**Хабарландырудың республикалық жүйесі** – ҚР аумағын қамти отырып, ҚР халқына, АҚ басқару органдарына, АҚ күштеріне,

2018 жылы республика су айдындарындағы оқиғалар туралы 316 хабарлама түсті, онда 342 адамның қаза болғаны айтылады, 2017 жылы республика су айдындарындағы оқиғалар туралы 379 хабарлама түскен, 412 адамның қаза болғаны айтылған.

**Су басу** – өзен, көл немесе теңіз суының қардың еруі, жауын - жауып, желдің суды айдап алып кетуі және т.б. нәтижесінде жердің белгілі бір бөлігінің судың астында қалуы.

**Су тасқыны** – су ағысының, су айдындарының немесе жер асты су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде аумақ телімдерін су басу.

**Су астында қалу** – аумақтағы су режимінің және балансының өзгеруі нәтижесінде жер асты суының деңгейі (ағысы) көтерілетін және/немесе топырақтың ылғалдылығын арттыратын, құрылыс және объектіні пайдаланудың қажетті шарттарын арттыратын, кешенді гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық процесс.

**Су деңгейінің көтеріліп төгілуі** – кешенді гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық процесс, су режимінің және аумақ балансының өзгеруі нәтижесінде жер асты суының деңгейі (қысымы) немесе топырақтың ылғалдылығы өзгереді, ол құрылыс және пайдалану объектілерінің қажетті шарттарын арттырады. Жер асты – бұл өзен ағысын салыстырмалы түрде ұзарту, жыл сайын сол бір маусымда қайталанып отырады және су деңгейінің биіктігі ұзаққа созылады және биік болады, әдетте оның арнасынан жиегіне шығуы. Оның ұзақтығы қардың қорына, қатқан топырақтың тереңдігіне, ауа температурасына, өзеннің мөлшеріне, сарқырама, орман жамылғысы және басқа да факторлар.

**Кептелу** – арнаның жылжымайтын мұз сендерімен бітелуі, және көктемгі мұз айдыны кезінде мұз қабаттарының өзеннің төсеніштері мен шөгінділерінде үйіліп қалуынан ағыс қысылады да, су деңгейі жиналған мұзға дейін және одан жоғары қарай көтеріледі. Кептелістен болған судың тасуы қыстың аяғында және көктемнің басында басталады, содан кейін оңтүстіктен солтүстікке қарай ағып жатқан ірі өзендердің бір мезгілде ашылуына байланысты пайда болады. Өзендердің ағатын оңтүстік бөлігі өз ағысында жиналған мұзды солтүстік аудандарда суға батырады, осының салдарынан су деңгейінің көтерілуі жиі кездеседі.

## Тақырып: СУ БАСУ КЕЗІНДЕ ҚОРҒАНЫС ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Қазақстанда 85022 өзен және 48 аса көл, 4 жасанды су айдындары мен уақытша ағындар бар.

Республикада су тасқындары мен су басуға республиканың барлық облысы жатады, 75 ауылдық аудандарды және 800 елді мекендерді қоса, тұрғындардың жалпы саны 5 миллион адам. Ел аумағында 16 ірі су қоймалар бар. Олардың плотиналарының бұзылуы кеңінен жайылған су басуға алып келуі ықтимал, жалпы ауданы 64176 км<sup>2</sup>. Су басу аймағында 272 елді мекен қалуы мүмкін, соның ішінде 11 қала, олардың – 8-і санатталған. Су басуы ықтимал аймақта тұратын халықтың саны 450 мың адамды құрады.



Плотиналары зақымдалса үлкен қауіп төнетін су қоймалары: Астана (Ақмола облысы); Бухтарма (Шығыс Қазақстан облысы); Қарғалы (Ақтөбе облысы); Теріс-Ащыбұлақ, Тасөткел (Жамбыл облысы); Шардара (Оңтүстік Қазақстан облысы).

Қазақстанда селдің барынша белсенді жүретін облыстарына: Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарының таулы аудандары жатады. Сел қауіпі бар аудандардың жиынтық ауданы 360 мың км<sup>2</sup> бағаланады немесе республиканың жалпы аумағының 13%-ы. Тікелей сел астында қалу қауіпі 27 мың әр түрлі объектілер (елді мекендер, коммуникациялар, жеке құрылыстар және басқалар) және 200 мың халыққа төніп тұр.

Су тасудың, су басудың, селдердің нәтижесінде экономика объектілерінде, темір жол және автомобиль жолдарында авариялар болуы мүмкін, ҚЭУЗ зақымдау ошақтары түзіледі. Көп мөлшерде темір жол және автомобиль жолдары мен көпірлер қатардан шығады. Көлік бағыттары, басқару жүйелері, хабарландыру және байланыс бұзылады.



уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне хабарландыру желілері мен ақпараттарды жеткізуге арналған. Хабарландыру жүйесін әрекетке қосуға жарлықты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс бастығы жаһандық масштабтағы төтенше жағдайлар кезінде береді, уәкілетті органдар басшылары аумақтық масштабтағы төтенше жағдайлар кезінде хабарландырудың республикалық жүйесін техникалық тексеруге және азаматтық қорғау бойынша республикалық оқу-үйренуін өткізеді.

**Аумақтық деңгейде** – облысты, республикалық маңызы бар қалаларды, астаналарды хабарландыру жүйесін хабарландыру дабылдарымен және ақпараттармен қамтамасыз етуге:

1. облыстардың халықтарын (облыс аумағы бөліктерін), республикалық маңызы бар қалаларды, астаналарды немесе аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, поселкелер, ауылдар, ауылдық өңірлер халықтарын әкімнің өкімі бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер;
2. жергілікті атқару органдары және басқа мемлекеттік органдар;
3. шұғыл және авариялық қызметтер;
4. тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағындағы азаматтық қорғау күштері хабарландырады.

Хабарландыру жүйесін тұрақты дайындықта ұстауды уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері қамтамасыз етеді.

Жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің халқын құлақтандыру үшін хабарландыру жүйесін әрекетке қосуға жарлықты облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың әкімдері немесе төмен тұрған әкімдер береді, – астананың құлақтандыру жүйесін техникалық тексеру және азаматтық қорғау бойынша

оқу-жаттығулар өткізу кезінде – уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы; маңызды қалалардың хабарландыру жүйесін техникалық тексеруден өткізеді.

**Объектілік деңгейде** – Хабарландырудың жергілікті жүйесі – адамдардың жаппай келуімен объекті аумағын қамти отырып, әлеуетті қауіпті объектілерге жақын қауіпті аймақтарда тұратын, халықты хабарландыруға арналған. Хабарландырудың жергілікті жүйесін үнемі дайындықта ұстауды халық жаппай келетін қауіпті өндірістік объектіні пайдаланылушы заңды тұлға қамтамасыз етеді.

Хабарландыру жүйесін әрекетке қосуға бұйрықты адамдар жаппай болатын объектіні, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға береді.

Республикалық және аумақтық деңгейдегі хабарландыру жүйесін құру мен пайдалану жөніндегі шараларды қаржыландыру бюджеттің есебінен, хабарландырудың жергілікті жүйесін – адамдар жаппай келетін объектіні, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын заңды тұлға есебінен қаржыландырылады.

**«Баршаның назарына!»** хабарландыру дабылы ТЖ туындаған немесе туындау дабылы кезінде халықтың назарын аудару үшін, сирена немесе басқа дабыл құралдары арқылы берілетін хабарландырудың бірыңғай дабылы. «Баршаның назарына!» хабарландыру дабылы іске қосылған кезде құлақтандыру жүйесі халыққа төтенше жағдайдың туындау қатері немесе туындауы туралы және қалыптасқан жағдайда адамдардың әрекет ету тәртібі туралы ақпаратты бір уақытта және бірнеше рет қайталап жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

### **Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі**

Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі – заңды және жеке тұлғалардан төтенше жағдайлардың, өрттің туындау алғы шарттары, адамдардың денсаулығына зиян келтіру немесе өміріне қауіп төндіру



кейінгі әр түрлі сейсмикалық толқындардың кері қайтуы. Қайталама дүмпулер – афтершоктар, яғни басты дүмпулердің ізінен жекелеген жер сілкіністері болуы сүскін. Олар бірнеше күндер тіпті айлар ішінде болуы мүмкін.

### ***Жер сілкінісінен кейін не істеу керек?***

Мұқтаждарға алғашқы медициналық көмек көрсетіңіз. Қосымша жабдықты қажет етпейтін жағдайларда зардап шеккендерді үйінділерден босатып алыңыз. Абай болыңыз! Балалардың, ауру адамдардың, қарт адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз. Оларды тыныштандырыңыз. Өте қажет болмаса телефонға жоламаңыз. Радиотаратқышты қосыңыз. Зілзала зардабын жою саласындағы штабтың жергілікті өкілдерінің нұсқаулықтарына бағыныңыз. Пәтерде электржелісінің ақауы бар ма екенін тексеріңіз, ақауын жөндеңіз немесе электрді өшіріңіз. Есіңізде сақтаңыз, қатты жер сілкінісі болған кезде қалада электр автоматты түрде өшіріледі. Газ және сутартатын желілерде бұзылған жер бар ма, соны тексеріңіз. Ақауларын жөндеңіз немесе желілерді өшіріңіз. Ашық отты пайдаланбаңыз. Баспалдақпен түсіп бара жатқанда, абай болыңыз, оның беріктігіне көз жеткізіңіз. Көрнекті бүлінген ғимаратқа жақындамаңыз, оған кірмеңіз. Жер сілкінісінен кейін алғашқы 2-3 сағатта өте қауіпті қатты қайталанатын дүмпулерге дайын болыңыз. Өте қажет болмағанда ғимаратқа кірмеңіз. Қайталануы ықтимал дүмпу болады деп ойламаңыз және сөз таратпаңыз. Ресми мәліметтерді пайдаланыңыз. Егер Сіз үйіндінің астында қалсаңыз, жағдайды сабырлылықпен бағалаңыз, мүмкін болса өзіңізге медициналық көмек көрсетіңіз. Адамдармен байланысуға тырысыңыз, құбыр және батареяларды дабыл беру үшін пайдалануға болады.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Жер сілкінісінің неше түрі бар?
2. ҚР қай облыстары сейсмоқауіпті өңірге жатады?
3. Жер сілкінісінің қарқындылығын не анықтайды?
4. Жер сілкінісі кезінде қалай әрекет етуге болады?
5. Жер сілкінісінен кейін қалай әрекет етуге болады?



жатқауларының ортасында, тіреуіш колонналардың жанында. Егер бар болса, үстелдің астына тығылыңыз, «малдас құрып», (басты бұғып «жүрелеп» отырыңыз). Құлайтын сынықтардан немесе ауыр жиһаздардан сақтаныңыз. Терезелер мен ауыр жиһаздардан аулақ тұрыңыз. Самалдыққа шықпаңыз, ол қирап қалуы мүмкін.

Жалпы ережелер – ғимараттан жүгіріп шықпаңыз, жанында қирап жатқан ғимараттан ұшқан сынықтар үлкен қауіп туғызады. Ең жақсысы өзіңіз тұрған жерде бас сауғалаңыз, жер сілкінісінің аяқталуын күтіңіз, егер қажет болып жатса, ғимараттан содан кейін шығарсыз.

Егер сіз биік ғимаратта болсаңыз, баспалдаққа немесе лифтіге жүгірмеңіз. Шығатын жердің барлығына адам толып қалуы мүмкін, ал лифті өз жұмысын тоқтатады. Өзіңіз тұрған жерде құтқарылуды күтіңіз.

Егер жарық сөніп қалса немесе лифтілердің, өртке қарсы қондырғылар не болмаса күзет жүйелері дабылдары соғылса, не өртке қарсы шашыратқыш сулар қосылса, сынған ыдыстардың сыңғырын, қабырғаның жарылғанын, құлаған заттардың дауыстарын естуге дайын болыңдар.

Егер сіз сейсмोटұрақты емес кірпіш үйде немесе басқадай қауіпті құрылыста болсаңыз, сіз онда іште болғаннан гөрі ғимараттан шығып кету дұрыстығына шешім қабылдайсыз. Мұндай жағдайда жылдам жүгіріңіз, бірақ сақ болыңыз, құлаған кірпіштен, үзілген сымдардан және басқа қауіп көздерінен абайлаңыз.

Егер сіз ғимаратта болмасаңыз, ғимараттардан және электр желілерінен алыс, ашық жерлерге шығуға тырысыңыз.

8. Егер сіз автокөлікте келе жатсаңыз, электр сымдары мен көпірлерден, биік ғимараттардан алыс жерлерге еркін тоқтауыңызға болады. Автокөліктен шықпай дүмпулер мен сілкулердің тоқтауын күтіңіз.

10. Егер сіз жаңа дүмпуді сезінсеңіз таңданбаңыз. Алғашқы қатты дүмпуден кейін уақытқша тыныштық орнауы мүмкін, ал содан кейін жаңа дүмпулер. Бұл құбылыс – сол жер сілкінісінен



және өз құзіреті шегінде шұғыл қызмет көрсету әрекеті бойынша іс-қимыл жасауды соңынан үйлестіретін шұғыл көмек шараларын қабылдауды талап ететін хабарларды қабылдау және өңдеу қызметі;

БҚДҚ «112» уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшелерінде құрылады. Облыстардың, астаналардың, қалалардың, аудандардың, облыстық маңызды қалалардың халқын ТЖ туындау қауіпі немесе туындауы кезінде уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшелерінің БҚДҚ хабарландырады. Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметін қалыптастыруды, дамытуды және оның жұмыс істеуін уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

Жеке және заңды тұлғалардан хабарландыруды қабылдау және өңдеу мақсатында «112» бірыңғай телефон нөмірі әрекет етеді.

Байланыс операторлары төтенше жағдайлар туындау қауіпі немесе туындауы кезінде қоңырау шалған абоненттің тұрған жері анықталысымен, халықтың ұялы байланыс телефондарына тегін негізде «112» бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметті көрсетуі тиіс.

Мемлекеттік органдар, оның ішінде олардың аумақтық бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар, адамдар жаппай болатын объектілерді, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын заңды тұлғалар ақпараттық-коммуникациялық желілер мен автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметімен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы аумағында «112» бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметке өкілетті болып табылатындар:

1) төтенше жағдайлардың, өрттердің туындау қауіпі немесе туындауы, адам өміріне қауіп немесе адамның денсаулығына зиян келуі, шұғыл көмек шараларын талап ететін және басқа жағдайлар туралы жеке немесе заңды тұлғалардан түскен хабарларды қабылдау және өңдеу;

2) төтенше жағдайлардың, өрттердің туындау қауіпі немесе туындауы, адам өміріне қауіп немесе адамның денсаулығына зиян келуі, шұғыл көмек шараларын талап ететін және басқа жағдайларда шұғыл қызметтерге әрекет ету жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру;

3) төтенше жағдайларды жою және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде авариялық-құтқару құрылымдары күштерін, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның шұғыл қызметі әрекеттерін үйлестіру;

4) төтенше жағдайлардың туындауы туралы жеке немесе заңды тұлғалардың хабарландыруы және ақпараттандыруы адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайда, сондай-ақ орын алған жағдайда әрекет ету тәртібі;

5) Төтенше жағдайларда жедел әрекет етудің кезек күттірмейтін шараларын жүзеге асыру мәселесі бойынша ТЖК және ТЖД басшыларының жарлықтарын орындауға міндетті ТЖК ведомствоға жататын ұйымдары мен мекемелеріне, облыстарда (қалаларда) орналасқан, ТЖД мемлекеттік мекемесінің ведомствоға жататын кезекші қызметтеріне жеткізіледі.

6) облыстарда (қалаларда) орналасқан төтенше жағдайларда жедел әрекет етудің кезек күттірмейтін шараларын жүзеге асыру мәселесі бойынша ТЖК және ТЖД басшыларының жарлықтарын орындауға міндетті ТЖК ведомствоға жататын ұйымдары мен мекемелеріне жеткізіледі.

**Байланыс жүйесі** – бұл басқару ұйымдарының қабылдайтын және шешетін мәселелеріне сәйкес ашылған, байланыс құралдары мен күштерін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету. Байланыс жүйесі АҚМЖ әрбір басқару звеносында құрылады, алдын ала құрылады және қызмет көрсетудің жоғарғы режиміне өту кезінде ашылады. ТЖ аймағындағы байланыс компьютерлік жүйе, транкингітік және ұялы байланыс, спутниктік жүйе, байланыстың сым құралдары, радиорелейлік, радионы кешенді қабылдаумен қамтамасыз етіледі. **ҚР ПМ ТЖК құрылымдары мен бөлімшелері** маршты орындау кезіндегі байланыстың негізгі түрі, ТЖ аймағында құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды қалыпқа келтіру радиобайланыс болып табылады.



Құтқару құрылымының жедел тобы ТЖ туындаған жерге өзінің байланыс

мен азық-түлік салынады. Аспа дорбадағы барлық зат жаңа болуы тиіс (және мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады) және ол күнделікті тұрмыста қолданылмауы тиіс. Азаматтық қорғаныс аспа дорбасы тек қана бір – қауіпті аймақтан барынша жылдам шығуға арналған. Қауіпті аймақ деп, жер сілкінісі, су басу, өрт, жаман криминалдық жағдай, соғыс әрекетінің ошағын және т.б. айтады. Дабыл аспа дорбасы жоғарыда сипатталған төтенше жағдайларға арналып әрбір отбасында болуы тиіс, сізде сапалы матадан тігілген, сенімді аспа дорба заттарымен және тамағымен дайын болуы тиіс:

- маңызды құжаттардың көшірмелері су өтпейтін орамда?
- несие карталары және қолда бар ақшалар;
- портативті радиоқабылдағыш және запас батареикалар; мультитул – көп қызметті инструменті;
- жылы киімдер;
- дабылдық құралдар ( ысқырық, фальшфейер);
- қойын дәптер және қарындаш;
- ыдыс-аяқ;
- ауыз суы және 1 – 3 күндік азық-түлік;
- дәрі қобдишасы.

#### ***Жер сілкінісі кезінде не істеу керек?***

Жер сілкінісі болған кезде, жер барынша қысқа уақыт ішінде сілкінетін болады – мүмкін бар-жоғы бірнеше секунд шығар, ал қатты жер сілкінісі кезінде – бір минутқа дейін. Сілкініс сізді қорқытуы мүмкін, бірақ сіздің оның аяқталуын күтуден басқа амалыңыз жоқ. Егер сіз байсалдылықпен және ақылдылықпен әрекет етсеңіз, онда сіздің аман қалу мүмкіндігіңіз артады. Оның үстіне, сіздің сабырлылығыңыз сізді қоршаған адамдарға беріледі, сізден үлгі алуға көмектеседі.

Жердің немесе ғимараттың ауытқуын сезсеңіз, бұл жердегі ең үлкен қауіп құлайтын заттар мен заттардың сынықтары. Көп ойланбай үстелдердің немесе төсектердің астына тығылыңыз. Кім тығылсам ба екен, тығылмасам ба екен деп көп ойланып тұрса, сол көбірек зардап шегеді.

Өзіңізді сабырлы ұстаңыз және өзіңізді қоршағандардың бытырауына жол бермеңіз (айғайламаңыз, әбігерге түспеңіз).

Егер Сіз ғимараттың ішінде қалып қойсаңыз, қауіпсіз жерге барып тұрыңыз: ішкі қабырғаның қауіпсіз тұсында, бұрышқа, есік





## Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

**Мемлекеттік бақылау** – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексеру жүргізілетін субъектілерге қойылатын талаптардың сәйкестігін қадағалау және тексеру жүргізуді жүзеге асыру барысында жедел реттеусіз шектеулі сипат құқығында шаралар қолданылуы мүмкін, мемлекеттік бақылау және қадағалау органының қызметі.



**Мемлекеттік қадағалау** – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарымен, оны жүзеге асыру барысында жедел әрекет ету шараларын қолдану құқығымен, нәтижесі бойынша әкімшілік жаза қолданылуы

ықтимал, қадағалау субъектісін бақылау және қадағалау, алдын алу, тексеру жөніндегі бақылау және қадағалау органының қызметі.

Азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау орталық және жергілікті атқарушы органдардың, азаматтық қорғаныс бойынша санаттандырылған ұйымдардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың және азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген азаматтық қорғаныс жөніндегі талаптармен іс-шараларды атқаруды қамтамасыз етуіне бағытталған.

Тексеруге немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін қолданылатын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне, «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін және тексеру парақтарының нысанын қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

сілкінісінің алдында жиі жер асты суларының деңгейі көтеріледі немесе төмен түседі.

**Сейсмикалық толқындардың жылдамдығы** - сейсмикалық толқындардың жылдамдығы, сулар сол арқылы таралатын, тау жыныстарының тығыздық жағдайына, сондай-ақ судың ағыс жағдайы мен басқа да жыныстардың физикалық сипатына байланысты.

**Геомантизм** - тау түрлерінің деформациялануына және жер қабатының жылынуынан жердің магнит алабын оқшаулап шектелген өзгеріске ұшырайды. Магнитті алқаптың кіші вариациясын өлшеу үшін арнайы магнитомерлер әзірленген.

**Жер электрі** - тау жыныстарындағы электр кедергісі жер сілкінісі мен байланысты болуы мүмкін. Бір-бірінен бірнеше километр аралықта топыраққа орнатылған электродтардың көмегімен өлшенеді.

**Жер асты суларында радонды ұстау** - радон жер асты сулары мен ұңғыма суында болатын радиобелсенді газ. Олар әрдайым жерден атмосфераға бөлініп шығады. Судың құрамындағы радонның өзгеруі, болуы мүмкін жер сілкінісінің белгісі.

**Жануарлардың мінез-құлқы** - жануарлардың мінез-құлқын жер сілкінісін болжау үшін пайдалану қиын, себебі олардың мінез-құлқының өзгеруі көптеген себептерден болуы мүмкін, оған ауа-райы, тамақты, ден саулықты жатқызуға болады. Егер тек олардың жаппай мінез-құлқы өзгергені байқалса, онда басқаша түсіндіру мүмкін болмайды, бұл өзгерісті жер сілкінісінің белгісі деп бағалауы керек. «Мир» ғарыш станциясында жер сілкінісін болжау туралы қызықты тәжірибе өткізілді. Бұл тәжірибені өткізу барысында Жердің радиациялық белдеуінің шекарасындағы бөлшектер ағынының «өзгеруі» мен жер сілкінісінің арасында байланыс бар





- Орташа мерзімді (айлар)
- Қысқа мерзімді (күндер мен сағаттар) болады.

Болжамның кез-келген түрінің нақты практикалық бағыты болуы әбден мүмкін:

- ұзақ мерзімді – сейсмикалық ауданда жерді пайдалану және құрылыс салуды жоспарлауға мүмкіндік береді;
- орташа мерзімді – авариялық қызметті дайындыққа келтіріп, материалдық заттарды қорланудыруға мүмкіндік береді;
- қысқа мерзімді – аса ірі өндірістерді тоқтатудан бастап, халықты көшіруге дейінгі жағдайларда төтенше шараларды қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Болуы мүмкін жер сілкіністерін алдын-ала хабарлау, болжамшылар зерттеп-білу негізінде іске асырылады. Жер сілкінісінің хабаршылары – бұл мағынасын жер сілкінісінің алдында жүйелі түрде өзгертіп отыратын жердің сипаттамасы. Ықтимал алдын-ала хабарлауға жататындар:

**Сейсмикалық** - әр түрлі магнитудадағы жер сілкінісінің жағдайы мен саны жуық арада болатын жер сілкінісінің аса маңызды индикаторының қызметін атқаруы мүмкін.

**Жерқыртысының қозғалуы** - Жердің үстінен триангуляциялық желістің көмегімен геодезиялық түсіруі және ғарыштан спутниктер арқылы бақылау жердің үстіндегі ірі көлемді деформацияны анықтауы мүмкін.

**Жер қыртысының учаскелерінің төмен түсуі және жоғары көтерілуі** - жер үстінің вертикальдық қозғалысын құрғақ жерде тура нивелировкалар арқылы немесе теңізде теңізграфтың көмегімен өлшеуге болады.

**Жер үсті еңістері** - жер үсті еңісі бұрышының вариациясын өлшеу үшін наклонмер құралы құрастырылған болатын. Бұл өте сезімтал құрал, жер сілкінісінің болжауына аз уақыт қалғанда, жер үсті еңістеріндегі білінбейтін (5 см дейін) өзгерістерді қабылдайды.

**Деформация** - тау жыныстарының деформациясын өлшеу үшін ұңғымаларды бұрғылайды және ол жерге екі нүктенің салыстырмалы түрде ауысымның мөлшерін анықтап отыратын деформографтарды орнатады.

**Құдықтар мен ұңғымалардағы судың деңгейі** - жер

Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы жинақталады.

### 1. Объективті өлшемшарттар

Негізгі тексерілетін субъектілер (объектілер) тәуекел дәрежелері бойынша объективті Өлшемшарттар арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне мынадай объектілер жатады:

- орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелері;
- облыстардың аудандары және қалалар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, облыстардың жергілікті атқарушы органдары;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың, облыстардың жергілікті атқару органдарындағы Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша құрылымдық бөлімшелер (ұйымдар, мекемелер);
- Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдар;
- азаматтық қорғау қызметі соның базасында құрылған ұйымдар;
- табиғи және жасанды су айдындарында жаппай дем алу орны бекітілген ұйымдар.

Жоғары тәуекел дәрежесіне (болмашы) жатпайтындар:

- орталық атқару органдарының ведомствоға жататын ұйымдары;
- ауылдық аудандардың жергілікті атқару органдары;
- Азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылыстары және басқа мүліктері бар, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатпайтын ұйымдар;
- солардың базасында эвакуациялық пункттер құрылған, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатпайтын ұйымдар.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жататын субъектілерге (объектілерге) бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қатысуымен профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қоладнылады.

Жоғары және жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспардан тыс тексерулер және профилактикалық қадағалау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай қабылданады.

## 2. Субъективті өлшемшарттар

Субъективті өлшемшарттарды анықтау ақпараттардың келесі көздері негізінде жүзеге асырылады:

1) бақылау субъектілері ұсынатын мәліметтер мен есептемелердің мониторингі нәтижелері (Азаматтық қорғаныс шараларын орындау туралы есептеме);

2) субъектіге (*объектіге*) бару арқылы өткізілген алдындағы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері;

3) су айдындарындағы қолайсыз оқиғалар (табиғи және жасанды су айдындарында жаппай дем алуға белгіленген орында бір немесе бірнеше адамның жарақат алу, зақымдану немесе қаза болу фактісі бойынша);

4) заңды және жеке тұлғалардың өткен жыл үшін шағымдануы;

5) табиғи және жасанды су айдындарында жаппай дем алуға белгіленген орында құтқару постын салуға қойылған талаптың бұзылуы туралы бұқаралық ақпарат құралдарын және ресми интернет-ресурстарды талдау нәтижелері.

Азаматтық қорғаныс саласындағы бақылауды және әкімшілік айып салу кезінде олардың өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары - уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы - уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамы;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың

жылы 4 қаңтарда болған. Кемин жер сілкінісі. Магнитудасы-8,2 (11-12 балл). Верный қаласы мен Есік көлінің солтүстік жағалауы күшті зақымданды. 540 адам қаза тапты. Шығын -1,4 млн. сом (сол кездегі бағамен). Мамандардың санауынша жер қойнауынан шыққан энергия Днепрогэстің 326 жыл тоқтаусыз жұмыс жасағанда шығаратын энергиясына тең болды.

1990 жылы 14 маусымда 12 сағ. 47 мин. Зайсан жер сілкінісі болды. Магнитудасы - 7,0 (эпицентрінде 8 балл). 8874 үй қираған. 36 мың адам баспанасыз қалды. 1 адам қаза болды. Шығыны – 300 млн. теңге.

2003 жылы 23 мамырда - 01 сағ. 12 мин. Луговой жер сілкінісі болды. Магнитудасы-5,4, қарқындылығы-7, 8 балл, тереңдігі-14 км.


7 361 тұрғын үй, 18 білім беру объектісі, 7 денсаулық сақтау объектісі, 19 әкімшілік ғимараты қирап қалды. 20 900 адам баспанасыз қалды, олардан 29 адам зардап шегіп, 3 адам қаза тапты. Материалдық шығын – 15 587,7 млн. теңге.

Жер шарындағы миллиондаған адамдар сейсмо қауіпті аймақтарда тұрады. Жер сілкінісінен орта есеппен 8 мың адамнан 1 адам қаза табады, одан 9 есе көп адам жер сілкінісі салдарынан зардап шегеді.

Сондықтан үкімет мекемелерінің жер сілкінісінің болжамына деген ынта-үміті артып отыр, егер алдын – ала берілген болжам тура болса, мыңдаған адамдар аман қалады, жалған болатын болса көптеген қалаларды көшіру бос әурешілік болады. Жер сілкінісі жөнінде екіұштылық көп болғандықтан, олар жөніндегі алдын-ала айтылған жорамалдардың дәл келуі сирек болады. Дегенмен де, алдын-ала айтылған жорамалдың дұрыс келуі қызығарлықтай, сондықтан бүгінгі күнде жүздеген ғалымдар, әсіресе АҚШ, Жапония, Қытай, ТМД елдерінде жер сілкінісі болжамы туралы зертеулер жүргізілуде.

Жер сілкінісі болжамы:

- Ұзақ мерзімді (бірнеше жыл)



Мысалы, Қазақстанда 1990 жылы 14 маусымда 12 сағ. 47 мин. Зайсан жер сілкінісі болды. Магнитудасы - 7,0 (8 балл). Ал Армениядағы Спитак жер сілкінісі (1988 ж 8 желтоқсан) кезінде, іс жүзінде осындай магнитудада 10 балл болды. Бұл айырмашылықтың себебі гипоцентрдің әр түрлі тереңдігі және әр түрлі топырақ жағдайы.

Барынша күшті жер сілкінісінің географиялық сейсмикалығы

***Жер сілкінісі жердің бетінде негізгі аса белсенді екі белдеуге бөлінеді:***

1. *Тынық мұхиты белдеуі* – Тынық мұхитын қоршаған жер сілкінісінің аймағы, дүние жүзі бойынша барлық жер сілкінісінің 90% осы жерде болады.

2. *Жерорта теңізі-Азия белдеуі* – бұл Жерорта теңізінен Түркия, Иран, Солтүстік Үнді арқылы өтеді, барлық жер сілкінісінің 5-6% осында болады. Қазақстанның сейсмоқауіпті аймағы, нақты осы белдеуге тура келеді.

Жер сілкінісінің қалған 4-5% мұхит ортасы жотасында немесе тақталардың ішінде болады.

Қазақстан Республикасында сейсмикалық қауіпті аймақтарға мына облыстар орналасқан:

1. Шығыс Қазақстан облысы
2. Алматы облысы
3. Жамбыл облысы
4. Оңтүстік Қазақстан облысы
5. Қызылорда облысы
6. Маңғыстау облысы

Қазақстан Республикасында болған күшті жер сілкінісітеріне мыналар жатады:

1887 жылы 9 маусымда болған Вернен жер сілкінісі. Жер сілкінісінің кіндігі – Верный қаласының оңтүстігінен 15 шақырымда болды. Магнитудасы-7,3 (9-10 балл). Қала түгелімен қираған болатын. 329 адам қаза тапты. Шығын-2,6 млн. сом (сол кездегі бағамен).

1889 жылы 12 шілдеде - Шелекте жер сілкінісі болды. Магнитудасы 8,3 (жер сілкінісінің кіндігінде -10 балл). 24 адам қаза тапты. 3 мыңға жуық құрылыс қирап қалды.

Қазақстан мен Орта Азиядағы күшті жер сілкінісінің бірі - 1911

азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары - уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының орынбасары;



6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қала ауданының азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекет-

тік инспекторы - уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы жатады.

Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау және қадағалау нысандары:

дар мен халықтың алған білімдерін нығайту үшін оқу-үйренулерге, жаттығуларға және үйрену түрлеріне сәйкес сабақтарға, азаматтық қорғау саласындағы оқу-үйренулерге тартады. Сондай-ақ 24.02.2015ж. ҚР ІІМ «АҚМЖ қызметі және ұйымдастыру ережесі» туралы бұйрығына сәйкес, дайындықты, басқару органдарының дайындық деңгейін, жүйелердің күштері мен құралдарын тексеру жыл сайын жоспарланады және оның шағын жүйелері мен звеноларында үйренулер мен жаттығулар өткізіледі. Оқу-үйренулер және жаттығулардың түрлері, олардың мерзімдері, өткізу жоспары және көлемін тиісті бірінші басшы – **Азаматтық қорғаныс бастығы** бекітеді. Бұл оқу-үйренулер өнедірістік ерекшеліктерді, аумақтық орналастыру ерекшеліктерін және аталған объектідегі басқа да факторларды, азаматтық қорғаудың барлық міндеттерін және азаматтық қорғаныс шараларын орындау жөніндегі барлық шаралар кешенін іс жүзінде пысықтауға мүмкіндік береді.

Өздерінің бағыттары мен мақсаттары бойынша ұйымдарда оқу-үйренулер ТЖ әрекеттері бойынша келесіге бөлінеді: жоспарлы, тексерілетін және көрсетілетін.

$\Gamma^2$  (қайталама бұлт).

2. ҚӘУЗ-дің зақымдаушы әрекетінің ұзақтығы оның төгілген ауданынан булану уақытымен (1 және 4-кесте)

$$T = \frac{hd}{K_2 K_4 K_7}$$

3. Объектіге зақымданған ауа бұлтының келу уақыты

$$t = \frac{x}{V}$$

$x$  – берілген объектіге дейін зақымдану көздерінен қашықтығы, км;

$V$  – зақымданған ауа бұлттарының алдыңғы майданнан ауысу уақыты, км/с.

3-кесте

4. ҚӘУЗ-бен ықтимал зақымдану аймағының ауданы тең:

$$S_B = 8,72 \cdot 10^{-3} \Gamma^2 \varphi$$

$\Gamma$  – зақымдану аймағының тереңдігі, км;

$\varphi$  – желдің жылдамдығына тәуелді зақымдану аймағының бұрыштық мөлшері (4-кесте).

6. Адамдардың зақымдану дәрежесі мен шығындарын анықтау

Зақымдану масштабтарын алдын ала болжамдау кезінде негізгі мәліметтер ретінде қабылдауға ұсынылады:

ҚӘУЗ-дің шығу көлемі үшін ( $Q_0$ ) – бірыңғай сыйымдылық көлемі;

- сейсмикалық аудандар үшін – ҚӘУЗ-дің жалпы запасы;

- метеожағдайлар – желдің жылдамдығы 1 м/с;

- ауаның тік тұрақтылығы дәрежесі – инверсия.

Есептеме кезінде келесідей жорамалдар қолданылады:

- ҚӘУЗ бар сыйымдылықтар, авария кезінде толық қирайды.

$$Q_0 = \frac{ndV_T}{100}$$

-n- табиғи газдағы ҚӘУЗ-дің проценттік мөлшері;  
-Vt -автоматты бөліктер аралығындағы газ құбыры секцияларының көлемі, мЗ.

Қайталама бұлттар бойынша ҚӘУЗ-дің эквивалентті мөлшері мыналарға қатысты есептеледі:

$$Q_{Э2} = (1 - K_1) K_2 K_3 K_4 K_5 K_6 K_7 \frac{Q_0}{hd}$$

$K_2$  –ҚӘУЗ-дің физико-химиялық қасиетіне тәуелді коэффициент;

$K_4$  –желдің жылдамдығына тәуелді коэффициент (5-кесте);

$K_6$  –авария басталғаннан кейінгі уақытқа тәуелді коэффициент;

d – ҚӘУЗ-дің тығыздығы, т/мЗ (шамамен 1);

h – ҚӘУЗ қабаттарының қалыңдығы, м.

$Q_0$  – заттардың авария кезінде төгілген мөлшері.

Коэффициенттердің  $K_1$   $K_3$   $K_7$  (1-кестеде) мәні.

1. Зақымдану аймағының тереңдік мәні  $QЭ_1$  және  $QЭ_2$  мен ауа қозғалысы жылдамдығы мәніне байланысты.

Алғашқы және қайталама бұлттардан зақымдаған аймақтардың тереңдігі 2-кесте бойынша анықталады.

Г – зақымдау аймағының толық тереңдігі, км.

$$Г = Г^I + 0,5 Г^{II}$$

$Г^I$  және  $Г^2$  – мөлшерлердің ең кіші және ең үлкен мөлшерлеріне сәйкес

$Г^I$  (алғашқы бұлт);

Жоспарлы оқу-үйренулер ТЖ әрекеттерінде қарастырылған тапсырмаларды орындауға объектінің барлық санаттағы оқырмандарын дайындау циклін аяқтайды.

Тексеру оқу-үйренулері персоналдардың және АҚ құрылымдарының, басқару органдарының, командалық-басшылық құрамын және басшыларын АҚ бойынша дайындау деңгейін және объектінің дайындау дәрежелерін анықтау мақсатында өткізіледі.

**Кешенді оқу (КО).** КО өткізу барысында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қауіп-қатері және жоюмен, байланысты шаралар пысықталады. Азаматтық қорғаныс (тақырыбын ұйымдардың азаматтық қорғаныс бастықтары анықтайды).

**Тактикалық арнайы оқу-жаттығулары (ТАО)** АҚ құрылымдарын дайындаудың негізгі және барынша тиімді нысаны болып табылады.

ТАО басты мақсаты – бұл Азаматтық қорғаныс және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі міндеттерді орындауға азаматтық қорғау құрылымдарын дайындау.

ТАО дайындау және қайта дайындау кезінде АҚ құрылымдарындайындау бағдарламасын, АҚ құрылымдарымен ТАО ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық, ұйымдардың АҚ жоспарларын басшылыққа алу керек.

**Командалық – штабтық оқу-үйрену (КШО)** ұйымдарда Азаматтық қорғаныс бастықтарын, АҚ және ТЖ штабтары мен қызметтерінің басшылар құрамын, Азаматтық қорғаныс құрылымдары командирлерін, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға және Азаматтық қорғанысқа дайындаудың негізгі түрінің бірі болып табылады.

КШО жыл сайын өткізіліп тұрады.



**Объектілік жаттығу (ОЖ)** - бұл кешенді оқудың өткізу уақыты мен орындалған шаралардың көлемі бойынша қысқартылған, жеңілдетілген түрі.

Объектілік жаттығу жұмыс істейтіндердің саны 300-ден кем мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда және бейбіт уақытта ТЖ жағдайларында әрекет етуге оқу орындарында дайындық үшін өткізіледі. ОЖ-да «ТЖ және алдын алу жөніндегі әрекет Жоспарында» қарастырылған тек қана жекелеген тәжірибелік шаралар өткізіледі. ОЖ өткізу мерзімі жылына бір реттен кем емес.



ОЖ 2 тәулікке дейін созылады. ОЖ-ға бүкіл басшы құрам, құрылымдар мен ұйымдар, АҚ құрылымдарының командирлері, сондай-ақ құрылымға кірмейтін жұмысшылар мен қызметшілер қатысады.

Жалпы білім беру мектептерінің барлық түрінде және мамандандырылған мектептерде жыл сайын «Азаматтық қорғаныс күні» өткізіледі.

**Штабтық жаттығулар (ШТ)** Азаматтық қорғаныс бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауысуы бойынша санатқа жататын ұйымдарда, орталық және жергілікті атқару органдарында, олардың ведомствоға жататын ұйымдарында АҚ жыл сайын өтіп тұрады. ОАО басшы құрамдарында - 2 жылда 1 рет өткізіледі.

**Кешенді оқу (КО).** КО басқару органдарын, басшы құрамдарды, АҚ құрылымдарын, ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілерін, ұйымдарға жақын тұратын халықты, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және Азаматтық қорғаныс бойынша дайындау нысанының бірі болып табылады.

КО Азаматтық қорғаныс бойынша санатталған барлық ұйымдарда 3 жылда 1 рет өткізіледі.

Оқудың ұзақтығы барлық оқу мәселелерінің толық және сапалы пысықталуын қамсыздандыруы және үш тәуліктен аспауы

7.Адамдардың қорғалғандығы дәрежесі ( ашық кеңістік, панахана).

*Химиялық жағдайларды бағалау тәртібі*

Анықтаулар:

*Алғашқы бұлт* – Сыйымдылық бұзылған кезде ондағы ҚӘУЗ-дің бір бөлігінің атмосфераға қас қағымда (1–3 мин) ауысуы нәтижесінде пайда болған ҚӘУЗ бұлты.

*Қайталама бұлт* – бұл төсемнің үстіңгі бетінен төгілген заттардың булануы нәтижесінде туындайтын ҚӘУЗ бұлты.

*Алғашқы бұлт бойынша ҚӘУЗ мөлшерінің эквивалентті маңызы мына формула бойынша есептеледі:*

$$QЭ_1 = K_1 K_3 K_5 K_7 Q_0$$

$K_1$  – сақтау шартына тәуелді (қысылған газға арналған  $K1 = 1$ ) коэффициент;

$K_3$  – зақымдаушы хлордың уландырушы дозасының басқа ҚӘУЗ-дердің зақымдаушы уландырушы дозасына тең қатынасты коэффициент;

$K^5$  – ауаның тік тұрақтылық дәрежесін ескеретін коэффициент (инверсия кезінде – 1, изотермия – 0,23, конвекция– 0,08);

$K_7$  – ауа температурасы әсерін ескеретін коэффициент (қысылған газға арналған 1 тең);

$Q_0$  – авария кезінде тасталған (төгілген) заттар.

1 кестедегі  $K_1 K_3 K_7$  коэффициенттердің мәні.

*Қоймалардағы қысылған газ авариялары кезінде мына формула қолданылады:*

$$Q_0 = dV_x,$$

$d$  – ҚӘУЗ-дің тығыздығы, т/м<sup>3</sup>;

$V_x$  – қойманың көлемі, м<sup>3</sup>.

Газ құбырындағы авария кезінде көлемі қалай анықталады:



қабатынан суық болған кезде. Аспан ашық түнге, аязды қысқы күнге, сондай-ақ таңертеңгі және кешкі сағаттарға тән.

Химиялық қауіпті объектілерде авария болған кезде туындайтын құбылыстардың, факторлардың, соның ішінде оқиғалардың көптігінен, болып жатқан физикалық процестердің күрделілігінен алынатын дәл есептеме. Сондықтан да есептеме аппроксимациондық формулаларды пайдаланумен, эмпириялық байланыстылықпен, долбар кезіндегі кестелермен жүргізіледі.

*Химиялық жағдайларды бағалауға кіретіндер:*

1. Зақымдану аймағы тереңдігін анықтау
2. ҚӘУЗ-дің зақымдаушы әрекеттерінің созылуын анықтау
3. Берілген объектіге зақымданған ауаның келу уақытын анықтау
4. Ықтимал зақымдану аудандарын анықтау



5. Ықтимал жоғалтулар мен адамдарды зақымдау дәрежелерін анықтау (6-кесте)

6. Ықтимал зақымдану аймақтарын картаға түсіру. Зақымдану масштабтарын болжамдауға арналған қажетті мәліметтер:

1. Атмосфераға түскен ҚӘУЗ-дің жалпы мөлшері (тонна).
2. Олардың төгілу сипаты (түпқоймаға, үйіндіге немесе еркін).
3. Түпқойманың немесе қойма сыйымдылығының биіктігі (метр).
4. Метеожағдайлар: ауа температурасы, 10 м биіктіктегі желдің жылдамдығы.
5. Ауаның тік тұрақтылық дәрежесі (инверсия, конвекция, изотермия).
6. Авария болған жерден объектіге дейінгі қашықтық (километр).

тиіс. Жоғары тұрған АҚ бастығының шешімі бойынша оқудың уақыты ұзартылуы мүмкін.

КО-ға бүкіл басшы құрам, ұйымдардың, АҚ құрылымдарының командирлері, жеке құраммен, техникамен, құрал және мүлікпен толық жабдықталған құрылымдардың ықтимал ең көп саны, сондай-ақ құрылымдарға кірмейтін жұмысшылар мен қызметшілер тартылады.

Оқудың барлық түрлерін (КО, ОЖ, КШО, АТО) даярлау мен өткізудің нақты сұрақтары тиісті Нұсқаулықтарда көрсетілген.

«Азаматтық қорғау туралы» Заңға сәйкес, ұйымдарда, оқу орындарында және мектепке дейінгі мекемелерде кемінде тоқсанына бір рет сейсможаттығу өткізіледі.

Авариялық жағдайлар бойынша жаттығулар барлық ұйымдарда, оқу орындарында және мектепке дейінгі мекемелерде тоқаснына бір рет өткізіледі.

Сел қауіпі бар аймақта орналақан ұйымдарда, оқу орындары мен мектепке дейінгі мекемелерде жыл сайын сел қауіпі басталар алдында сел бойынша жаттығу өткізіледі.

Өздігінен айналысатын және жұмыс істемейтін халық оқуға және жаттығуға тартылады. Оқу құралдарын, жаднамаларды, мерзімдік баспасөз материалдарын, көретін (тыңдалатын) теле-, радиоберілімдер бойынша өз беттерімен үйренеді.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Оқу-үйренулер және жаттығулар қандай мақсатта өткізіледі?
2. Қандай оқу-үйренулер АҚ құрылымдарын дайындаудың негізгі нысаны болып табылады?
3. Өткізілетін шаралар көлемі және өткізілетін уақыты бойынша қысқартылып өткізілетін ұйымдар бойынша жеңілдетілген болып табылатын оқу-үйренулер қалай аталады?
4. Сел жаттығулары қандай ұйымдарда және қандай мерзімде өткізіледі?
5. Қандай жаттығулар барлық ұйымдарда, оқу орындарында және мектепке дейінгі мекемелерде тоқсан сайын өткізіліп отырады?

## Тақырып: МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВ

*Мемлекеттік материалдық резерв* (бұдан әрі – мемлекеттік резерв) – жұмылдыру мұқтаждарына арналған материалдық



құндылықтар запасы тұрақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою мен алдын алу, босқындарға көмек және ізгілік көмек көрсету және нарыққа реттеушілік ықпал жасау;

*Жұмылдыру резерві* – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындау, бейбіт уақытта ізгілік көмек көрсету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау үшін қажетті және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметінде пайдаланбайтын шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнайы құрылымдардың материалдық-техникалық құралдары;



*Материалдық құндылықтардың мемлекеттік материалдық резервтен шығару* –

материалдық құндылықтарды жаңарту, қарызға беру, броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен алу;

Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қарызға беру – мөлшері мен сапасы бірдей, ұқсас материалдық құндылықтарды белгілі бір шарттармен мемлекеттік резервке кейіннен қайтара отырып, материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығару;

## Тақырып: ХИМИЯЛЫҚ ҚАУІПТІ ОБЪЕКТИДЕГІ ЖӘНЕ КӨЛІКТЕГІ АВАРИЯ КЕЗІНДЕГІ ХИМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ БОЛЖАМДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Химиялық қауіпті заттардың төгілуімен болған авариялар айтарлықтай ауданды алып, химиялық зақымданудың кең аймағында туындап, қоршаған ортаға да, халыққа да ауыр зардаптар алып келетін барынша қауіпті авариялар санатына жатады.

Химиялық зақымдау аймағы деп адамдардың денсаулы мен өміріне, ауыл шаруашылық малдарына, өсімдіктерге белгілі бір уақыт ішінде қауіп төндіретін, сұйық немесе басқа түрдегі химиялық қауіпті заттардың жеткізілілген немесе таралған



шегіндегі акваториялар немесе аумақтар ұғынылады. Химиялық зақымдану аймағының негізгі сипаттамасы зақымданған аумақтардағы бұлттардың таралу тереңдігі болып табылады. Ол бірнеше ондаған метрлерден бірнеше ондаған километ-

рлерге дейін ауытқуы мүмкін.

Химиялық зақымдану аймағының тереңдігі зақымданған ауаның алғашқы және қайталама бұлттарының таралу тереңдігімен анықталады және белгілі бір дәрежеде метеорологиялық жағдайларға, жергілікті жердің бедеріне және ауа қабатының жер бетіндегі тік тұрақтылық дәрежесіне байланысты.

Әдетте атмосфера тұрақтылығының негізгі үш түрі болады:

- тұрақсыз (конвекция), ауаның төменгі қабаты жоғарғы қабатына қарағанда қатты ысыған кезде;

- талғаусыз (изотермия), ауа температурасы жер бетінен 30м дейінгі биіктікте дерлік бірдей. Күні бойғы құбылмалы бұлттарға, бұлтты күнге және бұлтты түнге, сондай-ақ жаңбырлы ауа райына тән;

- тұрақты (инверсия), ауаның төменгі қабаты жоғарғы

### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Қандай микроорганизмдер, бактериялар, риккетсиилер, вирустар, саңырауқұлақтар инфекциялық ауруларды қоздырғыш болып табылады?
2. Ауа кеңістігі арқылы биологиялық зақымдау құралдарын қолдану тәсілі қалай аталады?
3. Сыртқы ортадағы паразиттік және инфекциялық қоздырғыштарды жоюға бағытталған арнайы шаралар кешені қалай аталады?
4. Олардан адамды, малды, және үй-жай мен аумақты қорғау мақсатында буынаяқтылар мен жәндіктерді жою жөніндегі истребительдік және алдын алу шаралар кешеніне не кіреді?
5. Егер ауыру қауіпті болып табылмаса және оның жаппай таралатыны байқалмаса, қандай режим жарияланады?
6. Үй шаруашылығы (тоқсандық) қарау жолымен ауруларды және олармен байланыс жасаған адамдарды кім анықтайды?
7. Бөрткен сүзегін қоздырушы не?

**Материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке салу** (бұдан әрі – салу) – материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервте сақтау үшін қабылдап алу;

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту – мөлшері бірдей және сапасы ұқсас материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервке бір мезгілде немесе уақыт өткізіп салған кезде оларды сақтаудың белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығару;

**Операция жасау** – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын беру, сақтау және шығару;

**Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері** – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

**Броньнан шығару** – материалдық құндылықтарды номенклатураның өзгеруі кезінде, сондай-ақ жарамсыздыққа (жоюға) шығару кезінде, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын қолдануда және оның салдарларын жоюда, рынокқа реттеушілік ықпал жасау, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсетуде мемлекеттік материалдық резервтен шығару.



### **Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік резерв жүйесінің ведомствоға жататын ұйымдарында және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде сақталады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және Жұмылдыру тапсырыстар белгіленген ұйымдар, өздеріне сақтауға берілген мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сандық және сапалық сақталуы үшін жауап береді.



3. Жұмылдыру резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын ұйымдардың тізімі, номенклатура және бұл құндылықтарды сақтау көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тиісті кезеңде жұмыс істеп, қызмет көрсетуді орындай отырып, тауарларды өндіру жоспарларымен анықталады.

4. Жұмылдыру тапсырыстар белгіленген ұйымдар қалыптастыруды, орналастыруды, сақтауды, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын дер кезінде жаңғыртып отыруды, сату кезінде оларды шығаруды жұмылдыру тапсырыстарына сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.



Кейіннен олардан жұмылдыру тапсырыстарын алу және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын броннан шығару жағдайында, оларды сақтау мемлекеттік резервтен толық шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және мобилизациялық тапсырыстар белгіленген ұйымдар, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомствоға жататын ұйымдары мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қозғалысы және қолда бары туралы есеп беріп отырады.

6. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және жұмылдыру тапсырыстарын белгіленген ұйымдар, олардың профилі өзгерген, қайта құрылу, жекешелендіру және таралуы жағдайларында уәкілетті органдар және тиісті орталық атқарушы органдар көрсетілген процудраны өткізу туралы шешім шыққаннан кейін бес күннің ішінде хабарландырады.

**Мемлекеттік резерв келесі мақсаттарға құрылады және пайдаланылады:**

- 1) Жұмылдыру мұқтажын қамтамасыз ету;
- 2) төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөнінде шаралар қолдану;
- 3) рынокқа реттеушілік ықпал жасау;
- 4) босқындарға көмек көрсету;

кейін пәтерді, ыдыстарды, киімдерді, төсек орындарын залалсыздандырып, аурумен қарым-қатынаста болған барлық адамдар санитарлық өңдеуден өту керек.

Бактериологиялық зақымдану ошағында бола қалсаңыз, қоршағандармен қарым-қатынасқа түспеңіз. Балаларды үйден шығуға рұқсат етпеңіз. Тұрғын үй - жайларда залалсыздандырғыш ерітінділерді пайдалана отырып, күнделікті тазалау жұмыстарын жүргізу керек, қоғамдық және жеке бастың тазалығын сақтау қажет.

Ауыз суы мен тамақ дайындауға арналған суды, сондай-ақ санитарлық – гигиеналық мақсатқа арналған суды тек тексерілген су көздерінен алдын ала оны қайнатып, пайдаланған жөн. Тағам өнімдерін аузы тығыз жабылған ыдысқа (жәшікке) сақтап, тек қана оны қайнатқаннан кейін немесе қуырғаннан кейін, ал нанды отқа қақтаған соң, немесе пеште қыздырған соң пайдаланған дұрыс.

*Жұқпалы ауруларды тарататын:* тышқандарды, егеуқұйрықтарды, шыбындарды, бүргелерді, кенелерді, масаларды жою керек.

Биологиялық қару, жалпы зақымдаушы қаруға жатады. Сондықтан 1968 жылы «Жалппай зақымдағыш қаруды қолданбау туралы» Конвенция қабылданған болатын. ҚР аумағында малдарды көметін жерлер көп. Одан басқа да ООИ –дың табиғи ошақтары бар, олар кезең-кезеңімен өршіп отырады.

ҚР санитарлық-эпидемиялық жағдайы, мемлекеттік саясаттың басым міндеті болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі шықты (2009 жылғы 18 қыркүйек № 193-IV). Бұл Кодекс құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды анықтайды.

ООИ-дан халықты қорғау шаралары барлық індетке қарсы шараларды қатал орындау болып табылады:

- халықтың санитарлық – гигиеналық тәртіпті сақтауы;
- жұқпалы ауру шыққан жерді анықтап, жою;
- жұқпалы ауруды жұқтыру жолдарының алдын алу;
- ауру адамдармен қарым-қатынас жасағандарды алдын ала және толығымен тауып, оларды оқшаулау;
- жұқпалы ауруға қарсы иммунитетті күшейту;
- аумақты және үйлерді дезинфекциялау.



қатар ауырған адамдармен қарым-қатынаста болғандарды да оқшаулайды.

Ауырғандарды және олармен байланыста болған адамдарды анықтау санитарлық жасақтардың үйме-үй (пәтер бойынша) тексеру жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

*Дизенсекциялау мақсаты* - адамдардың қалыпты қызмет атқаруына және қауіпсіздікте болуына керекті қоршаған ортаның нысандарын залалсыздандыруға қол жеткізу. Дизенсекциялау үшін хлорлы әк пен хлороминнің, лизолдың, формалиннің және т.б. ерітінділері қолданылады.

*Дизенсекция мен дератизация* – бұл шыбын-шіркейлер мен кеміргіштерді жою. Шыбын-шіркейлерді жою үшін механикалық, физикалық, химиялық және аралас әдістер пайдаланылады, кеміргіштерді жою үшін механикалық құралдар мен химиялық дәрі-дәрмектер қолданылады.

Карантин аймағының жанындағы аумақтарда және қатан түрдегі карантинді режимнің сақталуы қажет болмағанда абсервация режимі енгізілді. Абсервация режимін енгізу кезінде зақымданған ошақта медициналық қадағалау және қажетті емдеудің алдын алу шаралары жүргізіледі. Абсервация кезінде зақымдалған аймақтан тұрғындардың шығуы шектеледі және алдын ала егу мен толық санитарлық өңдеуден міндетті түрде өткеннен кейін ғана жібереледі.

Бактериологиялық зақымданудың ошағында тұратын халық өзін-өзі ұстау ережесін қатан түрде сақтап, медициналық қызметкерлер мен әкімшіліктің нұсқауларын орындауы керек. Аурудың алдын алатын және жұқпалы аурулар ошағын тез арада жоюға көмектесетін



алдын ала егулер мен дәрілерді қабылдаудан қашпаған жөн.

Отбасы мүшелерінің қайсы бірінде аурудың алғашқы белгісі пайда болғанда бұл туралы жақын арадағы медициналық мекемеге хабарлап, ауруды оқшаулау керек. Оны ауруханаға жатқызғаннан

5) ізгілік көмегін көрсету.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану ережелерін бекітеді.

#### **Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды қамтамасыз ету**

1. Төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдайларды енгізген жағдайларда мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды бірінші кезекте көлік ұйымдары жүзеге асырады.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою, босқындарға көмек көрсету және ізгілік көмегін көрсету үшін шаралар қолдануға арналып, мемлекеттік резервтен шығарылатын материалдық құндылықтарды жүкке алдын ала ақы төлемей тасымалдауға, көлік ұйымдары қабылдайды. ҚР Үкіметі нарыққа реттеуші ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдалануға шешім шығарады.



Жүкті тасымалдауға кеткен шығынның орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен жүзеге асырылады.

#### **Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының құқықтық мәртебесі**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қорлары, олардың сақталған жеріне қарамастан, республикалық меншік болып табылады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары тұрған объектілерде және (немесе) сақталған пункттерінде болжалған қиындықтар туған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша материалдық құндылықтарға шет елдің қатысуын

ұйымдастыру құқығымен құпиялық режимін сақтай отырып, басқа пункттерге орналастырады.

**Жеке қорғандың негізгі құралдары** – халықты ҚӘУЗ-дан ингаляциялық қорғау азаматтық газқағарлар: ГП-5, ГП-7, ГП-7В, ГП-7ВМ, амбебап қорғау құралы МАГ-3 (МЗС ВК). Балалар үшін тазартқыш газқағарлары: ПДФ-Д, ПДФ-Ш, ПДФ-2Д, ПДФ-2Ш, ал нәрестелер үшін: КЗД-4, КЗД-6 балаларға арналған қорғаныс камералары қолданылады. Осы барлық құралдардың ірі жетіспеушіліктері бар - олар кейбір ҚӘУЗ-дан (аммиак буынан, азот тотығынан, этилен қышқылынан, бромисті және хлористі метилден) қорғай алмайды.

Қорғаныс құралдарының қажетті мөлшері 29.12.2009 жылы ТЖ Министрінің № 313 бұйрығымен бекітілген «АҚ мүддесін қорғау құралдарының қажеттілігін анықтау жөніндегі» нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Азаматтық қорғаныстың арнайы мүліктеріне: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлаулар және дозиметриялық бақылау, арнайы өңдеу аспаптары, сүзгіжелдеткіш құралдары және Азаматтық қорғаныстың қорғаныс құралдары ауасын регенерациялау, жеке медициналық қорғаныс құралдары, байланыс және қорғаныс құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдар, сондай-ақ тиісті органдар бюджеттік қаражат есебінен сатып алған немесе жасаған, Азаматтық қорғаныс мүдделеріне пайдалануға арналған ұйымдар құралдары жатады.

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау шарттары мен мазмұны бойынша техникалық талаптар.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Мемлекеттік материалдық резерв қандай мақсатта құрылады?
2. Мемлекеттік материалдық резерв қандай материалдық құндылықтар сақталады?
3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары қандай жағдайда пайдаланылады?
4. Операция жасау дегеніміз не?
5. Материалдық құндылықтардың сақталу мерзімі қандай?

карасына қаруландырылған күзет қойылады, коменданттық қызмет және патрульдеу ұйымдастырылады, қозғалысты реттеу енгізіледі. Бұл аймаққа кіруге және бұл аймақтан шығуға, сондай – ақ оның ішінде еркін жүруге тиым салынады. Темір жол көлігінен басқа көліктің барлық түріне бұл аумақпен өтуге болмайды. Карантинді аймақтың барлық аумағында Азаматтық қорғаныстың медициналық қызметі тиісті алдын алу және емдік шаралар жүргізеді.



Шаруашылықпен айналысатын объектілер індетке қарсы шараларды қатаң түрде орындайтын ерекше жұмыс тәртібіне ауыстырылады. Жұмысшылар мен қызметкерлер қазармалық жағдайға ауыстырылып, цех және бөлім бойынша шағын топтарға бөлінеді.

Карантин аймағындағы тұрғындарды топтарға бөледі, адамдарға өз пәтерлері мен аулаларынан шығуға рұқсат етілмейді, ал тағам өнімдерін суды және бірінші қажетті заттарды пәтерлерге (аулаларға) жеткізеді. Қызметкерлер мен жұмысшылардың тамақтануы мен демалысы цех және бөлім бойынша арнайы бөлінген үй-жайларда ұйымдастырылады. Оқу орындарында сабақ, мәдени – ағартушы мекемелердегі және сауда кәсіпорындарындағы жұмыс тоқтатылады. Қоғамдық көлікті пайдалану шектеледі.

Үй-жайлардан зақымдалған ошақ аумағына шығарда барлық азаматтар жеке қорғаныс заттарын пайдалануы керек.

Зақымдалған ошақта барлық тұрғындарды шұғыл алдын ала емдеу жүргізіледі. АИ – 2, медициналық қобдишасы бар тұрғындар ондағы дәрі-дәрмектерді қолдана отырып, алдын алу-ды өз бетінше жүргізеді.

Карантин аймағында үзіліссіз бактериологиялық барлау жүргізіледі. Залалсыздандыру дезинсекция және дератизация қоса жүргізіледі, сондай – ақ ауырғандарды белсенді түрде анықтау, оларды оқшаулау мен емдеу жүргізіледі, сонымен

арасында жұқпалы аурулардың таралуын барынша тоқтату болып табылады. Бактериологиялық қарудың әсерінен халықты қорғауға арналған сенімді құралдар бар. Бұл ұжымдық қорғаныс орындары – бактериалық тозандардан сенімді түрде қорғайтын панаханалар.

Тыныс алу, тамақ қорыту органдарын, шырышты қабықты және теріні қорғауға газқағарлар, респираторлар, шаңға қарсы матадан жасалған бет перде, мақта – дәке таңғышы, арнайы бейімделген киім мен жамылғы қызмет етеді.

Аурулардың алдын алу үшін АИ-2 жеке медицина қобдишасындағы медициналық қорғану заттарын тиісті түрде қолданудың үлкен мағынасы бар.

Адамдарды жұқпалы ауруларды жұқтырудан қорғаудың шараларына індетке қарсы шараларды қатаң түрде орындауы жатады, олар мыналар: санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау; антибиотиктермен егу және шұғыл сақтандыру; ауруларды анықтау және оларды оқшаулау; тағам өнімдері мен суды қорғау; аумақ пен үй-жайларды залалсыздандыру.

Егер ауру ерекше қауіпті болмаса және оның таралуы қадағаланбаса, обсервация жарияланады, медициналық бақылау шартымен шектеулі режим қарастырылады.

Тұрғындар арасында жаппай жұқпалы аурулар пайда болғанда және аса қауіпті аурулар (оба, шешек, тырысқақ) пайда болғанда карантин режимі енгізіледі. Қазақстан Республикасында карантинді жергілікті атқарушы орган жариялайды.

К а р а н т и н режимі айналадағы тұрғындардан зақымдалған

ошақты толық оқшаулауды қарастырады; оның мақсаты жұқпалы аурулардың таралуын тоқтату. Карантин аймағының ішкі ше-

## Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ. АҚ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ МҮЛКІ

### Азаматтық қорғанысқа басшылық және оны басқару

Азаматтық қорғанысқа басшылықты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жүзеге асырады, ол лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы болып табылады.

Уәкілетті орган басшысы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болып табылады және бейбіт уақытта азаматтық қорғанысқа басшылық етеді. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ҚР ІІМ болып табылады.

Орталық атқарушы органдарда және ұйымдарда азаматтық қорғанысқа басшылықты олардың бірінші басшылары жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары болып табылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылықты әкімдер жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғаныс бастықтары болып табылады.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғанысының тиісті бастықтарының орынбасарлары болып табылады.

Мемлекеттің азаматтық қорғаныс бойынша дайындығы қару-жарақтың, әскери техниканың және халық пен объектілерді қорғау құралдарының дамуы ескеріле отырып, күні бұрын бейбіт уақытта жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде азаматтық қорғанысты жүргізу ерекше жағдайларда,



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери қақтығыстардың нақты басталуынан немесе соғыс жағдайын енгізуден басталады.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету:

- 1) уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге;
- 3) азаматтық қорғаныс санаттарына жатқызылған, бірінші басшыға тікелей бағынатын ұйымдарда азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге немесе жекелеген жұмыскерлерге жүктеледі.

Уәкілетті органда, оның аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерде штат санының лимиті шегіндегі лауазымдардың бір бөлігі әскери қызметшілерден, оның ішінде Қорғаныс министрлігінен, арнайы мемлекеттік органдардан, құқық қорғау органдарынан, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардан ауыстырылған (іссапарға жіберілген) әскери қызметшілерден жасақталады.

*Азаматтық қорғаныс бастықтары:*

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы белгілеген тәртіппен тиісті деңгейдегі азаматтық қорғаныс жоспарын бекітуге және қолданысқа енгізуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты аумақта эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге;
- 3) азаматтар мен ұйымдарды азаматтық қорғаныс іс-шараларын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тартуға міндетті.

#### **Азаматтық қорғаныс іс-шаралары**

Әскери қақтығыстар туындаған кезде Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және аумағын қорғау, нұқсан мен шығынды азайту мақсатында орталық және

#### ***Жұқпалы ауруларды қоздыратын микробтар:***

- **бактериялар** – бұл бір клеткалы микроорганизмдер, ол тікелей түскен күн сәулесінен, жоғарғы температурадан, дезинфекциялық заттардан жылдам жойылады;

- **риккетсиялар** – бұл бір клеткалы талшық тәріздес микроорганизмдер, олар тірі ұлпалардың ішінде ғана көбейеді. Олар құрғақшылыққа, үсікке және 560 температураға төзімді;

- **вирустар** - қарапайым микроскопқа көрінбейтін өте майда микроағзалар. Тек қана тірі ұлпаларда дамиды және көбейеді. Ұрық (спор) шығармайды.

**Саңырауқұлақтар** (қаракүйе) – бір клеткалы және көпклеткалы микроорганизмдер – аикождарды қоздырушылар адамдар мен жануарлардың (саңырауқұлақ аурулары) Теріні, шашты, тырнақтарды зақымдайды (тазқотыр, күзейтін теміреткі, кебек тәрізді теміреткі және т.б.).

Сақтау процессінде және әскери пайдалануға өзінің тіршілік ету және талқандағыш қасиетін сақтап қалу үшін биологиялық агентке ең қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін биологиялық рецептур биологиялық агенттің және әр түрлі дәрі-дәрмектердің қоспасы, деп аталады.

*Биологиялық заттарды қолдану тәсілі:*

- ◆ аэрозольды;
- ◆ трансмиссивті;
- ◆ диверсиялық.

Қазақстан Республикасында адамдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ішінен оба, тырысқақ, сарып, туляремия, күйдіргі, қырым қан кету безгегі кездеседі.

Жұқпалы ауруларды көбіне тарататындар, жануарлар болып табылады, соның ішінде жәндіктер, кенелер. Мысалы, орталық жүйке жүйесін зақымдай отырып, энцефалитті кененің шағы, салдары өте ауыр. Бөртпе сүзекті барынша жиі тарататын, қоздырушысы риккетсии болып табылатын, бит көрінеді.

Өсімдік ауруларының ішінде айтарлықтай қауіп тудыратыны (эпифитотия) тот жұқпасы, сенториоз, дәнді дақылдың сұр көбелегі.


*Бактериологияға қарсы қорғаудың негізгі мақсаты* – қарсылас бактериалдық заттарды қолданған жағдайда, жұқпалы ауруларының болатынын алдын ала айту немесе халықтың



## Тақырып: ХАЛЫҚТЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУДАН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ШАРАЛАР

**Биологиялық қару**—бұл биологиялық заттармен жабдықталған, жеткізіп беретін құралы бар, арнайы оқ-дәрі мен әскери құралдар. Ол қарсыластың жаппай тірі күшін, ауыл шаруашылық малдарын, ауыл шаруашылық мәдени дәнді дақылдарын себуге, кейбір жағдайда материалдарды бұзу үшін, қарулануға, әскери техникаға және жабдықтауға арналған қару жарақтары.

Әскери іс-әрекетте биологиялық қаруды қолдану енгізілсе, оны биологиялық соғыс деп атауға болады.



Биологиялық қарудың талқандағыш әрекеті, олардың тіршілігіне әрекет ететін патогенді микробтардың ауру таратқыш қасиетін және уытты азық-түлікті қолдануға негізделген.

Биологиялық қарудың негізгі талқандағыш іс-әрекетін, биологиялық құрал құрайды – әскери пайдалану үшін арнайы таңдап алынған биологиялық агенттер, адамдардың ағзасына, аңдарға (өсімдіктерге) енген жағдайда, ауыр жұқпалы ауруды (улану) тудыруға қабілетті.

**Патогенді микроорганизм** – жұқпалы ауруды қоздырғыштар, мөлшері аз, түсі, иісі, дәмі жоқ болғандықтан, адамның сезім мүшелерімен анықталмайды.

Мөлшеріне, құрылысына және биологиялық қасиетіне қарай олар топтарға бөлінеді, олардың ішінде вирустардан басқа бактериялардың, рикетсийлер мен саңырауқұлақтардың (күйелердің) алатын орны ерекше.

жергілікті атқарушы органдар, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар өз құзыреті шегінде азаматтық



қорғаныстың мынадай іс-шараларын жүргізеді:

1) күні бұрын:

-азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлеу;

-басқару, құлақтандыру және байланыс жүйелерін құру әрі дамыту және оларды пайдалануға әзірлікте ұстап тұру;

-азаматтық қорғау күштерін құру, жасақтау, жарактандыру және әзірлікте ұстап тұру;

-қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар қолданылған жағдайда қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдарын дайындау және халықты оқыту;

-азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылыстарын салу және оның қорын жинақтау, оларды жұмыс істеу әзірлігінде ұстау;

-азаматтық қорғаныс мүлкін құру, жинақтау және уақтылы жаңарту;

-эвакуациялық іс-шараларды жоспарлау;

-салалар мен ұйымдардың орнықты жұмыс істеуі жөнінде іс-шараларды жоспарлау және орындау;



2) әскери қақтығыстар туындаған кезде:

-қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың қатері мен қолданылуы туралы құлақтандыру, халыққа іс-қимылдар тәртібі туралы хабар беру;

-халықты азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарында

паналату, қажет болған кезде - жеке қорғану құралдарын пайдалану;

- жараланғандар мен зақым алғандарға медициналық көмек көрсету;

-эвакуациялық іс-шараларды жүргізу;

- азаматтық қорғаудың қосымша

басқару, құлақтандыру және байланыс пункттерін құру;

-авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

-бұзылған басқару, құлақтандыру және байланыс жүйелерін қалпына келтіру;

-азаматтық қорғау құрылымдарының әзірлігін қалпына келтіру.



### Азаматтық қорғаныс объектілері және мүлкі

Азаматтық қорғаныс объектілеріне жататындар: басқару пункттері, жеке тұрған немесе жапсарлас салынған панаханалар, радиацияға қарсы панахана, Азаматтық қорғаныс мүліктерін сақтауға арналған қоймалық ғимарат.

Азаматтық қорғаныс мүлкіне жататындар: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлау және дозиметриялық бақылау, жеке медициналық қорғаныс құралдары, байланыс және хабарландыру құралдары және басқа материалдық-техникалық құралдар.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету үшін



ция жасау үшін бағытты метеорологиялық жағдайды, жергілікті жердің ерекшелігін, және басқа факторларды ескере отырып жүргізеді. Халықты қорғау кезінде зақымданған ауа бұлтты келіп жеткенге дейін көшіріп үлгірсе ең жоғары тиімділікке сонда ғана қол жететін болады.

### БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. ҚӘУЗ қандай топтарға бөлінеді?
2. Хлор мен аммиактың қандай зақымдаушы қасиеті бар?
3. ҚӘУЗ-ден халықты қорғаудың қандай тәсілдері бар?
4. ҚӘУЗ-ден қорғану үшін қандай жеке қорғаныш құралдарын пайдалануға болады?
5. ҚӘУЗ төгілуімен болған аварияларды халыққа хабарлау үшін не істеуге болады?

кезде 100 – 150 мл 30%-тік натрий сульфаты ерітіндісімен немесе вазелин майымен босатқыш зат ретінде пайдаланады. Тамақ қорыту трактіндегі улы заттарға адсорбция үшін белсенділендірілген көмірді сумен қабылдайды.

Ғимараттардағы және құрылыстардағы қатты әсер ететін улы заттардың адамдарды зақымдаушы әрекеттеріне азайту мақсатында қолдағы бар және тұрмыстық заттарды герматизациялауға пайдалануға болады. Осы жолмен сырттан кіретін ауаны азайтуға қол жеткізуге болады.

Ғимараттардағы герматизациялауды мынадай жүйелермен жүргізуге болады:

- кіретін есіктерді, терезелерді жабу (алдыңғы кезекте жел тұрған жақтағы);
- желдеткіш тесіктерді тығыз материалдармен немесе қағазбен жабу;
- есіктерді сулы материалдармен нығыздау (сулы жаймамен, одеялдармен);
- терезенің толық жабылмаған тесіктерін ішкі жағынан қағаз таспалармен (пластырмен) желімдеу немесе немесе қолда бар материалдармен (мақтамен, поролонмен, жұмсақ баулармен) тығыздау.

Төтенше жағдайлар кезінде тұрғын үйдегі орынды (нығыздап, бітеп, тығындап желімдеу) қатты әсер ететін улы заттар кіруден қорғау керек.

Қатты әсер ететін улы заттар көп қабатты үйге, әсіресе қыс кезінде қабат-қабат бойынша кіретіндігін ескеру керек. Зақымданған ауаның барынша көп кіретіні ол бірінші қабат. Одан қорғанудың ең сенімді түрі жоғарғы қабатқа шығару. Жазғы кездерде ауадан жеңіл қатты әсер ететін улы заттар (аммиак, күкіртті сутек, формальдегид, хлорлы метил) үстіңгі қабаттарға көбірек орнығады. Ауыр қатты әсер ететін улы заттар (хлор, фосген, күкірт ангидриті) әдетте, ғимараттардың төменгі қабаттарында қалады.

Халықты көшіру – ХҚО орналасқан жерлерде қалаларда және аудандарда, болуы ықтимал химиялық жағдайлар гнегізінде, эвакуациялық комиссия ұйымдастырылады. Оны автокөлікті пайдаланып немесе жаяу тәртіпте жүргізуге болады. Эвакуа-

азаматтық қорғау басқару органдарында Азаматтық қорғаныстың запас мүлкі құрылады.

Азаматтық қорғаныс және жұмылдыру тапсырмаларын орындауды қамтамасыз ету үшін ұйғарылған және мемлекеттік меншік болып табылатын Азаматтық қорғаныстың объектілері мен мүлкі иеліктен шығаруға жатпайды.



Азаматтық қорғаныс объектілері және мүлкі бар заңды тұлға, заңды тұлға тараған немесе қайта құрылған жағдайда, Азаматтық қорғаныс объектілерін және мүлкін мақсатты пайдалану дайындықта ұстау міндеттерін, сондай-ақ оларды құру және жинау жөніндегі тапсырмалар Азаматтық қорғаныс объектілерінің және мүлкінің жаңа меншік иесіне өтеді.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Қазақстан Республикасында Азаматтық қорғанысқа басшылықты кім жүзеге асырады?
2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылықты кімдер жүзеге асырады?
3. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету кімге жүктеледі, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдарға жүктеле ме?
4. Азаматтық қорғаныс Жоспарын кім және қашан әзірлейді?
5. Азаматтық қорғаныстың қандай іс-шаралары әскери қақтығыстар туындаған кезде жүргізіледі?



## Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ КҮШТЕРІ. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Азаматтық қорғау күштері халықты, ұйымдар мен аумақты қорғау, бейбіт және соғыс уақытында химиялық, биологиялық, радиациялық, бактериологиялық зақымдану ошақтарында құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу бойынша азаматтық қорғау міндеттерін орындауға арналған. Азаматтық қорғаныс азаматтық қорғау күштері мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.



### Азаматтық қорғау күштері мыналардан тұрады:

- Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері;
- авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдары;
- өртке қарсы қызметтік мемлекеттік және мемлекеттік емес бөлімшелері;
- азаматтық қорғау құрылымдары;
- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы;
- жағдайды және болжамды бақылау, қадағалау қызметі.

Азаматтық қорғау күшін пайдалану тиісті деңгейдегі АҚ бастығының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғау күштері ішінде маңызды рөлді Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс әскери бөлімі иеленеді.

Қазақстанда АҚ үш әскери бөлімі жұмыс істейді, олар барлық қажетті авариялық-құтқару техникаларымен, құрал-жабдықтармен және кәсіпқой мамандармен жинақталған.

АҚ әскери бөлімдері халықты, аумақты және шаруашылықпен айналысатын объектілерді бейбіт және соғыс уақытында туындаған және туындау қаупі бар ТЖ-дан қорғау үшін тағайындалған.



- электр аспаптарын (жылытқыштарды ысытатын плиткаларды) өшіру керек;
- газды сөндіру керек; құжаттарды алу керек;



- бағалы заттарды қажетінше маусымдық киімдер мен тамақ (үш күндік қор және бұзылмайтын тамақтарды);
- көршілерді ескерту керек;

- ғимараттан (үйден) дүрбелеңсіз шығып, авария болған ауданнан кету керек.

Зақымданған жерден қозғалу кезінде келесідей ережелерді қадағалаңыз:

- жылдам қозғалыңыз, бірақ жүгірмеңіз және шаңды көтермеңіз;
- ғимараттарға сүйенбеңіз және қоршап тұрған затқа жоламаңыз;
- жолыңызда кездескен бір тамшы сұйықтықты немесе ұнтақ тәрізді ақ заттарды баспаңыз;
- жеке қорғаныс құралын шешпеңіз;
- теріңізден, киіміңізден, аяқ киіміңізден, жеке қорғаныс құралынан қатты әсер ететін улы заттардың бір тамшысын көрсеңіз, қағазбен, ағаштың жаңқасымен немесе қол орамалмен алып тастаңыз, мүмкіндік болса зақымданған жерді сумен жуып тастаңыз;
- тамақ жемеңіз, су ішпеңіз.

Химиялық қауіпті объектілердегі авариялардың болжамсыз, кенеттен болатыны, зақымданған ауа бұлттың тез қалыптасып және кеңінен таралатындығы, халықты қорғау жөнінде жедел шаралар қолдануды талап етеді.

Алайда уландырғыш заттардан уланған жағдайларда, асқазанды зонд арқылы жуу шұғыл және міндетті болып саналады. Асқазанды жуу үшін 12 15 литр бөлме температурасындағы суға (18 – 200С) 300 500 мл өлшеммен. Асқазанды жуу аяқталған



Химиялық қауіпті объектілердегі авариялар туралы хабарлаудың шамамен нұсқаулары:

*Назарларыңызға! Төтенше жағдайлар департаменті (облыстық, қалалық) сөйлеп тұр. Азаматтар! Химиялық қауіпті объектілердегі хлордың төгілуімен авария болды. Зақымданған ауа бұлттары ..... ауданына қарай және .....*



*..... тарап барады. Химиялық зақымдану аймағына ..... көшелері толық кіреді. Елді мекендер аудандары..... елді мекендерді жылдам арада тастап шығуы керек.*

Одан әрі қарай Төтенше жағдайлар департаменттерінің (облыстық, қалалық) және жергілікті атқару органдарының нұсқаулары бойынша әрекет етуі керек. Мекен-жайға (жұмысқа) қайтып оралу мүмкіндігі туралы авария салдарын жойғаннан кейін қосымша хабарландырылатын болады.

Авария туралы ақпаратты тыңдағаннан кейін, химиялық зақымдану аймағынан тез арада жел жаққа қарай тік бағытта өту керек.

Көлікпен эвакуациялау кезінде отырғызатын уақыты мен жерді анықтаңыз. Кешікпеңіз және мезгілінен бұрын келмеңіз. Тез кету туралы көршіңіздің есіне салыңыз.

Егер жеке қорғаныс құралы жоқ болса, жақын арада панахана болмаса және авария ауданын тастап кету мүмкіндігі жоқ болса, радионы қосып Төтенше жағдайлар департаментінен (облыстық, қалалық) және жергілікті атқару органдарынан хабар күтіңіздер. Үйді саңылау қалтырмайтындай бекітіңіздер. Нығыздалып бекітілген ғимараттар қатты әсер ететін улы газдардың өтуін айтарлықтай азайтады.

Қатты әсер ететін улы газдардың төгілуінен болған авария болған кезде не істеу керек:

- жеке қорғаныс құралын кию керек;
- терезе мен желдеткішті жабу керек;

*Бейбіт уақытта* бұл әскери бөлімдер өзінің кәсіптік дайындықтарын үздіксіз дамытумен тікелей айналысады, Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдайларды жоюмен; әскери, мобилизациялық және саяси дайындықтарды ұйымдастырумен; төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындаумен;



қажет болған кезде елдің жеке-леген аймақтарының тіршілігін қамтамасыз ету процестеріне, төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шараларға қатысумен; уәкілетті органның қарамағындағы басқару орындарын қызмет көрсетуді және күзетуді қамтамасыз етумен;

төтенше жағдайлар аймағына, соның ішінде шет ел мемлекеттеріне жеткізілетін жүктерді күзетумен және жеткізіп салумен айналысады; мобилизациялық ашуға және жоғары дәрежелі дайындыққа келтіруге дайындық бойынша шараларды жүзеге асырады; полигондарды, оқу-үйрену объектілерін дайындықта ұстайды.

## 2) соғыс уақытында:

олардың қорғаныс шебін және орнын құру; жұқпалы зақымдау аймақтары мен зақымдау ошақтарындағы радиациялық, химиялық барлау жүргізу; жұқпалы зақымдау мен апаттық су басу аймақтарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізу; аэродромдарды, жолдарды, өткелдерді және басқа да тылдың маңызды инфрақұрылымдық элементтерін, тиеу-түсіру пункттерінің жабдықтарын қалпына келтіру; көшіру шараларын жүргізуге қатысу; аумақтық қорғаныстың жекелеген тапсырмаларын орындау; қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы көрсеткіштерін орындау.



Жұмылдыруды хабарлаған кезінде ҚР ІІМ ТЖК басқару орғанда-

ры және АҚ әскери бөлімі ҚР Қарулы Күштерінің құрамына кіреді. ТЖ жағдайында құралдар мен күштер құрамын Ұлттық Ұланның Бас қолбасшысы анықтайды.

Азаматтық қорғау құрылымы өзінің аса көп санына және әр түрлі оқиғалар мен төтенше жағдайлар ошағына тікелей жақындығына орай ҚР АҚ күшінің басты негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғау Азаматтық қорғау құрылымы авариялық-құтқару және бейбіт және соғыс уақытындағы шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған.

Азаматтық қорғау құрылымдарының құрылысы ұйымдардан құрылған және авариялық-құтқару және бейбіт және соғыс уақытындағы шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған.

Азаматтық қорғау құрылымдары келесілерге бөлінген:

ұйғарылымы бойынша – негізгі және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу; бағынуы бойынша – аумақтық және объектілік.

Негізгі құрылымдарға жататындар: барлау, құтқару, медициналық, инженерлік, өртке қарсы, авариялық-техникалық, радиациялық және химиялық қорғау. Азаматтық қорғаудың қалған құрылымдары авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етуге жатады.

Азаматтық қорғаудың аумақтық құрылымдары облыстарда,

республикалық маңызды қалаларда, қалаларда, аудандарда құрылады, әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті азаматтық қорғаныс бастығына бағынады. Аумақтық құрылымның құрылу ба-



ауыр зардап келтірмейді, бірақ ұзақ әсер етуі ауруының себебі болады.

Сізді және үй жануарларын әлеуетті қауіптен қорғау үшін:

Ядролық жарылыс кезінде  $D = 5(P_1 t_1 - P_2 t_2) / \text{Косл}$

$K_{\text{осл}}$  – қорғаныс ғимараттарындағы радиацияның әлсіреуін сипаттайтын коэффициент.

**5. Радиоактивті бұлттың келіп жету уақытын анықтау  $t_n$ (ч), атмосфераға радиоактивті заттардың таралу сәтінен бастап есептелуі, формула бойынша анықталады:**

$$t = \varphi \frac{X}{U_0}$$

Бұл жерде  $X$  – авариялық реакторға дейінгі қашықтық, км;

$U_0$ - ( $10\text{м}$ ) биіктіктегі желдің жылдамдығы, м/с;

- биіктік бойынша жел жылдамдығының бөлінуін және  $X$  көлем мөлшерін ескеретін коэффициент конвенция – 0,23, изотермия – 0,20, инверсия – 0,09 кезінде.

**6. Радиоактивті ластанған жерлердегі азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамы жұмыстарының мүмкін болатын ұзақтығын анықтау.**

Қатынастарды табамыз:

$$a = P_1/D_{\text{зад}} 1/\text{Косл} \quad (5\text{-кесте})$$

**Б аймағы – халықтың шектеулі тұратын аймағы 5 мЗв-дан 20 мЗв дейін.**

**В аймағы – көшіру аймағы 20 мЗв-дан 50 мЗв дейін.**

**Г аймағы – көшіру аймағы 50 мЗв және одан көп.**

### **1. Зақымдану аймағының мөлшері:**

**(ядролық жарылыс кезінде)** бұлттың ізімен (км) 1 кесте бойынша анықталады, сондай-ақ радиоактивті зақымдану аймағының Мөлшерін шамамен анықтауға болады:

**Аймақтың ұзындығы Г(км)  $-LG \approx 0.1 \sqrt{q}$  q- жарылыстың қуаты мың тонна.**

$LB = 2.5 LG$ ,  $LB = 5 LG$ ,  $LA = 16 LG$ . Іздің барынша үлкен ені  $V=100\text{ км/сағ. кезінде } 0.1 L$  тең,  $V=50-75 \text{ км/сағ. кезінде } 0.2 L$ ,  $V=25 \text{ км/сағ. кезінде } 0.4 L$  тең).

Егер шығу белсенділігі 10, 30, 50% құрайтын болса, 5 м/с жылдамдығы кезінде я радиоактивті ластанудың барлық аймағы, «Г» тұрақтылық санаты кезінде 10—30% таралу белсенділігі кезінде тек қана 2 аймақ және 50% таралу белсенділігі кезінде 3 аймақ.

**Таралу кезінде** «Б» аймағы «А» аймағынан 20%-ға аз; «В» аймағы «Б» аймағынан 15% аз, «Г» аймағы «В» аймағынан 7—10%-ға аз.

Радиоактивті іздің түрі эллипсбейнесінде болған кезде, РЛ аймағы мөлшерінің - ұзындығы 4-тен 25 км дейін, ені 1 км болса, қауіпті болуы мүмкін; ұзындығы 5-тен 9 км дейін, ені 0,4-0,5 км болса, төтенше қауіпті болып саналады.

**Реактордың қирауымен авария болған кезде** РЛ-дің атмосфераға шығуының ұзақтығы жел бағытының өзгергендігінен РЛ-дің АЭС айналуына себепші болады. Зақымданудың барынша үлкен көлемі РЛ-дің алғаш шығу сәтіндегі жел бағыты және содан кейінгі мол мөлшерде таралып шығу бойынша болады, бұған Чернобыль АЭС-ындағы авария кезіндегі радиоактивті зақымдану туралы мәліметтер куәлік етеді (2 және 2А кесте). Радиациялық жағдайды ластанған жерлердегі сәулелену деңгейін іс жүзінде өлшеу жолымен болжамдау кезінде қай аймақта аудан немесе объекті сау сақталып қалғанын анықтау қажет. Осы мақсат үшін авариядан кейін өткен уақытты білу керек және ластанған жерлер аймағының сыртқы шекараларында сәулелену дозасы қуатының орташа маңызды кестесі болу керек.

5) мемлекеттің әскери ұйымын дамытудағы сандық және сапалық тәсілдердің үйлесуі болып табылады.

Қорғаныс және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы қызметтерінің бағыттары.

**Әскери-саяси салада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі:**

1) басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты

және тату көршілік қатынастарды дамытуға бағытталған саясатты жүргізу;

2) теңдікті сақтау және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау;

3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;

4) басқа мемлекеттермен, халықтармен, әлеуметтік топтармен қайшылықтарда әскери күшті бірінші болып қолданудан бас тарту;

5) мемлекеттің әскери ұйымын нығайту;

Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерден сақтандыру және олардың жолын кесу үшін тиімді шараларды пайдалану арқылы қамтамасыз етілетін болады.

**Әскери-стратегиялық саладағы Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:**

1) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлермен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте және мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұстау;

2) әуе кеңістігін күзету және Мемлекеттік шекараны бүркемелеу;





3) аумақтық суларда (теңізде) және Каспий теңізінің континенттік қайраңының қазақстандық бөлігінде мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;

4) мемлекеттік және әскери объектілерді күзету;

5) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою;

6) диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;

7) Мемлекеттік шекарадағы шекаралық инциденттерді оқшаулау және жолын кесу;

8) қарулы жанжалдарды оқшаулау және шешу;

9) мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде агрессиядан және әскери күшті, «гибридті» күрес әдістерін қолданудан стратегиялық тұрғыдан тартыну;

10) Қарулы Күштердің стратегиялық өрістетілуге әзірлігін қамтамасыз ету;

11) мемлекетті қарулы қорғау үшін стратегиялық іс-қимылдар жүргізу;

12) бітімгершілік және гуманитарлық операцияларға қатысу, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес басқа да міндеттер мен іс-шараларды орындау болып табылады.



Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
әскери-экономикалық  
саладағы қызметінің  
негізгі бағыттары:

1) мемлекеттің қаржы-экономикалық жүйесін жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге дайындау;



6. Атмосфера жағдайы.

**Ядролық жарылыс кезінде аумақтың ластану аймағы экспозициялық дозаның көлемімен (сәулелену дозасының қуатымен) сипатталады.**


**Радиоактивті бұлттың ізінде төрт аймақ пайда болады:**

*А – қалыпты зақымдау – көк түсті –  $P1 = 8$  p/сағ.*

*Б – қатты зақымдау – жасыл түсті –  $P1 = 80$  p/сағ.*

*В – қауіпті зақымдау – қоңыр түсті –  $P1 = 200$  p/сағ.*

*Г – төтенше қауіпті – қара түсті –  $P1 = 800$  p/сағ.*



**АЭС-тегі аварияның екі түрі болуы мүмкін:**

1. Реактордың қирауынсыз авария (авариялық твэлдер балқуы кезінде немесе магистральды құбырлардың жарылуы кезінде туындайды) нәтижесінде желдеткіш түтігі арқылы радиоактивті заттармен булы су қоспасы атмосфераға таралады.

2. Реактордың қирауымен болған авария (радиоактивті шаңдардың үлкен мөлшері таралуы және қоршаған ортаға сынықтардың шашылуы мүмкін).

Йодтың және цезийдің радионуклеидтері өкпеге түскеннен кейін, онда жиі қалып қоятын болады, содан кейін организмнің органдарына және ұлпаларына таралады, оларды сәулелендіреді. Осы жағдайға байланысты радиоактивті зақымдану аймағының мөлшері адамдардың ішкі сәулелену дозасы бойынша анықталады.

Радиациялық авария кезінде аумақтың ластануын ауандастыру, радиациялық қорғау шаралары болмағанда тұрғындар алған дозаның жылдық тиімділігі мөлшеріне негізделеді.

**А аймағы – радиациялық бақылау аймағы 1 мЗв-дан 5 мЗв дейін.**



## **Тақырып: РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БОЛ- ЖАМДАУ**

Атмосфераға радионуклеидтердің таралуымен болған радиациялық инцидент кезінде, сондай-ақ ядролық жарылыста радиоактивті бұлттар пайда болады. Бұлттың жайылып қозғалуы барысында радиоактивті жауын-шашын болып, жүрген жерлерін ластандырады. Халықты қорғау, жергілікті жерлердің радиациялық ластануы салдарларын оқшаулау және жою бойынша шаралар жүргізу жөнінде шешімдер қабылдау үшін, радиациялық жағдайды білу қажет. Радиациялық жағдай барлау мәліметтері бойынша анықталады. Алдын ала бағалау үшін, алдын ала болжамдау әдісі қолданылады.

***Радиациялық жағдайды болжамдау астарында келесі параметрлерді анықтау жатыр:***

1. Зақымдау тереңдігі
2. Зақымдау ауданы
3. Зақымданған жердегі радиация деңгейі (экспозициялық дозаның қуаты мЗв/сағ.).
4. Сәулелену дозасы (Р/ч)
5. Зақымданған бұлттың келіп жету уақыты.
6. Келіп жетудің немесе зақымданған аймақта жұмыс істеудің рұқсат етілген уақыты сағатпен.

***Аумақтағы радиациялық жағдай және радиацияның халық үшін қауіпті дәрежесі ескертіледі:***

Қоршаған ортаға тасталған радионуклеидтердің құрамымен және мөлшерімен.

Зақымдану аймағына тап болған елді мекендерге дейінгі көздердің арақашықтығы.

Инцидент уақытындағы метеорологиялық шарттармен.

***Негізгі мәліметтер:***

1. Ядролық жарылыс уақыты (АҚ-дағы авария уақыты).
2. Жарылыс координаты (АҚ).
3. Ядролық жарылыстың қуаты (кТ) (реактор түрі).
4. Жарылыс түрі (жер бетіндегі ауада немесе биіктікте).
5. Орташа желдің жылдамдығы және бағыты (м/с)

- 2) мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жетілдіру;
- 3) қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту болып табылады.

Жұмылдыру дайындығы жөніндегі Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

1) мемлекеттің жұмылдыру дайындығы және жұмылдыруды басқару жүйесін дамыту;

2) мемлекеттік органдар және жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

3) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру болып табылады.

Әскери ұйымды дамытуда Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте ұстау;

2) мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұстау;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту болып табылады.

### ***БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:***

1. Қазақстан Республикасында Әскери доктринаны кім және қандай нормативтік-құқықтық құжаттармен бекітеді?

2. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының сипаты қандай?

3. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының Ережелері неге негізделеді?

4. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын әзірлеу неге негізделген?

5. Әскери доктринаның нормативтік және құқықтық негіздерін не құрайды?

## Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫ БЕЙБІТ УАҚЫТТАН СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНА АУЫСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ



Азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс уақытына ауыстыру кезіндегі азаматтық қорғау саласындағы орталық, жергілікті, өкілетті және атқарушы органдардың, ұйымдардың құзіреті.

Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
аумағына немесе оның  
жекелеген жергілікті

жерлеріне Азаматтық қорғанысты енгізу ерекше жағдайларда әскери шиеленістің басында немесе Қазақстан Республикасының аумағына немесе оның жекелеген жергілікті жерлеріне соғыс жағдайын енгізу Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің жарлығы бойынша жүзеге асады.

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

-азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыруға;

-АҚ жоспарларын әрекетке енгізуге;

-халықты эвакуациялауға Жарлық береді.

-Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру тәртібін анықтайды;

- соғыс уақытындағы ҚР азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады.

- көшіру шараларын өткізу және халықты бөліп жайғастыру тәртібін анықтайды;

- ҚР АҚ әскери бөлімдерін жауынгерлік және жұмылдыру дайындығымен қамтамасыз етеді.



келуі мүмкін. Радиоактивті йодтардың организмге түсуі әлеуетті ластанған азық-түлікті пайдаланудан сақтана отырып, оңай жолмен құтылуға алып келеді. Жұту жолымен қалқан бездеріне алынған дозаны йод түйірін (радиоактивті емес) тұрақты қабылдау жолымен азайтуға болады. Бұл қалқан бездерін коршау (йодты профилактика) деп аталады. Тұрақты йод қалқан бездерін толтырады және ондағы радиоактивті йодтың қосылуын азайтады немесе болдырмайды.

Жеке дозалар іс жүзіндегі қызметтердің барлық тиісті түрлерінен сәулелену байланысына негізделген, ол дозаның белгіленген шегінен аспауы тиіс. Ластану аймағында қауіп ашық айдындардағы судан келуі мүмкін: радиоактивтік ластану деңгейі рұқсат етілген нормадан аспағанда ғана, оны дезактивация жүргізу, суға түсу және тамақ дайындау үшін пайдалануға болады.

Іс жүзіндегі қызметтердің бөлігі болып табылмайтын, сәулелену көздерінен сәулелену араласу жолымен төмендеуі тиіс, егер бұл араласу ақталса, араласу мөлшері оңтайландырылуы тиіс.

### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Радиоактивті сәулеленудің түрлері?
2. Радиация адам организмне қалай әсер етеді?
3. Сәулелену дозасын өлшейтін қандай өлшем бірлігі бар?
4. Радиациялық жағдайды бағалау қандай тәсілмен жүзеге асырылады?
5. «Радиациялық бақылау» дегеніміз не?

## 7. Араласу деңгейі

Сәулеленудің бар әсерін төмендетуге бағытталған немесе оның ықпалын болдырмауға мүмкіндігі бар, іс жүзіндегі бақылаудағы қыз-метпен байланыссыз адамның іс-әрекеті «АРАЛАСУ» деп аталады.

Жылдық әсер ету дозасы 1мЗв көтерілмейтін аумақта, радиациялық фактор бойынша мұндай аумақта халықтың тұруына және ауыл шаруашылығымен айналысуына тиым салынбайды. Паналауға арналған араласудың жалпы оңтайландырылу деңгейі – 2 тәуліктен аспайтын кезең ішінде жол берілмейтін доза 10 мЗв. Уақытша эвакуациялауға арналған жалпы оптимизациялық маңызды деңгейі – 1 аптадан аспайтын кезең ішінде жол берілмейтін доза 50 мЗв. Йодты профилактикаға арналған жалпы оңтайландырылу маңызды араласудың жалпы оңтайландырылу деңгейі 100 мГр.

ОУВ (жол берілмейтін доза)	Ықтимал қорғау шаралары
екі күн үшін 10 мЗв.	Панахана
бір апта үшін 50 мЗв.	Көшіру
100 мГр.	Йодты профилактика

Радиоактивті йодтан қалқан бездеріне күтілетін сіңірілетін жол берілмейтін араласудың жалпы оптимизациялық деңгейі бастапқы үшін және уақытша көшіруді тоқтату айына 30 мЗв құрайды және тиісінше бір айда 10 мЗв. Егер бір ай ішінде жиналатын доза бір немесе екі жыл ішінде бұл шектен жоғары болатын болып күтілсе, көшірілгендердің қайта оралуы есептелмей, тұрақты тұруы туралы мәселені қарастырады. Тұрақты тұру үшін көшіру мәселелерін, егер тіршілік ету кезіндегі дозасы, болжам бойынша, 1 Зв асса, сондай жағдайда қарастырады. Араластудың бұл деңгейімен салыстыру дозасы, - бұл сәулеленудің барлық жолындағы жиынтық доза, оны алу қарсы өлшеуді қабылдауға мүмкіндік береді, алайда әдеттегі қараудан азық-түлік тағамдары мен су тыс қалады. Жоғары доза қалқан бездерінің бұзылуына және қалқан бездерінде рак ауруы болу тәуекелінің артуына алып

## Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

- уәкілетті органды хабарландырады (азаматтық қорғау саласында), ТЖ жөніндегі ҚР Орталық атқарушы органға, ал Қорғаныс министрлігі құрылымы арқылы әскери дайындықты қажетті дәрежеде енгізу жөніндегі облыстық, қалалық ТЖ басқармаларына хабарлайды, сонымен қатар жұмылдыру туралы хабарландырады;

- халықты және аймақты қазіргі заманғы соққы беруші құралдарынан қорғау жөнінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе іс-әрекет жасайды.

## Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы:

- азаматтық қорғау жоспарларын әзірлейді, салаларда азаматтық қорғау басшылығын жүргізеді;

- азаматтық қорғау күші мен құралдарын, басқару жүйелерін, хабарлау мен байланыс құралдарын құрады және үнемі дайындықта ұстайды;

- бейбіт және соғыс уақытында салалардың тұрақты қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

- бейбіт және соғыс уақытында салалардың тұрақты қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

- қызметкерлерді және олардың отбасыларын көшіруді ұйымдастыру мен дайындық жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- МТЖ, азық-түлік, дәрігерлік керек-жарак және басқалардың қосалқы қорын жасайды, ведомствоға қарасты ұйымдарда олардың жинақталуына және сақталуына бақылауды жүзеге асырады.



Жергілікті атқарушы органдар:

- бейбіт және соғыс уақытында АҚ жоспарын

әзірлейді, олардың ведомствоға қатысты аумақтарда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- ұйымдардың басшылары мен халықтың қазіргі заманғы соққы беру құралдарынан қорғану тәсілдерін оқып-үйренуді ұйымдастырады;

- бейбіт және соғыс уақытында ұйымдарда қалыпты қызмет туралы шараларды ұйымдастырады;

- ведомствоға қарасты аумақтағы АҚ – ның жағдайына жауап береді.

Ұйымдар:

- бейбіт және соғыс уақытына АҚ жоспарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- ШО–де жұмыс жасайтындарды қазіргі заманғы соққы беру құралдарынан қорғау туралы шараларды іске асырады;

- соғыс уақытында азаматтық қорғау міндеттерін орындау үшін көлік, материалдық заттар, кондырғылар мен құралдар - белгіленген заңнама тәртібімен ұсынылады.

Соғыс жағдайы – бұл республикада немесе оның бөлек аудандарында халықты қорғау мен оның қауіпсіздігі үшін жарияланған оның ерекше құқықтық уәжі. Әскери жағдайды енгізу тәртібі мен режимі заңмен анықталады.

Азаматтық қорғаныстың жоғарғы дайындығы:

- штабтар мен құрылымдарды ж/қ, техникамен, мүлікпен штатқа сәйкес толығымен толымдауды;

- қажетті материалдық заттарды қолда ұстауды;

- азаматтық қорғау байланысы мен хабарламасының тұрақты жүйесін құруды;

- штабтардың ж/қ мен құрылымдарды жоғарғы дәрежеде оқытуын;

- жеке құрамды қорғауды қамтамасыз етеді.



мәселелермен болады. Түскен радиоактивті жауындардың күрделі сипаты болуы мүмкін және бөлінетін өнімдер құрамы, сәулелену алғаннан кейінгі алғашқы күндер ішіндегі халықтың сәулелену дозасы бес көзден қалыптасады:

1) Сыртқы гамма-радиоактивті бұлттан сәулелену немесе шлейф, бұлттан сәулелену деп аталады;

2) Сыртқы гамма- жер бетіне түскен радиоактивті заттардан сәулелену деп аталады;

3) Шлейфтің ішінде болатын радионуклидтердің ингаляционды түсуі;

4) Радионуклидтерден теріге түскен сыртқы бета- және гамма сәулелену;

5) Құрамында радионуклидтері бар сүттерді және азық-түлік тамақтарын пайдалану.

#### **6. Дозиметриялық және радиометриялық бақылау**

Радиациялық бақылауда дозиметриялық және радиометриялық бақылауды бөліп қарайды.

*Дозиметриялық бақылау* – оларға иондаушы сәулеленудің әсер ету нәтижесін мөлшерлік бағалау мақсатында адамдардың сәулелену дозасын анықтау бойынша ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені. Дозиметриялық бақылау мәліметтері бойынша халықты ластанған аймақтан көшіру туралы шешім қабылдануы тиіс және оның тіршілік қызметін шектеу, қорғау шаралары, медициналық көмек көрсету қажеттігі анықталады.

*Радиометриялық бақылау* – қоршаған ортада болатын немесе радиоактивті заттардың иондаушы сәулелену қарқындылығын немесе адамдардың, техникалардың, ауыл шаруашылық малдары мен өсімдіктердің, сондай-ақ қоршаған орталардың радиоактивті ластану дәрежесін анықтау бойынша ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені. Радиометриялық бақылау (радиоактивті ластануға бақылау) техникаларды, жергілікті жерлерді, материалдық құрал-жабдықтарды, арнайы өңдеу, азық-түлікті және суды залалдандыру қажеттігін анықтау мақсатында жүзеге асырылады.



жерде болған болса, адамның алған дозасы болар еді. Дозаның амбиентті эквивалентті бірлігі — зиверт (Зв).

### **5. Радиациялық жағдайды бағалау**

Радиациялық жағдайды бағалауға болжам әдісімен және радиациялық барлау құралдары мен күштерінің әрекетімен және болжау тәсілдерімен радиобелсенді ластану ошақтары шекараларын анықтау, тасталған радиобелсенді заттардың құрамы мен мөлшерін бағалау бойынша қол жеткізіледі. Жағдай және авария қоршаған объектіге оның тигізетін әсері туралы алғашқы мәліметтер қаншалықты тез және нақты алынатын болса, авариялық жағдайларға, авариялардың салдарларын жою мен оқшаулауға әрекет етуге жедел шешім қабылданатын болады.

*Радиациялық жағдайды барлау барысында:*

1. Радиациялық аварияның көлемі анықталады.
2. Радиоактивті ластану аймағының мөлшері, аймақтағы дозаның қуаты және радиоактивті ластанудың деңгейлері.
3. Адамдардың, көліктің және техникалардың авариялық объектіге және жұмыстың басқа орындарына қозғалу маршруты.

4. Халықты, ауыл шаруашылық және үй жануарларын және т.б. авария аймағынан алып шығу.

Болжамдау кезінде есепке алынады:

1. Зақымдау тереңдігі (км.)
2. Зақымдау ауданы (ш/км.)
3. Радиация деңгейі (экспозициялық дозаның қуаты Р/сағ.) немесе доза қуатының амбиентті эквиваленті (Зв/сағ.)
4. Бұлттың зақымдануына келтірілген уақыт (сағ.)
5. Зақымдану аймағына келуге немесе жұмыс істеуге болатын уақыт.

АҚЖШЖ өткізу бойынша жоспарлар болжамдау негізінде (бұдан әрі есептемелер барлау мәліметі бойынша) әзірленеді.

Егер біз аварияны оқшауланған көзді жоғалтумен қарасақ, онда біздің ісіміз сыртқы сәулеленумен болады. Атмосфераға шығару болмайды, шығуы, таралуы да болмайды, радиациялық ластану да болмайды. Келесі жағынан, егер біз ірі ядролық аварияны қарастырсақ, онда біздің ісіміз барлық көрсетілген

Азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстырғанда мынандай міндеттер шешіледі:

- басқару жүйесін толық дайындыққа келтіру және құрылымдар мен штаб басшыларын уақытында хабарландыруды қамтамасыз ету;

- халықты қорғауды қамтамасыз ету;

- соғыс уақытында шаруашылықпен айналысатын объектілерді жоғарғы тұрақтылық жағдайымен қамтамасыз ету;

- құрылымдарды толық дайындыққа келтіру және оларды құтқару мен басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындаумен қамтамасыз ету;

- құрылымды толық дайындыққа келтіру және оларды АҚ ж ШЖ жүргізуге дайындауды қамтамасыз етеді.

Азаматтық қорғау жүйелерін бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру жұмылдыру тапсырмаларын ескере отырып, Азаматтық қорғаныстың дайындық дәрежесін белгіленген шаралармен орындау жолымен жүзеге асырылады.

АҚ дайындығының барлығы төрт дәрежесі белгіленген:

күнделікті;

I топтың бірінші кезекті шаралары;

II топтың бірінші кезекті шаралары;

АҚ жалпы дайындығы.

Дайындық дәрежесінен шараларды өткізу мерзімі бір тәуліктен артық емес.



### **Алғашқы кезектегі шаралар**

#### **1-топ (АКШ – 1)**

1. Басшы құрамды жинау, жағдайды түсіндіру, тапсырмалар беру.

2. Басшы құрамға үзіліссіз орналастыру пунктерінде тәулік бойы кезекшілік жүргізуді енгізу.

3. Хабарландыру мен байланыстың дайындығын тексеру.

4. Соғыс уақытындағы азаматтық қорғау жоспарын анықтау.

5. Соғыс уақытында да жұмысын тоқтатпаған шаруашылықпен айналысатын объектілерде ҚИ-ді дайындыққа келтіру.

6. Ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес, салынып жатқан ҚИ-ді жеделдетіп пайдалануға беру.

7. АҚ бойынша топтарға жататын қалалардағы шаруашылықпен айналысатын объектілерде ҚӘУЗ-дің қорын ең төменгі мөлшерге дейін түсіру.



8. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде 33 және өртке қауіпті заттардың қорын азайтуға дайындық.

9. ЖҚҚ-ны (газқағар-ларды, респираторларды, АИ-2, ЖХҚП, ТМП), РХБ құралдарын (НЗ қоймасынан алып шығу) беруге дайындық.

10. Мал шаруашылық үй-жайларын дайындау, жем және су қорының бетін жабу.

11. Өртке қарсы қорғану және жарықпен бүркемелеу режимін енгізу бойынша дайындық шараларын өткізу.

12. Жол-көпір құрылыстарының, байланыс кәсіпорындарының, гидротехникалық құрылыстар мен басқа да маңызды нысандардың күзетін күшейту.

13. ХДЛ-ды, АҚ штабтарын дайындыққа келтіруді іске асырады.

#### **«Алғашқы кезектегі шаралар 2-топ (АКШ – 2)»**

1. Объектінің басқарушы құрамын тәулік бойы жұмыс істеу режиміне ауыстыру (кезекпен).



2. Басқару жүйесін, байланыс және ҚА-ға шұғыл топты жіберуді дайындыққа келтіру.

3. РҚО-ға келтіріп қоймай тұрып, жертөле-лер мен басқа да

ген (Кл/кг) болып табылады. Жүйеден тыс бірлік – рентген (Р). 1 Кл/кг=3876 Р.

*Сіңірілген доза.* Ол сәулеленген заттың масса бірлігінде сәулелену қуатының қандай мөлшері сіңірілгенін көрсетеді және сіңіретін заттың массасына иондану сәулеленудің сіңірілген қуатына қатынасы анықталады. СИ жүйесінде сіңірілген дозаның өлшем бірлігі болып Грей (Гр) қабылданған.

ГР - Дж/кг. Сіңірілген дозаның жүйеден тыс бірлігі. Рад. 1 Гр=100 рад.

*Эквивалентті доза* (биологиялық әсері). Тірі жасушаның сәулеленуінің жекелеген салдарларын зерттеу, радиацияның әр алуан түрлерінде әр түрлі сіңірілген дозалар кезінде организмге біркелкі емес биологиялық әсер ететінін көрсетті. Бұл барынша ауыр бөлшектер (мысалы, протон) ұлпадағы ұзындық жолы бірлігіне жеңіл (мысалы, электронға) қарағанда көп иондар түзеді. Радиобиологиялық қиратушы әсердің сіңірілген дозасы қаншалықты жоғары болса, сәулеленумен жасалатын иондану соншалықты тығыз. Бұл әсерді ескеру үшін, эквивалент дозасы ұғымы енгізілген. Эквивалентті доза арнайы коэффициентке сіңірілген дозаның маңызын көбейтумен есептеледі – коэффициент биологиялық нәтижелілікке (БНҚ) немесе сапа коэффициентіне қатысты.

Эквиваленттік дозаның өлшем бірліктері СИ-да Зиверт (ЗВ) болып табылады.

1 ЗВ көлемі осындай биологиялық әсер ететін, 1 кг биологиялық ұлпаға сіңірілген сәулеленудің кез-келген түрінің эффективті дозасына тең, бұл фотондық сәулеленудің Гр-да сіңірілген доза сияқты. Бәр эквивалентті дозасын өлшеудің жүйеден тыс бірлігі (1963 жылға дейін – рентген биологиялық эквиваленті – 1963 жылдан кейін рада биологиялық эквиваленті).

*Тиімді доза* — адамның бүкіл денесінің сәулелену салдарларынан аулақ туындайтын және оның жекелеген органдары мен ұлпаларының радиосезімталдығын ескере отырып тәуекел мөлшері ретінде пайдаланатын көлемі. Ол тиісті өлшем коэффициентіне жасушалардағы және органдардағы эквивалентті дозаның туындау жиынтығын көрсетеді.

Амбиентті эквивалентті доза  $H^*(d)$  — бұл өлшеу жүретін

жоғары дозаға алып келетін биологиялық белсенді қосылыстарға алмастырады.

Хиросимада және Нагасакиде атомдық бомбалауды бастарынан өткізген, шамамен 100 000 адамды қамтып зерттеу, адамның сәулеленуінің ең қауіпті салдарлары аз дозасы екенін көрсетті, бұл – рак.



Радиацияның әсерінен кең тараған рақтың түрі омырау рагы және қалқанша безі рагы.

Соңғы онжылдықта ионданушы сәулеленудің адам организмі ұлпаларына өзара әрекет ету процесі егжей-тегжейлі зерттелді. Нәтижесінде адам денсаулығы үшін олардың зияны тарапынан иондаушы сәулеленудің шынайы әсер етуіне орай, радиациялық қауіпсіздік нормасы әзірленді.

Радиацияның әсер ету тиімділігі екі санатқа бөлінеді:

1. Соматикалық (денелік).
2. Генетикалық.

Алдыдағы тиімділікті ажыратады:

1. Детерминдік әсері - өлген жасушалардың мөлшері соңғы шегіне жетеді.
2. Стохастикалық әсері, сәулеленудің кез-келген дозаларында туындайды.

#### **4. Өлшеу дозасы және бірліктері.**

*Экспозициялық доза.*

Ортадағы ионданушы сәулеленудің өзара әрекеттестігінің негізгі сипаттамасы— бұл иондану әсері. Радиациялық дозиметрияның бастапқы кезеңінде ең алдымен ауада таралатын рентгендік сәулеленумен істес болуға тура келді. Сондықтан сәулелену өрісінің сандық мөлшері ретінде ауада иондану дәрежесі пайдаланылды. Құрғақ берілетін иондану көлеміне негізделген көлемдік мөлшері, экспозициялық атауын алды. Халықаралық жүйе бірлігінде (СИ) экспозициялық дозаның өлшем бірлігі Рент-

жер астында жасалған үй-жайларды дайындап, панаханаларда қызмет көрсететін топтардың тәулік бойы күзет жүргізуін ұйымдастыру.

4. Тұрақты орналасу орындарындағы барлық құрылымдарды (өнеркәсіптің жұмысын тоқтатпастан) дайындыққа келтіру.

5. Панаханаларға азық-түлік пен медициналық дәрі дәрмектерді алдын ала жеткізу.

6. АҚ топтарына жататын қалаларда ЖҚҚ мен РХБ құралдарын тарату.

7. Халықтың арасында иммунизациялар жүргізу.

8. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде қалыпты қызмет ету мен авариясыз тоқтату жөнінде «Баршаңыздың назарыңызға!» дабылы бойынша шұғыл шараларды жүргізу.

9. Санатталған қалалар мен шаруашылықпен айналысатын



объектілерде 33 мен өртке қауіпті заттардың қорын төмендету.

10. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде өртке қарсы шараларды жүргізу.

11. Қауіпті аймақта орналасқан халыққа және АЭС,

радиациялық-химиялық объектілердің персоналдарына медициналық қорғаныс және ДК-ны (дозиметриялық бақылау) құралдарын таратып беру.

12. РХБ күзет орындарын, ЭСЖ мекемелерін тәулік бойы жұмыс істеу режиміне ауыстыру.

13. Радиациялық әуе барлау ұшақтарын (тікұшақ) дайындыққа келтіру.

14. Соғыс уақытында жұмысын жалғастыра беретін шаруашылықпен айналысатын объектілерде медициналық пункттерді орналастыру.

15. Қауіпсіз аймаққа медициналық базаларды орналастыруды дайындау.

16. Резервтен медициналық мүлікті қауіпсіз аймақтағы емдеу мекемелеріне тарату.

17. Өнеркәсіптен қабылданатын медициналық мүлік пен медтехниканы қауіпсіз аймаққа жеткізу.

18. Азаматтық қорғаныс бойынша санатталған қалалардан қауіпсіз аймақтарға медициналық мүлік, азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын, ЖММ, өте сирек құндылықтарды дайындап, алып шығу.

19. Қауіпсіз аймақтарға көшіру шаралары мен топтарды құру үшін қорғаныс ісі бойынша қауіпсіз аймақтарда көлік пен коммуникацияны қолдану тәртібін анықтау.

20. Маңызды объектілер мен қоғамдық тәртіпті қорғауды күшейту.

21. Азаматтық қорғаныстың арнайы бағдарламасы бойынша халықты жедел дайындау.

22. Кәсіпорындар мен құрылыс индустриясында және зауыттарда құрылымдарды және панаханаларға арналған жабдыртарды шығару жөнінде дайындық шараларын жүргізуді жүзеге асыру.

#### **«Азаматтық қорғаныстың жалпы дайындығы»**

Азаматтық қорғаныстың «Жалпы» дайындығы енгізілгеннен кейін және соғыс уақытына арналған Азаматтық қорғаныс жоспарын енгізу туралы өкім алғаннан кейін мынандай шаралар қолданылады.

1. Тұрақты орналастыру орынданырда азаматтық қорғау құрылымдарын дайындыққа келтіру.

2. Жеткіліксіз (НРС толық жабылғанға дейін) ҚИ (күшті қираулар болуы ықтимал аймақтарда қарапайым жабдықталған панаханаларды), сонымен қатар жедел тұрғызылатын РҚО–ны басқа аймақта салу.

3. Барлық тұрғындарға ЖҚҚ тарату.

4. Барлық жерде қарапайым панаханаларды салу.

5. Шаруашылықпен айналысатын объектілерді, елді мекендерді, қалаларды жарықпен бүркемелеуді қамтамасыз ету шараларын жүргізу.

6. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде қалыпты жұмыс жүргізу, қордағы материалдық заттарды, сумен жабдықтау көздерін, ауыл шаруашылық жануарлары мен өсімдіктерді қорғау бойынша толық көлемде шаралар жүргізу.

#### **3. Радиацияның адам организміне әсері**

Ұзақ уақыт сәулелену немесе радиацияның үлкен дозасы кезінде ұлпалар бұзылады, органдардың ұлпалары зақымдалады, бұл қатерлі ісіктің пайда болуына (рак, сарком) сондай-ақ организмнің тез өлуінің себебі болуы мүмкін. Радиоактивті сәулелену иондаушы сәулелену, ал радиоактивті бөлшектер – иондаушы бөлшектер деп аталады.

Аса зор қуатты иеленген радиоактивті изотоптар өнімдерінің ыдырауы, кез-келген зат арқылы өтуі кезінде осы заттың атомдарымен және молекулаларымен қақтығысады және ионданудың бұзылуына, реакциялық-бөлшектердің – молекула жарқыштарының, иондардың және бос радикалдардың түзілуіне алып келеді. Адам ұлпасының 70% судан тұратындықтан және су молекуласы ионданудың үлкен дәрежесіне ұшырайтындықтан, жасуша мембрандарының бұзылуына алып келеді. Бұл әр түрлі аурулар түрінде өтеді, ауру барысында ауырлық мөлшері ұлғайып, қабынуларға, еске сақтау, интеллектуальдық қабілеті төмендейді және т.б. Иммунитеттердің әлсіреуі кез-келген аурудың туындауына, соның ішінде және рақтың туындауына алып келеді. Тірі организмнің иондаушы сәулеленуге реакциясы дозаға және сәулелену уақытына, сондай-ақ сәулеленуге тап болған дененің сыртқы жағына, сәулеленудің түріне және дозаның қуатына байланысты.

Сәулелену салдарлары сәулеленгеннен кейін көптеген айдан немесе жылдан кейін байқалады. Генетикалық салдарлары тұқым қуалайтын аурулар, тұқымда дамиды аномалий түрінде байқалады.

Радиация адамдарға олардың жынысына, жасына, организм жағдайларына байланысты әр түрлі әсер етеді. Созылмалы сәулелену тірі организмге сол дозадағы бір жолғы сәулеленуге қарағанда әлсіз әсер етеді. Радиациялық зақымданудың шамамен 90%-ы қалпына келеді деп есептеледі. Дозаның өсуімен, бұл әсердің ауырлығы емес, оның пайда болу ықтималдығы (тәуекелі) артады.

Радионуклидтер органдарға әр түрлі жиналады. Адам организмінде заттардың алмасу процесінде олар жасушаның әр түрлі құрылыстарында тұрақты элементтер атомдарын, бір жерде



*Гамма-сәулелену* деп – фотондар легі аталады, олар атомдармен соқтығысқанда, энергияларының бір бөлігін жоғалтады. Гамма-сәулелену орасан зор қашықтыққа таралады, алайда, эпицентрден сәулелену қаншалықты қашықтаса, фотондарда соншалықты аз энергия заряды қалады. Әсер ету дәрежесі жанама сәулелену нүктесіне дейінгі қашықтыққа тікелей байланысты. Сәулеленудің осы түрі ішкі органдарға да, сырты теріге де зиян келтіреді. Фотондардың ішкі организмге сіңу деңгейі электрондарға қарағанда әлдеқайда көп: қорғасын және темір қорғайды, өйткені олар киім түрінде фотондар легін жеңіл аластайды.

Ядролық реактордың жанында генерацияланатындықтан нейтрондық сәулелену өте қауіпті. Нейтронға тек қана қалың бетон қа-бырғалар, парафинді немесе су бөгеттер ғана тосқауыл бола алады.

*Рентгендік-сәулелену* - гамма-сәулеленумен ортақ физикалық табиғаты бар, өйткені екеуі де кванттық электромагнитті сәулелену болып табылады.

Радиоактивті сәулеленудің көздері барынша әр түрлі, бірақ оларды екі үлкен топқа бөлуге болады: табиғи және жасанды (*адам қолымен жасалған*). Оның үстіне сәулеленудің негізгі үлесі (*жылына тиімді эквивалент дозасы 75% артық*) табиғи фонға келеді.

**Табиғи радиоактивтілік.** Табиғи радиоактивтіліктің негізгі үш көзі бар:

1. Ғарыштық сәулелену және күн радиациясы;
2. Жер қыртысы сәулеленуі;
3. Радон.

**Жасанды радиоактивтілік.** Табиғи радиоактивтіліктің жасанды радиоактивтіліктен айырмашылығы, жасанды радиоактивтілік тек қана адам әрекетінің нәтижесінде туындады және тарады. Негізгі техногенді радиоактивті көздерге ядролық қарулар, өнеркәсіптік қалдықтар, АЭС, медициналық жабдықтар, ескірген заттар, Чернобыль АЭС авариясынан кейін «тиым салынған» аймақтан шығарылған кейбір қымбат тастар.

7. Техниканы және мүлікті, сонымен қатар қордағы материалдық заттарды қауіпсіз аймақтарға жеткізуді іске асыру.

8. ЖКП, ОП, ТП-ны орналастырып, көшіру көлігін дайындау, көшіру шараларын жүргізу үшін есепті анықтау.

9. Халықты көшіруді, малды айдауды және шекара маңындағы аумақтан барлық материалдық құндылықтарды көшіруді жүзеге асыру.

10. Қолданып жүрген және мұрағаттағы құжаттарды алып шығу.

11. Ірі су қоймаларынан суды төгу жұмыстарын жүргізу (ҚР Үкметінің өкімі бойынша).

12. Ауылдық жерде медициналық мекемені және қауіпсіз аймақтарға төсек-орын желісін орналастыру.

13. Азаматтық қорғаныс жөнінде топтарға жататын қалалардан медициналық мекемелерді көшіруге дайындау.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі Азаматтық қорғаныс шараларын жүргізуді кім және қандай басшы құжат негізінде бастайды?

2. Азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру тәртібін қандай орган анықтайды?

3. Азаматтық қорғаныстың дайындық дәрежесінің белгіленген шараларын орындау үшін Азаматтық қорғау жүйесін бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру нені ескере отырып жүзеге асырылады?

4. Азаматтық қорғаныстың қанша дайындық дәрежесі белгіленген?

5. Азаматтық қорғаныстың жоғары дайындығы немен қамтамасыз етіледі?

## Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘСІЛДЕРІ. ИНЖЕНЕРЛІК ҚОРҒАУ

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғаныс объектісіне жататындар: басқару пункттері, жаңадан тұрған және іштен салынған панаханалар, радиацияға қарсы баспаналар, азаматтық қорғаныс мүліктерін сақтауға арналған қоймалық ғимараттар.

Азаматтық қорғаныс мүліктеріне жататындар: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлау және дозиметриялық барлау, жеке дәрігерлік қорғау құралдары, хабарландыру және байланыс құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдар.

Азаматтық қорғаудың басқару органдарында азаматтық қорғаныс шараларын қамтамасыз ету үшін азаматтық қорғаныстың запастағы мүлкі құрылады.

Азаматтық қорғаныстың мемлекеттік меншік болып табылатын және азаматтық қорғаныс шараларын қамтамасыз етуге және мобилизациялық тапсырмаларды орындауға арналған объектілері мен мүліктерін алуға болмайды.

Азаматтық қорғау күштері мен құралдарын жедел басқару үшін запастағы (қалалық, қаладан тыс) қосалқы және жылжымалы басқару пункттері құрылады.

Мемлекеттік органдардың азаматтық қорғанысының қорғану құрылыстары бюджеттік қаражат есебінен ұсталынады.

Азаматтық қорғаныстың жұмылдыру тапсырысына ие, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын, ұйымдардың аумақтарына орналасқан қорғану құрылыстары ұйымдардың қаражаты есебінен ұсталынады. Азаматтық қорғаныстың қорғану



• шеттетілетін аймақтар (*жылына 50 мЗв/артық*); бұл аймақтан халықтың радиациялық қауіпсіздігі нормаларына сәйкес көшіріледі;

• көшірілетін аймақтар (*20-50 мЗв/жылына*); бұл аймақтан халық уақытша қонысын ауыстырады;

• көшіру құқығымен тұрып жатқан аймақтар (*5- 20 мЗв/жылына*);

• әлеуметтік-экономикалық жеңілдік мәртебесімен тұрып жатқан аймақтар (*1- 5 мЗв/жылына*).

Бұл аймақтардың шекарасы басқа да факторларды ескере отырып, радиациялық жағдайларға байланысты белгіленеді және үш жылдан сирек емес уақытта Үкімет қайтадан қарастырып отырады.

### *Радиоактивті сәулелену түрлері*

*Альфа-сәулелену* деп – протондардан және нейтрондардан тұратын оң зарядталған бөлшектер легі аталады. Мұндай лектер атомның қандай да бір ауыр элементтері тарағаннан кейін туындайды. Альфа-бөлшектер бастапқы сәулелену нүктесінен 50 мм радиусқа бытырап ұшып кетуге қабілетті. Бір парақ қағаз, адамның тері жабындысы бұл бөлшектерден жақсы қорғаушы болып табылады, сондықтан бұл онша ауыр зиян келтірмейді. Алайда, кез-келген организмнің ішіне дем алған ауамен немесе ішкен тамақпен сәулеленудің ең кішкентай мөлшері түссе, сәулелену ішкі органды зақымдайды, бұл организм үшін ары қарай шектен тыс қауіп тудырады.

*Бета-сәулелену* деп – электрондар легі аталады. Электрондар деп аталатын бұл бөлшектер, альфа-бөлшектерге қарағанда әлде қайда кішкене, бірақ кез-келген организмге 2 см сіну қабілеті бар. Сәулеленудің мұндай түрінен қорғануға қарапайым киімдер, әйнектер немесе жұқа металл табақтары жеткілікті. Дененің қорғалмаған бөлігіне түскенде, электрондар терінің тек сыртқы жағын зақымдайды. Сәулеленудің нақ осы түрі қатты күйдіреді. Мысалы, сыртқы сәулеленумен салыстырғанда, альфа-бөлшектер ішкі сәулеленуге қатты қауіп төндіреді.

## Тақырып: ХАЛЫҚТЫ РАДИАЦИЯДАН ҚОРҒАУ

### 1. Радиациядан халықты қорғау кезінде шешілетін міндеттер мен мақсаттар

Негізгі міндет халықты радиациядан қорғау, радиациялық аварияларды оның көздерінде тәуекелдерді азайту немесе салдарларын жұмсарту. Халықтың жеке сәулелену дозасы деңгейін және авариялық жұмыстың қалыптан төмен детерминдеу ықпалын қадағалай отырып, сәулеленуге дейін немесе одан кейін бірден



шаралар өткізу жолымен детерминдеу әсерін (яғни ерте өлімді және зақымдауды) болдырмау.

С т о х а с т и к а л ы қ тәуекел әсерлерін (яғни, онкологиялық аурулар және ауыр тұқым қуалағыш әсерлерді) азайту, өйткені бұған

қорғаныс шараларының көмегімен және авариялық жұмыстың белгіленген деңгейден төмен дозасын қадағалай отырып қол жеткізіледі.

Радиациялық қорғау және қауіпсіздік қағидаттары келесілерге алып келеді: егер ол сәулеленуге ұшыраған адамдарға және қоғамға радиацияға қарсы жоғары көлемде пайда алып келетін болса, сәулеленуге алып келетін немесе әкелуі мүмкін (яғни, іс жүзіндегі қызметі ақталуы тиіс) қызметті сондай жағдайда ғана қабылдауға болады.

### 2. Радиациялық ластану көздері және аумақты аудандастыру

Радиоактивті ластану - қоршаған ортаға радиоактивті элементтердің

қосымша түсуінен сәулеленудің табиғи фонының артуымен байланысты, физикалық ластану түрі.

Радиациялық ластануға тап болған аумақ келесідей аймақтарға бөлінеді:

құрылыстары орасан үлкен жұмыс істеу ауысымына есептелуі тиіс және азаматтық қорғау мақсатында пайдаланылады.

Азаматтық қорғаныстың мүлкі және объектілері бар заңды тұлғалар жойылған немесе қайта құрылған жағдайларда, азаматтық қорғаныстың мүлкін және объектілерін дайындықта ұстап тұру және мақсатқа пайдалану, олар құрылған және жиналған ғимараттар азаматтық қорғаныстың мүлкі мен объектілерінің жаңа иесіне өтеді.

Бейбіт және соғыс уақытында біздің республикамызда іске асырылатын төтенше жағдайдың ең маңыздысы халықты қорғауды қамтамасыз ету шаралары болып табылады.

Халықты бейбіт уақыттағы ТЖ-дан және қазіргі заманғы заманауи соққы беру құралдарынан қорғау, үш негізгі қорғау тәсілі кіретін, кешенді шараларды өткізумен іске асырылады:

- қорғаныс ғимаратына адамдарды жасыру;
- тұрғындарды көшіру және орналастыру;
- халықты жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Адамдарды қорғаныс ғимаратына жасыру халықты соғыс кезінде заманауи соққы беру құралдарынан қорғаудың негізгі



тәсілі болып табылады.

Қорғаныс ғимараттары – бұл панаханалар, радиацияға қарсы жасырыну (РҚО) және қарапайым панаханалар.

Қ о р ғ а н ы с ғимараттарына жасыру жолымен халықты қорғауды қамтамасыз етудің ең маңызды шарттарының

бірі, панаханалар мен РҚО-ны тұрақты дайындықта ұстау, сондай-ақ АҚ дабылы болғанда халықты оларға тезірек кіруге үйрету.

Сонымен қатар, ТЖ туындағанда панаханалар мен РҚО басқару пункті ретінде қолданылады.

Халықты көшіру, әсіресе бейбіт уақытта болған ТЖ-ға, сондай-ақ соғыс уақытында қала тұрғындарын осы заманғы соққы беру құралдарынан қорғауға тән.

Халықты жеке басын қорғау үшін қолданылатын құралдармен қамтамасыз ету.

Жеке қорғаныс құралдары, радиоактивтік, улағыш, қатты әсер ететін улы заттармен және бактериалды құралдардың организмнің ішіне, теріге және киімге түсуінен, жұғуынан қорғауға арналған. Көмір негізінде алғашқы сүзгілік газқағарды ойлап тапқан орыс академигі Д.Н.Зелинский.

Олар келесілерге бөлінеді:

- дем алу органдарын қорғау тәсілдері (ауаны сүзетін және ауаны кіргізбейтін газқағарлар, респираторлар, шаңнан қорғайтын мата маскасы, (АКШ -1) және мақта-дәке таңғышы);

- теріні қорғау тәсілі (арнайы оқшаулап қорғайтын киім, тұрғындарды қорғайтын сүзгі және бейімделген киімі).

Тыныс алу органдарын қорғайтын қарапайым құралға мақта-дәкі таңғышы және шаңға қарсы мата маскалары (АКШ -1) жатады. Олар тыныс алу органдарын радиоактивті шаңдардан және бактериалық аэрозолдардан қорғау үшін қолданылады. Уландырғыш заттардан қорғануға тыныс алу органдарын қорғайтын қарапайым құралдар жарамайды, мұндай жағдайларда арнайы сүзгілік және оқшаулағыш газқағарлар, респираторлар пайдаланылады.

Жеке басын қорғау заттарын қолдану – халықты қорғаудағы басты шаралардың бірі.

Халықты қорғау республикамыздағы АҚ-ның басты міндеттерінің бірі болып табылады, себебі адамдар – ең жоғарғы құндылық болып табылады, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бейбіт және соғыс уақытындағы ТЖ-ның алдын-алу мен әрекеттер бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жүйесінің барлық шараларының басты мақсаты.



#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Өндірістік қауіпсіздігінің негізгі мақсаты не болып табылады?

2. Өндірістік қауіпсіздігі қандай жолмен қамтамасыз етіледі?

3. Қандай факторлар қауіпті өндірістік объектілердің белгілері болып табылады?

4. Қандай өнеркәсіп объектілері, өнеркәсіп қауіпсіздігін міндетті декларациялауға жатады?

5. Қандай үйренулер мен оқу жаттығулары өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында өткізіледі?



### **Аварияны жою жоспары**

Қауіпті өндірістік объектіде аварияны жою жоспары әзірленеді. Аварияны жою жоспарында адамдарды құтқару жөніндегі шаралар, авариялық құтқару қызметтері мен құрылымдары басшылары мен жұмысшылардың әрекеттері қарастырылады.

#### **Авариялық жою жоспарында:**

1) жедел бөлімдер;



2) а в а р и я н ы жоюға қатысушы жұмысшылардың арасында міндеттерді бөлу, әрекеттердің жүйелілігі;

3) а в а р и я болған жағдайда хабарландырылатын және оны жоюға қатысатын лауазымды тұлғалар мен мекемелердің тізімі

мазмұндалады;

4. Аварияны жою жоспарын ұйымдардың басшылары бекітеді және кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және (немесе) құрылымдарымен келісіледі.

#### **Оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар**

Қауіпті өндірістік объектілерде ұйымдардың басшылары бекіткен жоспар бойынша, оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар өткізіледі. Ұйымдарда оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар өткізуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жазбаша хабарландырады.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерімен және кәсіби авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдарымен бірлесіп, оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығуларды ұйымдардың басшылары өткізуді.

Оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулардың қорытындылары актімен рәсімделеді. Актіде ұсынылып мазмұндалғандардың орындалуын бақылау ұйымның басшысына жүктеледі.

### **Инженерлік қорғау: «АҚ инженерлік-техникалық шараларын ұстап тұру және көлемі» 24.10.2014ж. № 732 бұйрығы**

Халықты инженерлік қорғау бойынша шаралар келесідей болып жоспарлануы және жүзеге асырылуы тиіс:

- бүкіл республика аумағында алдын ала;
- экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының кешенінде жоспарланады және жүзеге асырылады; дифференциялау (панаханалар АҚ бойынша топтарға жататын қалалар мен аса маңызды объектілерде, радиациядан қорғайтын орындар қаланың сыртындағы (қауіпсіз) аймақта салынады) жүргізілуі тиіс; халық қорғаныс ғимаратын дұрыс пайдалануға дағдылануы қажет;

- халыққа хабарлау жүйесі ТЖ туындау қаупі мен туындауы кезінде АҚ дабылдары мен ақпараттарды беруге тұрақты даярлықта болуы тиіс.

Қорғаныс ғимараттары – бұл инженерлік ғимарат, ол халықтың радиоактивтік, химиялық, бактериалы және жарылғыш заттардан зақымдануын барынша азайтуға арналған.

Қорғаныс ғимараттарын топтастыру:

1. Қорғаушы белгісіне қарай:

- панахана;
- радиациядан қорғайтын орындар (РҚО);
- қарапайым жасырыну орындары.

2. Мақсатына қарай:

- халықты қорғауға арналған;
- басқару органдарын орналастыруға арналған (басқару пункттері).

3. Орналасуына қарай:

- жапсарлас салынған;
- жеке салынған.

4. Құрылыс мерзімі бойынша:

- бейбіт уақытта алдын ала салынған;
- жылдам тұрғызылған (шабуыл қаупі болғанда тұрғызылады).

Панахана ядролық жарылыстың зақымдану факторларынан тікелей түсуін есепке алмай, бактериалы (биологиялық) құралдар (БҚ), улағыш заттардан (УЗ), сондай-ақ қажет

болғанда қатты әсер ететін улағыш заттардан (ҚӘУЗ), ядролық энергоқондырғының бұзылуынан болған радиобелсенді заттардан, жоғары температурамен өрт шыққанда жанатын заттардың ықпалынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Барлық панаханаларда жасырынатындарды ядролық жарылыс соққысы толқынының майданында артық қысымның ықпалынан – 100кПа(1кгс/кв.см) қорғауы және 1000-ға тең иондаушы сәулеленудің радиациялық дозасын әлсірету дәрежесі болуы тиіс.



П а н а х а н а д а ғ ы тіршілік жүйесі жасырынатындардың есептік санының үздіксіз келіп-кетуін екі тәулік бойы қамсыздандыруы тиіс.

***Панахана сыйымдылығы бойынша мыналарға бөлінеді:***

- шағын сыйымдылығы – 300 адамға дейін;
- орташа сыйымдылығы – 300-600 адам;
- кең сыйымдылығы – 600 –ден астам.

Панаханаларда негізгі және қосалқы бөлмелер бар.

Негізгі бөлмелерге:

- жасырынушыларға арналған бөлмелер;
- басқару пункттері;
- санитарлық орын (медпункт) жатады.

Қосалқы бөлмелерге:

- сүзгіжелдеткіш бөлмелер;
- санитарлық тораптар;
- қорғалған дизэлектрстанциялары;
- электрщиттері;
- азық-түлікті сақтауға арналған бөлме;
- айдау станциясы;
- балондық;
- тамбур-шлюз;
- тамбурлар.

ды, қайта дайындауды қамтамасыз ету, жобалау ұйымдары және басқа ұйымдарда өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселесі бойынша осы ұйымдардың басшыларына жүктеледі.



Дайындау, қайта дайындау оқудан өткізу, соңынан білімді тексеру (эмтихандар) жолымен жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектілерде оқудан өткізу, соңынан білімді тексеру (эмтихандар), сондай-ақ аттестатталған жобалау

ұйымдары және басқа ұйымдарда қауіпті өндірістік объектінің оқу орталығында немесе оқу ұйымдарында оларда өнеркәсіп саласындағы жұмысшылар мен қызметшілерді дайындау, қайта дайындауға құқық беретін аттестат бар болса.

Қауіпті өндірістік объектіде эксплуатациялайтын, техникалық қызметті орындайтын, техникалық куәландыратын, қауіпті өндірістік объектіде монтаждау және жөндеу мәселелерін жүргізетін, қауіпті өндірістік объектіге жұмысқа кіретін, технологиялық процеске қатысатын, дайындыққа жататындар техникалық басшылар, мамандар мен жұмысшылар, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіге жұмысқа тартылатын, аттестатталған жобалау ұйымдары және басқа ұйымдар:

- қауіпті өндірістік объектіде өндіріс жұмысының қауіпсіздігіне жауап беретін жауапты тұлғалар, сондай-ақ және соларда жұмыс атқаратын, жыл сайын он сағаттық бағдарлама бойынша қосымша оқитын жұмысшылар;

- техникалық басшылар, мамандар және инженерлік-техникалық жұмысшылар – үш жылда бір ретқырық сағаттық бағдарлама бойынша қосымша оқиды.

- қауіпті өндірістік объектінің, сондай-ақ аттестатталған жобалау ұйымдары және қауіпті өндірістік объектіде жұмыс істеуге тартылатын басқа ұйымдар жұмысшылары мен мамандарының білімін тексеру (эмтихандар) және ұйымдастыруды олардың басшылары бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырады.

пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстар және ең аз шикізатты өңдеу, жер асты жағдайларында жұмыс жасау;

3. Қауіпті техникалық құрылғылар: жылу желілері, жүк көтеретін механизмдер, эскалаторлар, аспа жолдардан басқа 0,07мегаПаскалдан артық қысыммен немесе 115 градустан артық Цельсияда жұмыс жасайтын техникалық құрылғылар.

### **Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіп қауіпсіздігін декларациялау**

Өнеркәсіп қауіпсіздігін міндетті декларациялауға ҚР Үкіметі бекіткен декларациялауға қатысты тиісті критериймен өнеркәсіп қауіпсіздігі саласы жатады.

Декларацияны қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы бекітеді. Қауіпті өндірістік объектіні өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган тіркемей пайдалануға тиым салынады.

***Қауіпті өндірістік объектіде ұйымның басшысы бекіткен, оқу дабылдары және жоспар бойынша аварияға қарсы жаттығулар өткізіледі.***



Ұйымдар оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізу туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жазбаша хабарландырады.

Оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды ұйымдардың басшылары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерімен және кәсіби авариялық құтқару қызметімен және құрылымдарымен бірігіп өткізеді.

Оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулардың қорытындысы актімен ресімделеді. Актіде мазмұндалған ұсыныстардың орындалуын бақылау ұйымның басшыларына жүктеледі.

Қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс жасауға тартылатын, аттестатталған жұмысшыларды, мамандарды дайындау-

Бір жасырынушы үшін негізгі бөлме едені алаңының нормасы екі қабатты нар кезінде 0,5м<sup>2</sup> және үш қабатты нар кезінде 0,4м<sup>2</sup> болуы керек. Бөлменің көлемі бір жасырынушыға – 1,5м.куб.

Бөлменің биіктігі 2,15 – тен 3,5 м дейін болуы керек.

Есептелген жатуға арналған орынның саны: жатуға арналған орын нар екі қабатты болып орналасқанда, панаханада жалпы орынның 20%-ды, ал үш қабатты болып орналасқан кезде 30%-ды құруы тиіс.

Сүзгіш-желдеткіш жүйесі тәртіп бойынша 2 режимнен тұрады:

- таза желдеткіш – ауа радиоактивті шаңнан тазарады;
- сүзгіш-желдеткіш – ауа сүзгіде тазарады, сонымен қатар, улайтын және бактериалы заттардан тазартады.

Бір жасырынушыға шаққандағы ауа көлемі:

- таза желдету режимі бойынша – 13 шаршы м/сағ. дейін;



- сүзгіш-желдеткіш режимі бойынша – 3 шаршы м/сағ. дейін.

Қажетті ауа қоршаған ортаның температурасына байланысты және панаханаларды салған кезде ескеріледі.

Панаханалардағы санитарлық тораптар – екіден кем болмауы тиіс, бірі ер адамдарға, екіншісі әйел адамдарға деп бөлінеді.

Панаханалардағы жылыту панахананың іші паналаушыларға толғаннан кейін тоқтатылады.

Ғимараттың ішіндегі ең жоғарғы температура +34°C және одан жоғары болса (адам өміріне қауіпті).

Панаханада әрбір жасырынушы үшін қарастырылған ауыз су қоры әрбір адам үшін тәулігіне 3 литрден болып қарастырылған.

Қорғаныс ғимаратының ішіндегі ауадағы кислородтың ең аз мөлшері – 14% және одан төмен болса, адам өміріне қауіпті.



Шағын көлемді бөлмеде, ереже бойынша, панағанадағы ауаның таралуы үшін электрлі қол желдеткіші орнатылады.

Орта және үлкен көлемді панаханаларда қорғалған дизелді-электростанциясын орнату қарастырылады.

Панаханаларда, ереже бойынша, шығу есігі екіден кем болмауы керек, олардың біреуі авариялық шығу болып қолданылуы мүмкін. Панаханалардағы сыртқы есік те ішкі есік те, ауа өтпейтіндей қорғалған.

Панаханаға үй жануарларын немесе тордағы құстарды әкелуге не болмаса әкелдіруге қатаң тиым салынады.

Жылдам тұрғызылатын панаханалар (ЖТП) – қарсыластың шабуыл жасау қаупі төнгенде, 15 тәуліктен 1 айға дейінгі қысқа мерзімде, қарапайым жабдықтармен салынатын қорғаныс ғимараты.

Оның сыйымдылығы, ережеге сәйкес, 50 және 100 адам.

Бейбіт уақытта қолданылған ғимаратты қорғаныс ғимаратының режиміне ауыстыру Азаматтық қорғаныс бастығының өкімімен 12 сағаттан аспайтын уақытта іске асырылады. Жасырынушыларды қабылдауға арналған қорғаныс ғимараттарының дайын болуын, қорғаныс ғимаратында қызмет ететін топтардың (звенолардың) жеке құрамы іске асырады. Топтардың (звенолардың) жеке құрамының саны қорғаныс ғимараттарының сыйымдылығы мен қолда бар инженерлік-техникалық жабдықтарға байланысты анықталады.

«Азаматтық қорғаныстың бейбіт және соғыс уақытында қорғаныс құрылыстарын пайдалану нұсқаулығында» қорғаныс ғимараттарын дайындыққа келтіру және пайдалану мен қызмет көрсету тәртібі анықталған.

Жасырынушылар қорғаныс ғимаратында болуы кезінде өзін-өзі ұстаудың белгіленген ережелерін, ішкі тәртіпті, техника қауіпсіздігін, қорғаныс ғимаратында қызмет көрсету жөніндегі



## Тақырып: ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес (69-бап) өнеркәсіп қауіпсіздігі өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерінде, техникалық регламенттерде, нұсқаулықтарда және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі келесі жолмен қамтамасыз етіледі:

1. Өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарын белгілеу және орындау;
2. Өнеркәсіп қауіпсіздігінің тиісті талаптарын, материалдарды-



техникалық құрылғыларын, технологияның қауіпті өндірістік объектілеріне қолдануға рұқсат ету;

3. ҚР аумағына өнеркәсіп қауіпсіздігінің тиісті талаптарына сәйкес келетін қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат ету;

4. Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіп қауіпсіздігін декларациялау;

5. Мемлекеттік қадағалау, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы өндірістік бақылау;

6. Өнеркәсіп қауіпсіздігін сараптау;

7. Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында жұмысты жүргізу құқығына заңды тұлғаны аттестаттау;

8. Өнеркәсіп қауіпсіздігі мониторингі;

9. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі және құрылымы қауіпті өндірістік объектілеріне қызмет көрсету.

Қауіпті өндірістік объектінің белгісі болып келетіндер:

Өндіріс, пайдалану, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, қауіпті заттарды жою (жарылғыш, тотықтырғыш, жанғыш, тұтанғыш, жоғарыулағыш уландырғыш, радиоактивті);

1. Қара, түсті, қымбат металдарды балқыту және осы металдар негізінде құю;

2. Тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жару жұмыстары,



басқа лауазымды тұлғаны ӨСБ етіп тағайындап, өрт орнын тастап кете алады, бұл ақпарат шұғыл түрде кезекші диспетчерге, өртті сөндіруге қатысушыларға хабарланады. Бұл ретте шешімнің салдарынан жауапкершілік оны қабылдаған лауазымды тұлғаға жүктеледі.

Өрттегі жағдайға байланысты ӨСБ жедел штаб, жауынгерлік учаскелер мен секторлар құруына болады.

Өртте екі және одан көп бөлімше жұмыс атқарғанда, өрт болған шығу ауданында орналасқан өрт сөндіру бөлімінің орта және кіші басшы құрамынан ТБ тағайындалады.

#### ***БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:***

1. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне не кіреді?
2. Өрт тәуекелдері дәрежесі қандай болады?
3. Өрт қауіпсіздігі шарасына халықты және ұйымдардың жұмысшыларын оқыту қалай ұйымдастырылады?
4. Дала өрттерін сөндіру қалай жүргізіледі?
5. Өрт сөндіру тәртібі қандай НҚА-мен регламенттелген?

топтың (звеноның) жеке құрамының барлық өкімдерін қадағалауы тиіс. Жасырынушыларға қорғаныс ғимаратына өзімен бірге үй жануарларын әкелуге тиым салынады. Басқа да шектеу шаралары белгіленген.

Радияциядан қорғайтын орын (РҚО) – олар адамдарды радиоактивті зақымдау (ластану) жағдайында сәулеленуден қорғауды және үсті-үстіне келіп жатқан, екі тәулікке есептелінген жасырынушыларды қабылдауды қамтамасыз ету керек. РҚО шамалы қираған жерде орналасатын болса, оларды қоршаған құрылымдар, 20кПа (0,2 кгс/кв.см.) тең шепте болған соққы толқынының қысымына төтеп беруге есептелінген болу керек. РҚО қатты бұзылуы мүмкін аймақтан алшақ орналасқан шаруашылықпен айналысатын объектілер жұмысшылары мен қызметкерлерін, сонымен қатар санатталмаған қалалар, ауылдар мен елді мекендердің халқын көшіру кезінде белгіленген қалалар мен ауылдардың және елді мекендердің халқын қорғауға арналған.

Адамдарды жасыру үшін қолданылатын тереңдетілген үй-жайлар жетіспеген жағдайда, арнайы РҚО салынады. Олардың құрылысына қолда бар құрылыс материалдары қолданылады.

РҚО-ның сыйымдылығы тәртіпке сәйкес 10-50 адам, жекелеген жағдайларда 100, не одан да көп адам.

РҚО-ның құрамында жасырынушыларды орналастыратын орындар, дәретханалар, желдеткіштерді орналастыруға және ластанған сыртқы киімдерді сақтауға арналған үй-жайлар қарастырылады.

Панаханадағы бір жасырынушыға арналған еденнің мөлшерлі ауданы панаханадағы норма сияқты. РҚО-ға кіретін есік екіден кем болмауы керек. РҚО-ны желдету үшін жүйелі желдеткіш жабдықталады.

Сыйымдылығы 50 адамға дейінгі панахананы желдету табиғи жолмен тартып алатын тораптармен, ал сыйымдылығы 50 адамнан көп болатын болса, желдету мәжбүрлеу жүйесімен желдетіледі. Панаханаларда азық-түлікті, ұжымдық медициналық қобдиша мен құрал-саймандарды сақтайтын орындар қарастырылады.

#### ***Қарапайым панахана***

Панаханалар мен РҚО жетіспегенде, сондай-ақ уақыт тапшы

болып және қаражат болмаған жағдайда, барлық еңбекке жарамды жұртшылық бірігіп, қарапайым панахана – құрылыстарын (ашық және жабық) салады.

Олар халықты ядролық жарылыстың соққы толқынынан, жарық сәулесінен және өткіш радиациядан қорғайды. Шығын ашық жермен салыстырғанда 1,5 – 2 есеге азаяды. Сәулеленуге ұшырау ықтималдығы 2,3 есеге азаяды.

Егер тесіктерді бекітсе, онда жарық сәулесінен толық қорғануға болады, соққы толқынынан қорғану 2,5-3 есеге, өткіш радиациядан қорғану 200-300 есеге артады. Тесіктер мен жарықтарды бекіту, сонымен қатар, киімге радиоактивті заттардың жұғуынан, сондай-ақ қираған ғимараттардың сынықтарынан зақымданудан қорғайды.

РҚО мен қарапайым панаханаларға жасырынғанда жеке бастың қорғаныс заттарын қолдану қажет.

Қарапайым панахана белгілі бір жағдайда панахана мен РҚО сияқты халықты қорғаныс ғимараттарымен қамсыздандыруда аралық кезең болып табылады.

Бастапқыда тесік ашық болып салынады. Тереңдігі 180-200 см, жоғарыдағы ені 110-120 см және төмендегі ені – 80 см болып қазылады.

Қуыстың ұзындығы жасырынатындардың санымен анықталады және бір адамға 50-60 см есеппен жасалады. Қуыстардың қалыпты сыйымдылығы 10-15 адам, ал үлкен қуыста -50 адам.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Инженерлік-техникалық шара қашан жүргізіледі?
2. Қауіпті өндірістік объектідегі панахананы бейбіт уақытта басқа мақсатқа (қойма, жаттығу залдары түрінде және т.б.) пайдалануға бола ма?
3. Жеке тұрған панахананың жапсарлас тұрған панаханадан айырмасы неде?
4. Қарапайым баспана қандай аймақта салынады?
5. АҚ қорғаныс құрылыстарын тексеру қандай мақсатта жүзеге асырылады?

өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды тұлғасы ӨСБ атқарады. ӨСБ дара басшылық қағидасында, өрт сөндірудегі жауынгерлік тапсырманы орындауға қатысушы жеке құрамды және де өрт сөндіруге қатыстырылған күштерді басқарады.

ӨСБ нұсқауын өрт сөндіруге қатысушылардың барлығы орындауы қажет.

ӨСБ өрт кезіндегі іс-қимылына араласуға немесе оның нұсқауын өзгертуге ешкімнің құқығы жоқ.

ӨСБ:

- өртке қарсы қызметтің бір бөлімшесі жұмыс істеген кезде – бөлімшені басқаратын аға бастық;

- бірнеше бөлімшелер жұмыс істеген кезде – өрт шыққан ауданның (объектінің) өрт сөндіру бөлімі бөлімшелерін басқаратын аға бастық немесе гарнизонда белгіленген тәртіпке сәйкес, өртті сөндіруге басшылық жасауға рұқсат берілген адам болып табылады.

Өртке келген өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды тұлғасы:

- жағдайды бағалауы және өртті сөндіруді ұйымдастырудың дұрыстығын айқындауы;

- қосымша күштер мен құралдарды шақыру қажеттігін анықтауы;

- қажет болған жағдайда өртті басқаруды өзіне алуы тиіс.

Аға лауазымды тұлға өрт сөндіруді басшылыққа алу бойынша өзінің қабылдаған шешімі туарлы жариялайды және ШБ, ТБ және УБ хабарлайды.

Аға лауазымды тұлғаның өртте өрт сөндіру басшысына немесе оны аттап өтіп бұйрық беруі өрт сөндірудің басшылығын өзіне алған сәті болып саналады.

Өртке келген аға лауазымды тұлға басшысылықты өз қолына алған – алмағанына қарамастан өрт сөндірудің нәтижесі үшін жауап береді.

ӨСБ болатын өртке қарсы қызмет гарнизонының лауазымды тұлғалары өте жоғарғы нөмірлі (ренгімен) өрттің туындауына шақыру, төтенше жағдайға кідіртпеуге әсер тигізу жөнінде хабарлама алғанда және ӨСБ міндетін орындау мүмкін болмаған басқа жағдайларда, өртті сөндіруге қатысушылардың арасынан

### **Өрт сөндіруді ұйымдастыру ережесі**

ҚР ПМ 26.06.2017 жылғы № 446 бұйрығына сәйкес, өрттегі өртке қарсы қызметтің жеке құрамының негізгі міндеттері адамдарды, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін сақтап қалу және өртті сөндіру болып табылады. Негізгі міндеттерді орындау үшін құрылымдық бөлімшелердің жеке құрамдары келесі құралдарды пайдаланады:

- өрт және авариялық-құтқару автомобилдері, соның ішінде өрт сөндіру мақсатына қабілеттендірілген автомобильдер;
- байланыс құралдары және жарықтандыру;
- тыныс алу органдарының жеке қорғаныс құралдары (бұдан әрі – ТОЖҚК);
- заттарды өшіру;
- ғимараттар мен құрылыстарды өрттен қорғау жүйесі.

#### **Өртте іс-әрекеттерді басқару келесіше қарастырылады:**

- жағдайды бағалау және оқиға орнында іс-қимылды басқарудың тиісті талаптарға сәйкес штаттан тыс құрылымдарын құру;

- алдыға қойған міндеттерді орындау кезінде олардың дербес



жауапкершілігі және жедел лауазымды тұлғалардың күзіретін белгілеу;

- өрт сөндіру жөніндегі әрекеттерді жоспарлау, соның ішінде қажетті күштер мен құралдарды анықтау, өртке қарсы әрекеттерді ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдау;

- өрт сөндіруге

қатысушылардың алдына міндеттер қою, өрттегі жағдайларды өзгертуге қажетті әрекет ету;

- өрттегі жағдайлардың өзгеруін ескере отырып, тіркеудің белгіленген тәртібінде қажетті ақпараттарды жүзеге асыру;

- өрт сөндіру бойынша әрекеттердің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шараларды жүргізу.

Өрт сөндірудегі тікелей басшылықты өрт сөндіруге келген

### **Тақырып: СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Эвакуация** - төтенше жағдай аймағынан және қазіргі заманғы соққы беру құралдарын қолдануы мүмкін аудандардан адамдардың өмірі мен өндірістің жұмыс істеуін қорғау мақсатында халықты



және материалдық құнды заттарды ұйымдастырып шығару (алып шығу). Эвакуация мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізіледі. Халықты қауіпті аймақтардан тыс жерлерге жеткізу (шығару)

мерзімі оның аяқталуы болып саналады.

**Қауіпсіз аймақ** - химиялық зақымдану мен радиоактивті ластану, бұзылулардан алшақ орналасқан аумақ, сондай-ақ апатты су басу ауданымен шекараласпайтын, көшірілген адамдарды орналастыруға алдын ала дайындалған орын және бірінші кезекте тіршілікке керек-жарақпен қамтамасыз ету орны.

Эвакуациялық шаралары алдын-ала барлық жағынан даярланып, жоспарланады. Олар халықтың болуы мүмкін шығынын төмендету, білікті маман кадрды сақтау, экономика объектілерінде қызмет тұрақтылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар зақымдану ошағында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу мақсатында, қауіпсіз аймақта күш пен құралдар тобын құруға жағдай жасауға арналып жүзеге асырылады.

**Эвакуациялау шараларын жүргізуге шешімді соғыс уақытында: ҚР Үкіметі қабылдайды.**

#### **Эвакуациялауды жүргізудің жолдары**

Эвакуациялау шаралары барлық мүмкін тәсілдер арқылы: темір жолмен, автомобильмен (оның ішінде жеке өзінікімен де), әуе арқылы, су көлігі және жаяу жүру арқылы ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Соғыс уақыттарында негізгі эвакуациялау жолы – көліктің барлық түрімен жаяу көшу біріктірілген көшіру болып табылады.

Көшірілушінің басты қауіпсіз орынға орналасуы үшін керекті басты құжаттары: төлқұжат (жеке басының куәлігі) және өз отбасымен бірге қосылуы міндетті шаруашылық нысанының тізімі.

Көлікпен көшу кезінде өзімен бірге алынған азық-түлік пен заттың салмағы үлкен адамға 50 келіден аспауы керек.

Эвакуациялау кезінде жаяу колонна саны 500 ден 1000 адамға дейін. Соғыс кезеңінде жаяу колонна арасы 500 метрден кем болмауы керек. Азық-түлік және жеке заттардың мөлшеріне шектеу жоқ (өзімен бірге көтергеніңше алуға болады).

#### **Эвакуациялаудың түрлері**

Ішінара эвакуациялау - өндірісте және қызмет көрсету саласында жұмыс жасамайтын халықты, көліктің жұмыс жасау кестесін бұзбай жалпы көшірулерден бұрын алдын-ала көшіру.

**Жалпы эвакуациялау** - халықты барынша үйлестіріп, жаяу тәртіппен және көліктің барлық түрімен қалалардан және елді мекендерден көшіру және оларды қауіпсіз аймаққа орналастыру.

**Бөліп жайғастыру** - санатталған қалаларда соғыс уақытында жұмыс істеп жатқан жұмысшылармен ұйымдардың қызметкерлерін ұйымдасып тасу және оларды қауіпсіз аймаққа орналастыру.

#### **Эвакуациялық органдар**

ҚР ПМ 2017 жылғы 18 наурыздағы № 209 бұйрығына сәйкес, жоспарлауды тікелей жүзеге асыру және бөліп орналастыруды жүргізу мен халықты эвакуациялау үшін эвакуациялық органдар құрылады:

- эвакуациялық комиссиялар;
- эвакуациялық қабылдау комиссиялары;
- жинақтанған эвакуациялық пункттер;
- эвакуациялық аралық пункттер;
- эвакуациялық -қабылдау пункттері;
- зардап шеккен (баспанасыз қалған, санитарлық шығынға ұшыраған, өтемі жоқ шығынға ұшыраған) халықты қабылдау пункттері.

Эвакуациялық комиссиясының құрамы мен ережелерін тиісті азаматтық қорғау бастықтары бекітеді. Тиісті әкімшілік-аумақтық көшіру комиссиясының құрамын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жергілікті атқару органдарының, орталық атқару органдарының аумақтық бөлімшелерінің және ұйымдардың келісімі бойынша анықтайды.

- ұйымдар мен өндірістерде экскурсиялар жүргізу кезінде;
- адамдар жаппай жиналатын іс-шараларды ұйымдастыруға дайындық кезінде жүргізіледі.

*Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесі. ҚР АШМ 23.10.2015 жылғы № 18-02/942 бұйрығы*

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер телімдері, су және олардың үстіндегі ауа кеңістігі;

- мемлекеттік орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар;

- минералдандырылған жолақ – бұл топырақтың минералды қабаттарына дейін топырақ өңдейтін құрал-саймандармен өңделген және орман өртінің таралуын болдырмауға арналған жолақ;

- орман қоры – Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсідіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері;

- өрт сөндіру станциялары – мемлекеттік орман қорының бекітілген алқаптары орман өрттерін жоюды қамтамасыз ету үшін пайдаланатын өрт сөндіру техникасымен, жабдықтарымен, өрт сөндіру және байланыс құралдарымен жарақтандырылатын мемлекеттік орман иеленушілерінің объектісі;

- орман пайдаланушы – Кодексте белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалау құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

- өрт қауіпі класы – бұл орманның табиғи өрт қауіпінің көрсеткіші және ауа райы жағдайлары бойынша ормандағы өрт қауіпсіздігі көрсеткіші;

-өрт сөндіру пункттері – орман пайдаланушылар мен жеке орман иеленушілер құратын, орман өртін сөндіруге арналған өрт сөндіру жабдықтары мен мүліктерін жинақтау пункттері.

Ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган), оның аумақтық органдары, Кодексте айқындалған өз құзіреті шегінде жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік орман иеленушілер болып табылады.



Өртке қарсы қайта нұсқама ұйым басшысы бекіткен сабақтарды өткізу кестесіне сәйкес, мынадай кезеңділікпен өткізіледі:

- білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау объектілерінде – кемінде жарты жылда бір рет;
- өндірістік объектілерде, сақтау және сауда объектілерінде, адамдар көп жиналатын объектілерде – жылына бір рет;
- адамдар көп жиналатын объектілерге жатпайтын қоғамдық ғимараттарда – 2 жылда бір рет.

Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқама:

- өндірістік технологиялық процесін өзгерту, жабдықты, құралдарды, негізгі шикізатты, материалдарды ауыстыру немесе жаңғырту кезінде;
- ұйым қызметкерлері өрттің шығуына әкелген немесе әкелуі мүмкін өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған кезде;
- өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың лауазымды адамдары ұйымға өрт-техникалық тексеру жүргізу барысында ұйым қызметкерлерінің білімнің жеткіліксіз екенін анықтаған кезде олардың ұйғарымы тексеру нәтижелері туралы акт) бойынша өрт қауіпсіздігі шараларын қосымша зерделеу үшін;
- ұқсас өндірістерде, ғимараттар мен құрылыстарда шыққан өрттер туралы ақпараттық материалдар келіп түскен кезде;
- ұйым қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігі талаптарын қанағаттанарлықсыз білу фактілері анықталған кезде жүргізіледі.

*Мақсатты өртке қарсы нұсқама:*

- жоғары өрт қауіптілігімен және басқа да отты жұмыстармен (ашық отты пайдаланатын, ұшқын түзетін, газ-ауа, бу-ауа және тозаң-ауа қоспаларының, өзге де жанғыш заттардың (электрмен және газбен дәнекерлеу, бензинмен кесу, дәнекерлеу шамдарын, факелдерді, шілтерлерді пайдаланатын жұмыстар, битум қайнату және жылу мен ұшқын шығаратын басқа да жұмыстар) тұтануы (өздігінен тұтануы) мүмкін температураға дейін жабдықты, аспапты, материалдарды қыздыратын жұмыспен) байланысты бір жолғы жұмыстарды орындау кезінде;
- төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде;
- рұқсат-наряд ресімделетін жұмыстарды жүргізу кезінде, жарылыс қауіпті өндірістерде отты жұмыстарды жүргізу кезінде;

Эвакуациялық комиссиялар орталық және жергілікті атқару органдарында, азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдарда құрылады.

**Эвакуациялық-қабылдау** комиссиялары көшірілетіндерді қабылдау, орналастыру және бөліп жайғастыруды жүзеге асыратын ауылдық аудандарда, қалаларда құрылады.

Орталық (жергілікті) атқару органдарының, азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдардың бірінші басшының орынбасарының бірі эвакуациялық комиссияның төрағасы болып тағайындалады, эвакуақабылдау комиссиялардың төрағасы болып - жергілікті атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары тағайындалады.

Жинақталған көшіру пункттері көшірілген халықты жинауға және тіркеуге, оларды көлікке отырғызу орындарында және қозғалыстың бастапқы пункттеріне жіберуге ұйғарылған. Эвакуациялық жиналу пунктінің әкімшілігі қалалар мен қалалық аудандар әкімдерінің қаулысымен және бұйрығымен, ұйымдар басшылығының бұйрығымен күні бұрын тағайындалады. Эвакуациялық жиналу пункті өз қызметінде эвакуациялық комиссияға бағынады.

Әрбір тармаққа рет нөмірі қойылады. Міндетті түрде барлық эвакуациялық жиналу пунктінің қалалық, аудандық, объектілік эвакуациялық комиссиялармен, жаяу эвакуациялау бағыттарының бастапқы пункттерімен және көлік органдарымен тікелей байланысы қамтамасыз етіледі. Қажет болған жағдайда эвакуациялық жиналу пунктерінде эвакуациялық халыққа газқағарлар беру пункттері құрылады.



Егер тұрақты орналастыру аудандары тәулік бойы жүруден асатын қашықтықта болса, эвакуацияның аралық пункттері құрылады. Олар көшірілген халықты аз уақытта орналастыру (дем алу), оны қайта тіркеу, қажет болған жағдайда дозиметрлік, химияға қарсы бақылау жүргізу, адамдарды санитарлық өңдеуден өткізу және оларды қауіпсіз аймақтағы қоныстандыру орындарына жіберуге арналған.

Қабылдаушы көшіру пункттері көшірілетін және орналастырылатын халықты жеткізетін жерлерде ашылады. Қабылдаушы көшіру пункттерінің құрамын эвакуақабылдау комиссиясының басшысы анықтайды.



ҚКК-на эвакуациялау кезінде келген халықты қабылдауды ұйымдастыру, олардың есебі мен орналастыру, сондай-ақ қалыпты өмір сүру үшін келген халықты барлық қажетті заттармен ұйымдастыруға бақылау жасау жүктеледі.

ҚКК-ны ауылдық, аудандық және қалалық жергілікті атқару органдарының басшылары, меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басшылары басқарады.

### ***Көшіру шараларын жоспарлау***

Көшіру шараларын жоспарлауға арналған негізгі мәліметтер:

1) қалаларда және қауіпсіз аймақта тұратын жұмылдыру ұйғарымы бар халықтың және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шақыруына жататын тұлғалардың саны;

2) соғыс уақытында, азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалаларда қызметін жалғастырушы ұйымдар тізімі жұмысшылар мен қызметшілердің тізімі, сондай-ақ ең үлкен жұмыс ауысымы мен ауысым жұмысы уақыты;

3) өзінің қызметін соғыс уақытында қауіпсіз аумаққа ауыстырған ұйымдардың тізімі, жұмысшылардың, қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің санын көрсете отырып;

### ***Ұйымдардың қызметкерлерін оқыту тәртібі және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар***

ҚР ИМ 16.07.2015 жылғы № 777 бұйрығына сәйкес, ұйымдарда жұмыс істейтін халықты оқыту өртке қарсы нұсқама және өрт-техникалық минимум түрінде жүзеге асырылады.



Ұйымдарда өртке қарсы нұсқама қызметкерлерге өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптарын жеткізу, өндірістер мен жабдықтардың технологиялық процестерінің өрт қауіптілігін, өртке қарсы қорғау құралдарын, сондай-ақ өрт шыққан

жағдайда олардың әрекет етуін зерделеу мақсатында жүргізіледі. Сипаты және өткізу уақыты бойынша өртке қарсы нұсқама: кіріспе, алғашқы, қайта, жоспардан тыс және мақсатты болып бөлінеді.

Кіріспе өртке қарсы нұсқама:

- біліміне, кәсібі (лауазымы) бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, жаңадан қабылданған барлық қызметкерлермен;
- уақытша және маусымдық қызметкерлермен;
- өндірістік оқуға немесе практикаға келген білім алушылармен және студенттермен жүргізіледі.

Алғашқы өртке қарсы нұсқама:

- барлық жаңадан қабылданған қызметкерлермен;
- бір бөлімшесінен басқасына ауысқан қызметкерлермен;
- ауысқан жағдайда олар үшін жұмысты орындайтын қызметкерлермен, іс сапарға жіберілген уақытша қызметкерлермен;
- маусымдық қызметкерлермен;
- ұйым аумағында құрылыс-монтаждау жұмысты орындайтын құрылыс саласының мамандарымен;
- өндірістік оқуға немесе практикаға келген білім алушылармен және студенттермен жүргізіледі.

көрсетілетін өрт қауіпсіздігінің маңызды талаптарының жалпы саны;

SP2 – өрт қауіпсіздігі маңызды талаптарының бұзылу саны.

Өрт қауіпсіздігі талаптарының маңызсыз бұзылу көрсеткіштерін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP2 - 100 / SP1) \times 0,3$$

бұл жерде:

SP<sub>n</sub> – өрт қауіпсіздігі талаптарының маңызсыз бұзылушылығының көрсеткіші;

SP1 – тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тексеру кезінде көрсетілетін өрт қауіпсіздігінің маңызсыз талаптарының жалпы саны;

SP2 – өрт қауіпсіздігі маңызсыз талаптарының бұзылу саны.



Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және келесі формула бойынша көрсеткіштерді сомалау жолымен анықталады:

$$SP = SP3 + SP_n$$

бұл жерде:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP3 = өрт қауіпсіздігі талаптарының маңызды бұзылушылығының көрсеткіші;

SP<sub>n</sub> = өрт қауіпсіздігі талаптарының маңызсыз бұзылушылығының көрсеткіші.

Тәуекелдің жоғары дәрежесінде тексерілетін субъектілердің (объектілердің) жалпы көрсеткіші бойынша:

- мерзімділігі тәуекел дәрежесі көрсеткіш кезінде 0-ден 60-қа дейін болса – осы Критерийдің белгіленген 7 тармағына сәйкес, жоспарланған тексеру жүргізудің келесідей ерекше тәртібінен босатылады;

- тәуекел дәрежесі көрсеткіш кезінде 60-тан 100-ге дейін болса, ерекше тексеру өткізу тәртібінен босатылмайды.

4) оқу орындарының, мектепке дейінгі мекемелердің тізімі, оқытындардың, балалардың, сондай-ақ оқытушылар құрамы мен қызмет көрсететін персоналдар тізімі;

5) азаматтық қорғаныс бойынша топқа жататын қалалар маңындағы қатты қирауы мүмкін аймақтар, осы аймақта тұратын халықтар саны;

6) көшірілген халықты бөліп орналастыруға тиым салынған пункттер мен аудандар;

7) көшірілген халықты бөліп орналастыруға мүмкіндіктері бар пункттер мен аудандар;

8) аудандардағы халықты орналастыратын қорғаныс құрылысы бар (радиацияға қарсы тығылатын панаханалар, тау кен өнімдері орны, қарапайым панаханалар), сондай-ақ сумен жабдықтау көзі бар;

9) көшіру тасымалына арнап тартылған көлік мүмкіндіктері;

10) жол желісі, оның жағдайлары мен жіберу мүмкіндіктері;

11) жаяу тәртіппен халықты көшіруге арналған бағыттарды іс жүзінде қолдану мүмкіндігі;

12) көшіру және бөліп жайғастыру туралы халыққа хабарлауға, сондай-ақ көшіру шараларымен айналысатын басшыларға арналған байланыс жүйесі мен құралдары;

13) халықты көшіру және бөліп жайғастыруға ықпал ететін жергілікті жағдайлар және маусымдық климаттық ерекшеліктер;

14) көрші облыстардан келген халық саны және олардың келген уақыты.

Халықтың есебін алу төмендегі негізгі топтар бойынша жүргізіледі:

1) Бірінші топ - соғыс уақытында қаладағы жұмыс істеп жатқан ұйымның жұмысшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ олардың тіршілігін қамтамасыз ететін отбасы мүшелері (орналастыру).

2) Екінші топ - соғыс уақытында өзінің іс-қимылын қауіпсіз аймаққа ауыстырушы ұйымның жұмысшылары мен қызметкерлері және олардың отбасының мүшелері. Министрліктер мен Агенттіктердің орталық аппараттарының қызметкерлері. Өзінің жұмысын тоқтатқан, ұйымның жұмысшылары мен қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері (жалпы көшіру).

3) Үшінші топ - жоғарғы оқу орындарының студентері, орта



арнайы оқу орындарының, кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары, профессор оқытушылар құрамы және қызмет көрсетуші персоналдар, мектеп - интернаттардың оқушылары, балалар үйінің және арнайы балалар мекемелерінің тәрбиешілері, мұғалімдер, тәрбиешілер мен қызмет көрсетуші персоналдар. Мүгедектер мен қарттар үйінде тұратын зейнеткерлер, оларға қызмет көрсетушілер.

4) Төртінші топ - 1- және 3-топқа жатпайтын барлық халық.

Көшірілетін халықты қауіпсіз аймаққа бөліп жайғастыруды, орналастыруды, қабылдауды ауылдық аудандарда бір адамға 2,5 ш/м есебімен көшіру-қабылдау комиссиясы жоспарлайды.

Ауылдық аудандарда азаматтық қорғаныс жоспарына қосымша болып табылатын көшірілетін халықты қабылдау және орналастыру жоспарында мыналар көрсетіледі:

1) келген ұйымдардың саны мен атауы және жұмысшылардың, қызметкерлердің және отбасы мүшелерінің санын көрсете отырып, оларды елді мекендер бойынша (қалалардың көшелерімен) бөлу;

2) өз қызметін қаладан қауіпсіз орынға ауыстырған ұйымдарды орналастыру үшін жоспарланған өндірістік, қызметтік, әкімшілік, мәдени тұрмыстық және басқа имараттар мен ғимараттар;

3) көшірілген халықты түсіру және бөліп орналастыру орны;

4) қабылдау көшіру орындары, олардың дислокациясы және әкімшілік құрамы, оларды дайындыққа келтіру мерзімі мен тәртібі;

5) келген халықты қабылдау-көшіру орындарынан оны орналастыру орнына жеткізу уақыты мен тәртібі; тасымалдауға арналған көлік құралдары (кім қандай мөлшерде бөледі, бөлу уақыты);

6) көшірілген халықты бөліп жайғастыру үшін орын дайындау мерзімі мен тәртібі; оларды азық-түлікпен және бірінші керекті заттармен қамтамасыз ету; келген халықты қамтамасыз ету бойынша дәрігерлік қызмет көрсетуді және басқа шараларды ұйымдастыру;

7) жергілікті атқару органдарының, кәсіпорын басшыларын, ұйымдардың, мекемелердің басшыларын көшіру шараларының басталуы, түсіру орнына адамдардың келу уақыты туралы хабарландыру тәртібі;



Субъективті критерийлер тексеру қағазында аталып өткен өрт қауіпсіздігі талаптары негізінде әзірленген, ол үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, маңызды, маңызсыз.

Өрескел бұзушылық – өрттің туындау шарттарын болдырмауға бағытталған

өрт қауіпсіздігінің талаптары, оның таралуы, өрттің қауіпті факторының адамға ықпалын, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мәселесін регламенттейтін электр желісін және электр жабдықтарын қауіпсіз пайдаланатын эвакуация жолдарының болуы және жағдайы.

Маңызды бұзушылық – өрт шығуының алдын алу және ескертуге бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптары және оны сәтті өшіруге жағдай жасау.

Маңызы шамалы бұзушылық – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық мәселесін реттейтін өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есептемесі кезінде өрт қауіпсіздігінің талаптарының орындалмаған салыстырмалы салмағымен анықталады. Өрт қауіпсіздігінің орындалмаған бір талабы дәрежі дәрежеде 100 көрсеткішіне теңеледі. Өрт қауіпсіздігінің талаптарының

өрескел бұзушылығы анықталмаған болса, онда тәуекел дәрежесін анықтау үшін маңызды және маңызсыз дәрежедегі өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу жөніндегі сомалық көрсеткішпен есептеледі.

Өрт қауіпсіздігінің талаптарының маңызды бұзушылығы көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$$SP3 = (SP2 - 100 / SP1) \times 0,7$$

бұл жерде:

SP3 – өрт қауіпсіздігі талаптарының маңызды бұзылушылығының көрсеткіші;

SP1 – тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тексеру кезінде



## Тақырып: ӨРТ ҚАУПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – бұл өртпен одан келтірілген зиянды (нұқсанды) болғызбауға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық, ғылыми-техникалық және құқықтық шаралардың, сондай-ақ өртке қарсы қызметтің күштері мен техникалық құралдарының жиынтығы.

Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орталық және жергілікті атқарушы органдарды, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді, өртке қарсы ерікті құрылымдарды, өрт сөндіру- техникалық ғылыми-зерттеу мекемелерін, уәкілетті органның білім беру ұйымдарын, өрт сөндіру-техникалық өнімдер шығаратын кәсіпорындарды қамтиды.

Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының ведомствоішілік қызметінің міндеттері мен функциялары уәкілетті органның басшысы бекітетін қағидаларда, нұсқаулықтарда регламенттеледі.



*Тәуекел дәрежесін бағалау критерийі*

*ҰЭМ 30.10.2018ж № 31 және ИМ 30.10. 2018 жылғы*

*№758 бірлескен бұйрықтарына* сәйкес, өрт қауіпсіздігі саласында ерекше тексеру тәртібі үшін қолданылады, объективті және субъективті критерийлер құралы бойынша қалыптасады.

Объективті критерийлер тәуекел дәрежесі бойынша (жоғары және жоғарыға жатпайтын (маңызсыз) тексерілетін субъектілерді (объектілерді) бөлу мақсатында әзірленген.

Субъективті критерийлер ерекше тәртіппен тексеруді жүргізуден босату түрінде, адал тексерілетін субъектілерді кеңейту қағидасын жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

8) радиациялық және химиялық бақылауды ұйымдастыру, басқару және қабылдау және көшірілген халықты аумаққа (азаматтық қорғау бойынша топқа жатпайтын қалаларға) бөліп жайғастыру кезіндегі ақпараттар.

## **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Соғыс уақытында эвакуациялық шаралар өткізуге шешімді кім қабылдайды?
2. Эвакуация қандай түрге бөлінеді?
3. Эвакуациялық органдар не үшін құрылады?
4. Эвакуациялық комиссия қай жерде құрылады?
5. Соғыс уақытында эвакуацияланатын халық қанша топқа бөлінеді?

## Тақырып: БЕЙБІТ УАҚИТТА ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бейбіт уақытта эвакуациялық шараларды өткізуге шешімді ҚР Үкіметі және ЖАО шығарады.

Уақыттары мен мерзімдеріне байланысты эвакуациялық ша-



раларды өткізу алдын ала (алдын алу) немесе шұғыл (кідіртпей) жүргізілуі мүмкін.

*Алдын ала (шектену) эвакуация* әлеуетті қауіпті объектіде авария болу қауіпі

өте жоғары болса немесе стихиялық апат (дауыл туралы ескерту) туралы нақты мәлімет алған кезде жүргізіледі. Аталған шараны қолдану үшін негіз халықты қорғау аварияның туындауы туралы қысқа мерзімді болжам немесе бірнеше минуттан бірнеше тәулікке дейін, ол осы мерзім ішінде анықталуы мүмкін.

*Халықты шұғыл эвакуациялау* ТЖ туындауы жағдайында жүзеге асырылады – сендірудің аз ғана уақыты кезінде немесе ТЖ факторларынан зақымданған адамдарға көмек көрсетуі жағдайларында.

Эвакуация қысқа уақыттың ішінде жүргізілуі мүмкін. Соңғы адам қауіпті аймақтан шыққан кезде ол бітті деп есептеледі.

ТЖ сипатына және таралу масштабына, сондай-ақ қауіпті аймақтан шығаруға жататын, эвакуацияланатын халықтың санына байланыты, эвакуация объектілі, жергілікті, аумақтық (жаһандық) болуы мүмкін.

Объектілі көлемдегі төтенше жағдайлар туындауы және туындау қауіпі кезінде аймақ ТЖ зақымдаушы факторларының ықпалы жекелеген объектілер шегінде шектелсе (кәсіпорын және ұйымдар, үйлер және ғимараттар) объектілі эвакуация жүргізіледі. Мұндай жағдайларда эвакуацияланатындар, ереже

немесе шаруашылығы бар объектілерді салуға рұқсат етілмейді. Мұндай құрылысқа тек ерекше жағдайларда және тиісті қорғау шараларын өткізумен рұқсат етіледі.

Қалаларда ықтимал апаттық су басу аймақтарына жаңа тұрғын үй аудандарын салуға рұқсат етілмейді.

### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. ҚБП жоспары қандай мақсатта әзірленеді?
2. Қирауы ықтимал аймақта ауа соққысының артық қысымы қанша мөлшерде болуы тиіс?
3. Ұйымдардың АҚ бойынша санаттарға жатуы қандай нормативтік құжаттарда регламенттенеді?
4. Қазақстанның қай қалалары АҚ бойынша ерекше топқа жатады?
5. АҚ-ның инженерлік-техникалық шараларының мазмұны мен көлемі неге байланысты?

Атом станцияларында станция персоналдарын және осы станциялардың қызметтері мен тіршілікпен қамтамасыз ететін жұмысшылары мен кәсіпорын қызметкерлерін (әскери және өрт бөлімдері жеке құрамын қоса) панаханаларда қорғау қарастырылады.

Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдардың (ең үлкен жұмыс істейтін ауысымдардың) жұмысшылары мен қызметшілерін және қатты қирауы ықтимал аймақтардың сыртына орналасқан басқа да ұйымдардың, сондай-ақ Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатпайтын қалаларда тұратын халықты, поселкелерді және ауылды елді мекендерді, көрсетілген қалалық және ауылдық жерлердегі халықты көшіру және орналастыру радиацияға қарсы панаханаларда қарастырылған.

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалардың бас жоспары жобасында, сондай-ақ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасында, шағын аудандарды, кварталдарды, қала құрылысы кешені немесе қоғамдық ғимараттар мен имараттар топтарының жаңадан жобаланатын, кеңейтетін, қайта конструкцияланатын жобаларында (жұмысшы жобаларында) және техникалық қайта жарақталатын аталған қаладағы байланыс және көлік, энергетика, қолданыстағы өнеркәсіп ұйымдарының «сары желі» – тұрақты жұмыс істейтін магистрал бойына орналасқан, коммуналдық-қоймалық ғимараттар, өнеркәсіптік, қоғамдық құрылыстар мен тұрғын үйлердің қираулары ықтимал аймақтардың барынша мүмкін шекараларының жоспары әзірленеді.

«Сары желі» шегіндегі жолдың тәуелсіз бөлігінің ені 7 м. кем болмайтындай етіп қабылданады.

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалаларды қайта конструкциялау, кеңейту және жаңа құрылыстар салуды жоспарлау кезінде, көгалдандыру (саябақтар, бақшалар, бульварлар) және қала құрылысы аумағынан бос (су айдындары, спорт алаңдары мен тағы сол сияқтыларды) қаланың қала аумағын қоныстандыруды, телім ауданы 2,5 км<sup>2</sup> артық емес, ені 100 м кем емес бөлудің бірыңғай желісі байланыстырады.

Ықтимал апаттық су басу аймақтарының, салынып жатқан немесе салуға ұйғарылған ірі қоймалардың маңына, жаңа қалалық немесе ауылдық қоныстандыру, сондай-ақ маңызды қорғанысы

бойынша, зардап шекпеген аудандарға, қаланың (шағын аудандарда) немесе жақын елді мекендеріне жіберіледі.

Жергілікті көлемдегі төтенше жағдайлар туындауы және туындау қаупі кезінде ТЖ аймағына қалалар немесе ірі қалалардың жекелеген аудандары, ауылдық аудандар және ауылдық өңірлер тап болса, жергілікті эвакуация жүргізіледі. Халық әдетте жақын маңдағы қауіпсіз аймаққа немесе әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі елді мекендерге көшіріледі.



Аумақтық және жаһандық көлемдегі төтенше жағдайлар туындауы және туындау қаупі кезінде, ТЖ аймағы халық жоғары тығыз орналасқан ірі қалаларды қоса алғанда бір немесе бірнеше өңірді қамтыса, аумақтық эвакуация жүргізіледі. Сонымен қатар халық ТЖ аймағынан халық аралары қашық жерлерге тұрақты тұру үшін көшірілуі мүмкін.

Эвакуациялаудың негізі адамдардың жеке басы мен денсаулығына қауіп төну болып табылады. Төтенше жағдайларды жою басшысы, төтенше жағдайлардың таралуы кезінде төтенше жағдайлар аймағында эвакуациялық шараларды өткізуді ұйымдастырады.

Объективті сипаттағы жылдам әрекет етудің талап еткен жағдайда басшының нұсқауымен (өкімімен) әлеуетті қауіпті объектіге кезекшілік-диспетчерлік қызметті жүзеге асыруы мүмкін.

Эвакуацияны сәтті өткізу үшін халықты хабарландыру мен ақпараттандыруды нақпа-нақ ұйымдастырылу талап етіледі, қолда оны жүргізу бағыттары дайындалған егжей-тегжейлі қарастырылып жасалған эвакуация жоспары, жеткілікті мөлшердегі көлік құралдары, қамтамасыз етудің қажетті түрлері және т.б. болуы тиіс.

Эвакошаралауға жалпы басшылықты және тікелей

ұйымдастыру мен эвакуациялауды қалалардың және аудандардың эвакуация комиссиялары, ал объектілі деңгейде ұйымдардың басшылары жүзеге асыруды.

Эвакуациялық және эвакуациялау комиссиясы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің басқару органы болып табылады. Бұл комиссияға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімінің орынбасары басшылық жасайды.

Эвакуациялық органдардың қызметі (бұдан әрі – эвакооргандар) халықты тұрған жерлерінен қауіпсіз аймаққа уақытша көшіру (алып шығу) жөнінде эвакошараларды дайындауды және көшірілген халықтарды алғашқы қажетті заттармен қамтамасыз етуді тікелей жүргізуді жоспарға енгізеді.

Бейбіт уақытта АҚМЖ қызметтері жағдайға байланысты үш режимге бөлінеді:

а) *күнделікті қызмет режимі:*

-бейбіт уақытта қандай да бір ТЖ туындау қауіпінсіз қызмет етуі;

б) *жоғары дайындық режимі:*

-төтенше жағдайлар туындау қауіпі кезінде қызмет етуі;

в) *төтенше жағдайлар режимі:*

-төтенше жағдайлар туындауы кезінде қызмет етуі.

АҚМЖ қызмет етуінің сол не басқа режим туралы шешімді, нақты жағдайды ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі қабылдайды.

АҚМЖ қызмет етуі кезінде эвакооргандардың жүзеге асыратын негізгі шаралары келесілер:

а) *«күнделікті дайындық» режимі кезінде:*

-тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің эвакуациялық комиссиясы уәкілетті органның



ведомстволық бөлімшелерімен бірге бейбіт және соғыс уақытында ТЖ туындауы және туындау қауіпі кезінде:

30 кПа (0,3 кгс/см<sup>2</sup>)-дан бамтап қатты қирауы мүмкін аумақты құрайды;

Қирауы мүмкін және қатты қирауы мүмкін аймақтардың шекаралары арасындағы аумақта, қирауы әлсіз болуы мүмкін аймақтар жатады.

Қатты қирауы мүмкін аймақтардың шекараларынан шекараларын алып тастау, былайша анықталады:

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар үшін – қала жобасын әзірлеу шегінде;

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын ұйымдар үшін (қалалардан тыс орналасқан, азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын) – объекті құрылысы жобасы шекарадан 3 км.

Қирауы әлсіз болуы мүмкін аймақтардың шекараларын жоба құрылысы шекарасынан алып тастау алып тастау, былайша анықталады:

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар үшін – объекті құрылысы жобасы шекарадан 7 км.

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар немесе Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдар үшін құрылыс жобасы шекарасы – жобалау нормасы талаптарына сәйкес әзірленген, бекітілген Бас Жоспар бойынша анықталады.

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар немесе Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдар үшін, осы аймаққа жақын жатқан ені 120 км аумақ жолағы, қатты радиоактивті зақымдау (ластану) аймағын құрауы мүмкін.

АҚ топтары бойынша жататын қалалардың аумақтарын аудандастыру жөніндегі есептемелер әдістемесін ҚР ИМ ТЖК аумақтық құрылымы жүзеге асырады. Қатты қирау болуы ықтимал аудандарда орналасқан ұйымдардың (ең үлкен жұмыс істейтін ауысымдардың) жұмысшылары мен қызметшілерін, сондай-ақ Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалаларды тіршілікпен қамтамасыз ететін ұйымдардың желілік және кезекшілік ауысымында жұмыс істейтін және Азаматтық қорғаныс бойынша ерекше маңызды санаттағы ұйымдарының персоналдарын қорғау үшін панаханалар қарастырылады.



Ұйымдардың азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдармен бір өндірістік аумаққа орналасуы кезінде, ол сол санатпен теңдеседі.

Облыстардың жергілікті атқару органдары, республикалық маңызды қалалар, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірге астаналар азаматтық қорғау бойынша ұйымдарды санаттарға, қалаларды топтарға жатқызу бойынша жыл сайын ұсыныстар дайындайды және бекіту үшін уәкілетті органдарға жолдайды.

«АҚ инженерлік-техникалық шаралар» нұсқаулығына сәйкес, Азаматтық қорғаныстың АҚ инженерлік-техникалық шараларының көлемі мен мазмұны заманауи соққы беру құралдарының ықпалын және олардың қайталама факторларын, сондай-ақ ықтимал авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың көлемі мен сипаты бойынша аумақтарды аудандастыруды ескере отырып, қалалар топтарының Азаматтық қорғаныс жөніндегі ұйымдардың санаттарына байланысты анықталады.

ҚР ПМ 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығына сәйкес, Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шараларының көлемі мен мазмұны қалалардың топтарына және Азаматтық қорғаныс бойынша ұйымдардың санаттарына байланысты аумақты аудандастыруды, заманауи соққы беру құралдарының ықтимал әрекеттерін және олардың қайталама факторларын, сондай-ақ болуы ықтимал авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың сипаттамалары мен масштабтарын ескере отырып анықталады.

Топқа жататын қалалардың немесе ұйымдардың аумақтары – Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға, ауа соққы толқыны фронтфндағы артық қысым туындайды тең болады:

10 кПа (0,1 кгс/см<sup>2</sup>) қирауы мүмкін аумақты құрайды;



- уақытша қоныс аударатын аймақты анықтайды (ТЖ түріне байланысты);

- ТЖ кезінде аталған аймаққа тап болған халықтың есебін жүргізеді;

- уақытша қоныс аудару аймағын нақтылайды (ТЖ түріне байланысты);

- ТЖ кезінде аталған аймаққа тап болған халықты нақтылап тексереді;

- көлік, жол, техникалық, материалдық, медициналық, химияға қарсы және радиациялық қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, азық-түлікпен жабдықтау, эвакуациялық шараларды жүргізу кезінде халықтарды алғашқы қажетті заттармен қамтамасыз ету мәселелерін әзірлейді;

- жоғары дайындықты ұстап тұрады, эвакуациялық органдардың,



көлік органдарының және дайындығын жетілдіреді, ТЖ туындауы және туындау қауіпі кезінде эвакуация жүргізілуі мүмкін ұйымдар;

- эвакуация жүргізуге немесе оны жүргізуді қамтамасыз етуге

қатысатын, барлық ұйымдар мен органдардың өзара әрекет етуін жоспарлайды.

б) «жоғары дайындық» режимінде:

- тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің эвакуациялық комиссиясы уәкілетті орнаның ведомстволық бөлімшелерімен бірге бейбіт және соғыс уақытында ТЖ туындауы және туындау қауіпі кезінде:

- уақытша қоныс аудару аймағын нақтылайды (ТЖ түріне байланысты);

- ТЖ кезінде аталған аймаққа тап болған халықты нақтылап тексереді;

- эвакуация маршруты орнын және ауданын нақтылайды;

- халықты уақытша орналастыратын эвакуациялық орындарды (мектептер, клубтар, стадиондар демалыс үйлері, қонақ үйлері және т.б.) дайындыққа келтіреді;

- үй малдарын айдайтын орындар мен маршрутын нақтылайды;

- көлік, жол, техникалық, материалдық, медициналық, химияға қарсы және радиациялық қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, азық-түлікпен жабдықтау, эвакуациялық шараларды жүргізу кезінде халықтарды алғашқы қажетті заттармен қамтамасыз ету әзірлігі мәселелерін нақтылайды;

- эвакуация жүргізуге немесе оны жүргізуді қамтамасыз етуге қатысатын, барлық ұйымдар мен органдардың өзара әрекет етуін нақтылайды;

- халықты эвакуациялауды, оларды алғашқы қажетті заттармен қамтамасыз қамтамасыз ететін, шаралар кешенін жүргізу үшін, азаматтық қорғау қызметі және эвакуаторлардың күштері мен құралдарын қажет болған жағдайда дайындыққа келтіреді.

Қажет болған жағдайда Жоспарға сәйкес, ТЖ жою жөнінде әрекеттер жасалады:

- халықты эвакуациялау, соңынан оларды эвакуациялық пункттерге (мектептер, клубтар, стадиондар демалыс үйлері, қонақ үйлері және т.б.) орналастыру

- үй малдарын айдау (мал қораларға, қашарларға, жайылымдарға, қауіпсіз аймаққа орналасқан фермерлік шаруашылыққа және т.б.).

в) «Төтенше жағдайлар» режимінде.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің эвакуациялық комиссиясы уәкілетті органның ведомстволық бөлімшелерімен бірігіп «Төтенше жағдайлар» режимінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі тағайындайтын ТЖ жою басшысының шешімі бойынша, келесі шараларды жүргізеді:

- эвакуация жүргізу шараларына сәйкес, халықты эвакуациялауды қамтамасыз ететін, азаматтық қорғау қызметі және эвакуаторлардың жұмысына бақылауды ұйымдастырады;

- сол орында эвакуацияларын өткізу барысына бақылауды жүзеге асырады, көшірілетіндердің тізімін жүргізеді;

- АҚ көлік қызметімен, барлық дәрежедегі эвакуаторлармен тұрақты байланысты қолдап отырады;

- баспанасыз қалған халықты тіршілікпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

дейін, аумағында ерекше маңызды санаттағы екі ұйымнан кем емес немесе жиырмадан астам санатты ұйымдары бар;

- отыздан елу процентке дейінгі халық немесе қала аумағы ғаламдық не болмаса аумақтық масштабта ықтимал төтенше жағдайлар аймағына тап болады;

4) үшінші топқа жататын қалалар:

- халқының саны екі жүз елу мың адамнан бес жүз мың адамға дейін;

- халқының саны он мың адамнан екі жүз мың адамға дейін, аумағында аса маңызды санаттағы бір ұйым болмаса екі санаттағы ұйымы бар;

- отыз проценттен аз халық немесе қала аумағы ғаламдық не болмаса аумақтық масштабта ықтимал төтенше жағдайлар аймағына тап болады.

Әлеуетті қауіпке, ықтимал төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық салдарларының көлеміне байланысты ұйымдар үшін азаматтық қорғаныс бойынша келесі санаттар анықталады: ерекше маңызды және санатталған.

Ерекше маңызды санатқа, аумағында стратегиялық объектілер орналасқан, қалыптасуының бұзылуы ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін және төтенше жағдайлардың туындау қауіпін тудыратын ұйымдар жатады.

Санатталғандар қатарына қалыптасуының бұзылуы айтарлықтай төтенше жағдайлардың туындауына алып келуі мүмкін келесі ұйымдар жатады:

- аумақтық және жергілікті көлемдегі төтенше жағдайлар туындайтын, әлеуметтік-экономикалық салдарлар;

- мемлекеттік меншіктің ерекше маңызды объектілері;

- қолданыстағы салынып жатқан, жаңғыртылатын ұйымдар және жобаланатын өнеркәсіптің қауіпті өндірістік объектілері, көліктік-коммуникациялық кешен, энергетика, маңызды мемлекеттік және экономикалық мағынадағы байланыстар;

- өндіріспен, қайта өңдеумен, тасымалдаумен, сатып алумен, сақтаумен, сатумен, уларды пайдаланумен және жоюмен айналысатын ұйымдар;

- аумағында тіршілікпен қамтамасыз ету объектілері орналасқан ұйымдар.

- тұрақтылықты арттыру жөнінде бекітілген жоспарларды іске асыруға бақылау жасау;

- тұрақтылық бойынша арнайы оқу жаттығуларын жоспарлау және өткізу;

- тұрақтылықты арттыру мәселесі бойынша ұсыныстарды негіздеу және дайындау.

Азаматтық қорғаныс шараларын кешенді және дифференциалды жүргізу мақсаты, қажеттілік деңгейіне қарай, қалалардың топтарға, ал ұйымдардың уәкілетті органдар бекіткен Азаматтық қорғаныс саласындағы санаттарға жатуына орай жүзеге асырылады. Азаматтық қорғаныс бойынша қалалардың топтарға және Азаматтық қорғаныс бойынша ұйымдардың санаттарға жатуы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңымен анықталған.

Азаматтық қорғаныс бойынша қалалардың топтарға және ұйымдардың санаттарға жатуы халықты тіршілік қарекетімен қамтамасыз ету және мемлекеттік, қорғаныс мәніне байланысты кешенді және дифференциялау мақсатында жүзеге асырылады.

АҚ саласында орындалатын жұмыстың көлеміне байланысты қалалар үшін мынандай топтар белгіленді:

ерекше, бірінші, екінші және үшінші.

Азаматтық қорғаныс бойынша қалалардың топтарға жатуы келесі критерийлер бойынша белгіленеді:

- ерекше топқа астана және республикалық маңызды қала жатады;

2) бірінші топқа жататын қалалар:

- халқының саны миллион адам және одан артық;

халқының саны бес жүз мың адам және одан артық, аумағында аса маңызды санаттағы үш ұйым немесе елуден астам санатталған ұйымдар орналасқан;

- халқының елу проценттен астамы немесе қала аумағы жаһандық немесен аумақтық масштабтағы ықтимал төтенше жағдайлар аймағына тап болатын қала аумағы;

3) екінші топқа жататын қалалар:

- халқының саны бес жүз мың адам және одан көп;

- халқының саны екі жүз елу мың адамнан бес жүз мыңға

Төтенше жағдайлар туындау кезінде адамдарды құтқару және көшіру авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Эвакуацияның қандай кезеңі аяқталған деп саналады?

2. Аумақтық деңгейде эвакуациялық комиссияға кім басшылық жасайды?

3. ТЖ туындау қауіпі кезінде эвакуация қалай жүргізіледі?



4. ТЖ аймағынан эвакуациялау кезінде халық қайда орналастырылады?

5. Бейбіт уақытта эвакуациялық шараларды өткізуге шешімді кім шығарады?

## Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТОПТАСТЫРУ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАУ ҚАУІПІ КЕЗІНДЕ, ТУЫНДАҒАНДА НЕМЕСЕ ОНЫ ЖОЮ КЕЗІНДЕ АҚПАРАТ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасында жанартаулардың жарылысы, шым-тезек өрттері, цунами, тайфун және мұхиттан туындайтын апаттарды қоспағанда, табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың барлық түрлері бар.

Төтенше жағдайлар елдің экономикасына материалдық шығын келтіріп, адам өмірін алып кетеді. Алдын ала шаралар қолдануға және төтенше жағдайларға кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің дер кезінде әрекет етуіне қарамастан, біздің елде жыл сайын 17 – 19 мың адам тіркеледі. Төтенше жағдайлардан және табиғи және техногендік сипаттағы оқиғалардан, 1000 және одан да көп адамдар қаза болады.



**Төтенше жағдай** – авариялардың, апаттардың, өрттердің, өндірістік факторлардың зиянды әрекеттерінің, дұлай зілзала немесе басқа да ауырлық апаттарының нәтижесінде белгілі бір аумақта болған – адам өмірін алған, адамның тіршілік қарекетіне зиян келтірген, қоршаған ортаға зиянын тигізген және материалдық шығындар келтірген жағдайлар.

**Төтенше жағдайлар аймағы** – төтенше жағдайлар орын алған аумақ.

**Авариялар** – ғимараттардың, имараттардың, техникалық құрылғылардың қирауы, бақылауға келмейтін жарылыстар және қауіпті заттардың төгілуі.

Тұрақтылықты арттыру жөніндегі шаралардың сипаты, ауданы және мерзімі аумақтың экономикалық, қорғаныстық мәнін ескере отырып, сондай-ақ қаржылық, материалдық, еңбек және басқа да ресурстарының нәтижесінен анықталуы керек.

Тұрақтылықты арттыру жөніндегі шаралар перспективалық және жылдық әлеуметтік және экономикалық даму жоспарында, Азаматтық қорғаныс жоспарында, төтенше жағдайдың алдын алу мен зардабын жою жоспарында, басқа да жоспарланған құжаттарда алдын-ала қарастырылуы қажет.

Тұрақтылықты арттыру шараларын жоспарлау кезінде мынандай басты бағыттар белгіленеді:

- жұмыскерлердің, қызметкерлердің, және олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ведомствоға бағынышты салаларды және еліміздің аумақтарындағы ұйымдарды, аумақтарды ұтымды орналастыру;
- төтенше жағдайларда жұмыс істеуге салаларды, ұйымдарды даярлау;
- төтенше жағдай кезінде аса маңызды объектілерді, өнеркәсіптік және басқа да қызмет түрлерін қалпына келтіру жұмыстарын орындауға даярлық;
- басқару жүйелерін төтенше жағдай кезіндегі мәселелерді шешуге дайындау.

Олардың жүзеге асырылуы үшін ұйымастырушылық инженерлік-техникалық және арнайы шаралар өткізіледі.

Тұрақтылықты арттыру жөніндегі шараларды салалық және аумақтық басқару органдарында жүзеге асыру үшін ұйымдарда Азаматтық қорғаныстың тиісті басшыларына бағынатын комиссиялар (топтар) құрылуы мүмкін. Мұндай комиссия (топ) құру мүмкін болмаған жағдайда олардың қызметі тиісті басқару органдарына немесе Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай саласы қызметкерлеріне жүктеледі.

**Тұрақтылықты арттыру комиссиясының басты міндеттері:**

- тұрақтылықты арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- тұрақтылықты арттыру мәселесі жөніндегі жоспарлар мен басқа да құжаттарды тиісті бағыныштылық органдарда келісу және бекіту;



зерттеудің мақсаты - барлық жүйедегі осал орындарды табу, алынған мәліметтердің негізінде кешенді ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық, басқа да арнайы қалпына келтіру шараларын жетілдіру. Бұл жұмысты кәсіпорын басшысы ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының көмегімен ұйымдастырады.

Тұрақтылыққа баға беру мынандай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ауданның өзінде немесе аудан маңында ТЖ туындауы қауіпі;
- құрылыстар мен ғимараттардың физикалық төзімділігі;
- персонал қауіпсіздігіне сенімділік;
- басқару жүйесінің тұрақтылығы;
- материалдық-техникалық жабдықтың және өндірістік байланыстың сенімділігі;
- объектінің қираған кәсіпорынды қалпына келтіру дайындығы.

Тұрақтылықты арттыру жөніндегі шараларды жоспарлау

ТЖ кезіндегі ұйымдастыру қызметінің тұрақтылығын арттыру деп ТЖ кезінде зардап шеккен және сол аумаққа жақын тұрған халықтың, персоналдың өміріне және денсаулығына төнген қауіпті ескерту немесе төмендету шараларының жиынтығын, сондай-ақ ТЖ аймағында құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындықты айтады.

Барлық орталық және жергілікті атқару органдарында, ары қарайғы даму перспективасы мен ерекшелігін ескере отырып ұйымдарда, тұрақтылықты арттыру жөнінде инженерлік-техникалық және аумақтың табиғи, экономикалық тағы басқа да ерекшеліктері талданады және ұйымдастырушылық шаралар жүзеге асырылады.

Тұрақтылықты арттыру шаралары алдын-ала – бейбіт уақытта және қауіп-қатер төнген кезде, сондай-ақ туындаған төтенше жағдайдан, қазіргі заманғы соққы беру құралдарын қолданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Тұрақтылықты арттыру жөніндегі шаралар, ұйымдар және басқарманың тиісті аумақтық звенолары экономиканың басқа да саласымен қарым-қатынасын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

**Төтенше жағдайларды топтастыру** – олардың адамдардың өмірі мен денсаулығына тигізетін қаупіне, тіршілік ету жағдайларының бұзылуына, шығынның (зиянның) көлеміне сәйкес, төтенше жағдайлардың класқа жату тәртібі.

Табиғи және техногенді сипаттағы топтастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 маусымдағы 756 нөмірімен бекітілген.

Төтенше жағдайлар екі негізгі белгісіне қарай:

**1. Шығу тегіне қарай.**

**2. Таралу ауқымы мен келтірген материалдық шығынының көлеміне қарай топтастырылады.**

Төтенше жағдайлар бірінші негізгі белгісі бойынша - шығу тегіне қарай, мыналарға бөлінеді:

- табиғи;
- техногендік.

### Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар қауіпті табиғи құбылыстар (геофизикалық, геологиялық, метеорологиялық, агрометеорологиялық, гидрологиялық қауіпті құбылыстар) табиғи өрттер, індеттер, ауыл шауашлық өсімдіктер мен орманның аурулармен, зиянкестермен зақымдануы).

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларға мыналар жатады:

1) *геофизикалық қауіпті құбылыстар* – жер сілкінісі (Қазақстан Республикасы аумағында немесе шекаралас (жақын жатқан) мемлекеттердегі);

2) *геологиялық қауіпті құбылыстар* (сырғымалар, селдер, қар көшкіні, опырылма, сусып төгілулер, тастардың құлауы, селдер, орман жыныстарының түсуі);

3) *метеорологиялық және агрометеорологиялық қауіпті құбылыстар* (дауылдар құйындар мен борасындарды қоса), шанды



құйындар (құмды), ірі бұршақтар, қатты жаңбыр (нөсер), қардың қалың жаууы, дүлей дауылдар (қардың басып қалуы), көктайғақ, қатты аяз, қатты ыстық, соқыр тұман, қуаңшылық, үсік және т.б.);

4) *теңіздік гидрологиялық қауіпті құбылыстар* (теңіз деңгейінің қатты толқулары, су тасқыны кезінде, топан су басуы, жаңбырлы тасқындар, кептемелер және мұз лектері, желдің айдауы және т.б.);

5) *табиғи өрттер* (орман өрттері, далалы және шымтезекті, жер асты қазбалардың өрттері);



6) *адамдардың жұқпалы аурулармен ауруы* (індет аурулары);

7) *адамдардың улануы* (тамақтан улану, сәулелену зақымдануы);

8) *ауыл шаруашылық малдарының жұқпалы аурумен ауыруы* (эпизоотиялар);

9) *ауыл шаруашылық дақылдары мен өсімдіктерінің аурулармен, зиянкестермен зақымдануы* (эпифитотиялар).

10. *су айдындарындағы оқиғалар.*

**Қауіпті құбылыс** – қарқыны, таралу көлемі және созылуы адамдардың тіршілік қарекетіне, шаруашылықпен айналысатын объектілерге және қоршаған табиғи ортаға жағымсыз әсер ететін биологиялық, геологиялық, геофизикалық, гидравликалық, метеорологиялық оқиғаның шығу тегі немесе табиғи орта жағдайы.

**Геофизикалық құбылыс** – халыққа, ауыл шаруашылығы малдары мен өсімдіктеріне, экономика объектілеріне және қоршаған табиғи ортаға зақым келтіруі мүмкін немесе келтіретін, әр түрлі геофизикалық факторлар процестерінен немесе үйлесімдерден туындайтын геофизикалық оқиға немесе литосфера, гидросфера, Жер атмосферасы.

**Геологиялық қауіпті құбылыс** – халыққа, ауыл шаруашылығы

зақымдаушы факторларының әсеріне төтеп беру қабілеті, өте аз уақыттың ішінде қираған өнеркәсіпті қапшына келтіру жұмыстарымен қамтамасыз ету жатыр.

Тұрақтылық мәселелерін реттейтін құжатқа: шаруашылықпен айналысатын объектілермен санатталған қалалардың дәрежесіне байланысты Азаматтық қорғаныс шараларының инженерлік-техникалық көлемі және ұстап тұру бойынша нұсқаулық және де Азаматтық қорғаныс шараларын инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің барлық түрі бойынша басшылық ететін нұсқаулық кіреді.

Аталған құжаттар негізінде орталық атқарушы органдар салалық стандарттарды, нұсқаулықтарды, Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралар нормаларын қолдану жөніндегі басшылықты жүзеге асырады.

*Экономика объектілеріндегі жұмыс істеу тұрақтылығына әсер ететін факторлар:*

Орналастыру аймағы - аймақта қауіпті зілзаланың болу мүмкіндігін есепке алу, аймақтың метеорологиялық ерекшелігі.

Әлеуметтік-экономикалық жағдай – экономиканың жай-жағдайы, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейі, халықтың тұрмыс жағдайы.

Объектілердің орналасқан жері – сол жердің рельефы, құрылыс сипаты, көліктік коммуникация ерекшелігі, аса қауіпті өнеркәсіптердің саны.

Ішкі факторлар – жұмыс жасаушылардың саны, олардың тәртібі мен құзіретінің деңгейі, объектінің сипаты, шығарылатын өнім, қолданылатын технология.

Осы факторларды талдау негізінде ТЖ болуы мүмкіндігі және объектінің тыныс-тіршілігіне оның әсері туралы қорытынды шығаруға болады. Осы бағаның негізінде, объектінің тұрақтылығы бағасы жатыр.

Ш О – н ы ң  
т ұ р а қ т ы л ы ғы н



## Тақырып: БЕЙБІТ ЖӘНЕ СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ШАРУАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ОБЪЕКТІЛЕР МЕН САЛАЛАРДА ҚАЛЫПТЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Төтенше жағдай туындаған жағдайда, қазіргі заманғы соққы беру құралдарын қолдану кезінде бейбіт уақыттағыдай соғыс уақытында да салалардың, аумақтық, звенолардың және ұйымдардың жұмыс тұрақтылығын арттыру Азаматтық қорғаныстың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Еліміздің шаруашылық кешенінің, оның салалық және аумақтық звенолары қызметінің тұрақтылығы дегеніміз белгілеген номенклатура мен мөлшерде өндірістерді өніммен қамтамасыз ету қабілеті, сонымен қатар тиісті аумақтарда жұмыс жүргізетін персоналдар мен тұрғындарды

қорғау және тіршілігін қамтамасыз ету деп түсіндіріледі.

Төтенше жағдай туындаған жағдайда, қазіргі заманғы соққы беру құралдарын қолдану кезінде республиканы дайындауға жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Салаларда, аумақтық органдарда, ұйымдарда беріктігі мен тұрақтылығын арттыруға тікелей басшылықты – салаларды, аумақтарды, тұрақты да берік қызмет етуге дайындауға, және осы мақсатқа бөлінетін материалдық және ақшалай қаражатқа жеке-дара жауап беретін, министрліктер мен ведомстволардың бірінші басшылары, жергілікті атқарушы органдардың бастықтары, ұйымдардың жетекшілері жүзеге асырады.

### Ұйымдардың қызметінің тұрақтылығы

Ұйымның қызметінің тұрақтылығының астарында ТЖ-да авария мен апаттың болуын алдын-ала ескерту, олардың

малдары мен өсімдіктеріне, экономика объектілеріне және қоршаған табиғи ортаға зақым келтіруі мүмкін немесе келтіретін әр түрлі табиғи және геодинамикалық факторлардан немесе үйлесімдерден жер қыртысында туындайтын геологиялық оқиға немесе геологиялық процестер нәтижесі.

**Метеорологиялық құбылыс** – халыққа, ауыл шаруашылығы малдары мен өсімдіктеріне, экономика объектілеріне және қоршаған табиғи ортаға зақым келтіруі мүмкін немесе келтіретін, атмосферада әр түрлі табиғи факторлардың немесе олардың үйлесімдерінен туындайтын табиғи процестер және құбылыстар.

**Қар көшкіні** – қарлардың берік жатуының бұзылуына байланысты, тау беткейінен қар массасының жылдам көшуі. Көшкін тау беткейінде 20 – 60 градус құлама болып түзіледі. Бұл орайда үстіңгі жағын анықтау үшін түкіру қажет.

**Сырғыма** – бұл ауырлық күшінің әрекетімен тау жынысының аралас массасының беткейден төмен қарай сырғуы. Соңғы жылдары тау беткейлерінде, соның ішінде адамдар құрбандығымен, таудың орманды беткейлерінен ылғал мөлшерінің шамадан тыс түсуі және тау беткейіндегі шаруашылық қызметінің нәтижесінде, тау беткейінде болған сырғымалар жиі кездесетін қауіпті құбылыс болып табылады.



**Құлау** - ауырлық күшінің әрекетімен тау жынысының тау беткейінен опырылуы және төмен құлауы.

**Найзағай** – бұл электр разряды. Найзағай көз қарықтырарлық жарқыл-мен және қатты дауыспен (күркіреуі) бірге шығады. Найзағай қарағашқа, шегіргінге, талшынға барынша жиі түседі, ал ақ қайыңға, үйеңкіге, акацияға сирек түседі.

**Дауыл** – жылдамдығы 30 м/сек. жететін, айтарлықтай жалғасатын қиратушы күш. Бофорт шкаласы бойынша желдің күшін анықтаймыз.

### Техногендік сипаттағы төтенше жағдай

**Техногендік сипаттағы төтенше жағдайға** жататындар – қауіпті өндірістік факторлардан, көлік және басқа авариялардан, өрттерден (жарылыстардан), қатты әсер ететін улы заттардың, радиоактивтік және биологиялық заттардың төгілуінен, ғимараттардың және құрылыстардың кенеттен бұзылуынан, плотиналардың жарылуынан, тіршілікті қамтамасыз ететін электроэнергетикалық және и коммуникациялық авариялардан туындайтын төтенше жағдайлар.

**Техногендік сипаттағы төтенше жағдайға** жататындар:

1) көліктік авариялар (темір жол поездарының, теңіз және өзен кемелерінің, авиапаттар, автомобиль авариялары (апаттар), магистральды құбырлардың апаты);

2) авиапаттар және инциденттер;

3) өрттер (жарылыстар):

- өндірістік авариялар;

- тұрғын үйде, әлеуметтік-тұрмыстық және өнеркәсіптік (өндірістік) ғимараттар мен құрылыстардағы, әкімшілік-қоғамдық ғимараттардағы от пен газдың кенеттен тұтануы;



Күштерінің күштері мен құралдарын, төтенше жағдайларды жоятын басқа да әскери құрылымдар мен әскерлерді тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына және төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекет ету (өзара әрекет ету) жоспарларымен жүзеге асырылады.

Орталық және жергілікті атқару органдары, ұйымдар төтенше жағдайлар аймақтарын қадағалайтын, төтенше жағдайларды жою бойынша жұмыстар жасайтын және дислокация орындарына қайта оралатын авариялық-құтқару қызметтеріне және құрылымдарына дер кезінде және жан-жақты көмек көрсетуі тиіс.

Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар жасау орнына зерттеу жасау кезінде кәсіби авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдарының жедел көліктері, соның ішінде уақытша тартылған және жалданған көліктер кедергісіз ету құқығын пайдаланады, әуе жайларда, автокөлікке май құю станцияларында, теңіз және өзен порттарында жанар-жағар майлар материалдарымен кезексіз қамтамасыз ету құқығын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станцияларында, әуежайларда, теңіз және өзен порттарында бірінші кезекте жөндеу құқығын пайдаланады.

### БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Төтенше жағдайлардың басшылары нені жүзеге асырады?
2. Ғаламдық немесе аумақтық масштабтағы төтенше жағдайларды жоюға кім басшы болып тағайындалады?
3. Жергілікті масштабтағы төтенше жағдайларды жоюға кім басшы болып тағайындалады?
4. Жедел штабты құруға төтенше жағдайлардың басшылары өкілетті ме?
5. Төтенше жағдайлардың басшылары төтенше жағдайлар аймағына көлік пен адамдардың қол жетімділігін шектеуге, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағында орналасқан ұйымдардың жұмысын тоқтатуға құқығы бар ма?



- басқа өңірлер үшін жиырма адамға құрылымның бір адамынан деп есептеледі.

Азаматтық қорғау аумақтық құрылымдарынан және авариялық-құтқару қызметі мен құрылымдарынан, объектілік құрылымдарынан шұғыл әрекет ететін құрама жасақ құрылады.

Орталық атқару органдары мен ұйымдарында саны 50 адамнан кем болса, азаматтық қорғаныстың объектілік құрылымдары құрылады: өртке қарсы, медициналық көмек, байланыс ұйымдары әрқайсысы 2 адамнан. Бұл құрылымдарда құрылымның әрбір мүшесі өрт сөндіргішпен, медициналық қобдишамен - екі бірлік азаматтық қорғау басқару органдарына арналған сөйлесу құрылғылары.

Төтенше жағдайларды жоюға авариялық-құтқару қызметін және құрылымдарын тарту азаматтық қорғау мемлекеттік жүйелерінің басшылары немесе уәкілетті органдар не болмаса лауазымды тұлғалар өз құзіреті шегінде жүзеге асырады;

- төтенше жағдайлардың туындауы және дамуы кезінде;  
- төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер жоспарына сәйкес;

- төтенше жағдайлар қалыптасқан өңірге мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың сұранысы бойынша.

Төтенше жағдайларды жоюға ақылы негізде қауіпті өндірістік объектілерге қызмет

көрсететін кәсіби авариялық-құтқару қызметтерді және құрылымдарды тарту, қызмет көрсетілетін объектілердің қорғалуының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін, күштер мен құралдардың мөлшерін міндетті түрде сақтау шарттарымен жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің күштері мен құралдарын, төтенше жағдайларды жоятын басқа да әскери құрылымдар мен әскерлерді тарту. Ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Қарулы



- ауыл шаруашылығына ұйғарылған объектілердегі;

- ашық кеңістіктердегі, көшелердегі, адамдардың жаппай жиналатын орындарындағы (жер үсті көліктері аялдамаларында, метро станциясының шығатын жерлеріндегі, базарлардағы, көтерме базарлардағы, стадиондардағы, саябақтардағы және т. б. ары қарай);

- жылытатын жылытқыштармен жеңіл металл конструкциялармен жасалған ғимараттар мен құрылыстардағы;

- автомобильдердің және темір жол көпірлерінің астындағы жер асты өтетін жолдардағы және жолдардағы;

- мәдени ғимараттардағы және мекемелердегі;

- мұнай және газоконденсаты кен орындарында;

- өнеркәсіп объектілеріндегі от пен газдың кенеттен тұтануы;

- шахталардағы, жер асты және тау-кен орындарындағы от пен газдың кенеттен тұтануы.

Қадеге жарату кезіндегі жарылыс құрылғыларының жарылуы;

Жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын табу (жоғалту);

Авариялардан ҚӘУЗ-дің төгілісі (төгілудің қауіп-қатері):

- химиялық қауіпті объектілердегі;

- су көліктеріндегі;

- автомобильдердегі;

- темір жолдардағы;

- авиапаттар және жер бетіндегі инциденттер.

Қатты әсер ететін улы заттарды табу (жоғалту);

Табиғи ортаның экстремальды жоғары ластануы: топырақтың ластануы; ауа атмосферасының, теңіз (өзен) суларының үстінгі жағының ластануы;

Радиоактивті заттардың төгілуімен (төгілу қауіпі бар) болған авариялар;

АЭС-тағы, өндірістік және ғылыми-зерттеуге арналған атомдық энергетикалық қондырғылардың радиоактивті заттардың төгілуімен (төгілу қауіпі бар) болған авариялар;

- радиоактивті заттарды табу (жоғалту);

- кәсіпорындарда және ғылыми-зерттеу мекемелерінде (зертханаларда) авариялардан биологиялық қауіпті заттардың төгілісі (төгілудің қауіп-қатері);

- автокөліктердегі авариялардан биологиялық қауіпті заттардың төгілісі (төгілудің қауіп-қатері);

- биологиялық қауіпті заттарды табу (жоғалту).

Кенеттен көлік коммуникациясы элементтерінің (көпірлер, тоннелдер және басқа құрылыстардың), соның ішінде салынып жатқан құрылыстардың құлауы.

Тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени ұйғарымдағы ғимараттың, құрылыстардың құлауы.

#### **Авариялар;**

- электр-энергия жүйесіндегі авариялар;
- тіршілікті қамтамасыз ететін

коммуналдық тораптардағы авариялар;

- тазалағыш құрылғылардағы авариялар.

**Гидродинамикалық авариялар** (судың бөгеттерді, дамбаларды бұзып шығуы).

#### **Астрономиялық қауіпті құбылыстар:**

- Аспан денесінің құлауы;
- Ғарыштық ұшатын аппараттардың және олардың сынықтарының құлауы;
- Жерге жақын маңдағы ғарыштық кеңістіктегі радиациялық жағдайдың нашарлауы;
- аномальды атмосфералық құбылыстардың пайда болуы.

**Екінші негізгі белгісі бойынша** - таралу ауқымы мен келтірген материалдық шығынының көлеміне қарай төтенше жағдайға келесілер жатады:

1. **Объектілі** – егер авария, апат, зілзала нәтежиесінде болған ТЖ аймағы өндірістік немесе әлеуметтік объекті аумағынан шықпаса - объектілік төтенше жағдайлар;

- егер авария, апат, зілзала нәтежиесінде болған ТЖ аймағы өндірістік немесе әлеуметтік объекті аумағынан шықса, бірақ облыстың 2 ауданына ғана тараса - жергілікті төтенше жағдайлар болып саналады және де келесі салдарлардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:



кезек күттірмейтін жұмыстардың барысына байланысты басқа да қажетті шараларды қолданады.

Авариялық құтқару және шұғыл жұмыстарды сапалы және дер кезінде өткізу үшін азаматтық қорғау құралымдары және қызметтері тартылады.

Азаматтық қорғау қызметтері азаматтық қорғаудың арнайы шараларын орындауды қамтамасыз ету және халықты, объектілерді және Қазақстан Республикасының аумағын төтенше жағдайлар және әскери қақтығыстар немесе осы қақтығыстардың салдарларынан қорғау мақсатында күштер мен құралдарды дайындау үшін арналған.

Азаматтық қорғаныстың республикалық, облыстық, қалалық және аудандық қызметтері құрылады:

- республикалық - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен;
- облыстық, қалалық және аудандық – әкімшілік-аумақтық бірліктің бірінші басшыларының (қаулыларымен).



Бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін орталық және жергілікті атқару органдары мен ұйымдарда азаматтық қорғау құрылымдары құрылады.

#### **Азаматтық қорғау құрылымдары келесілерге бөлінеді:**

**Ұйғарылымы бойынша** – негізгі (барлау, құтқару, медициналық, инженерлік, өртке қарсы, авариялық-техникалық, радиациялық және химиялық барлаулар) және қамтамасыз етуші (байланыс, МТО, көлік, қоғамдық тәртіпті сақтау, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау);

- бағынушылығы бойынша - аумақтық және объектілік.

Азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамының жалпы саны:

- жер сілкінісі орын алатын өңірлерде, он адамға құрылымның бір адамынан;

және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде өзі қабылдаған шешімдер туралы хабар береді;

- төтенше жағдай орнынан күштер мен құралдардың кету тәртібін айқындайды.



Төтенше жағдайдың таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысы аса қажет болған жағдайда (адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнгенде):

- төтенше жағдай аймағына адамдар мен көліктің кіруін шектейді;

- төтенше жағдай аймағындағы ұйымдардың қызметін тоқтата тұрады;

- авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге азаматтық қорғаудың авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының күштері мен құралдарын және көрсетілген құрылымдардың құрамына кірмейтін құтқарушыларды тартады;

- шұғыл жұмыстарды жүргізуге ерікті негізде халықты, сондай-ақ құтқарушы болып табылмайтын жекелеген азаматтарды, олардың келісімімен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартады;

- төтенше жағдай аймағында эвакуациялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығыстарды кейіннен өтей отырып, ұйымдардың материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстарын тартады;

- төтенше жағдайлардың өршуіне және авариялық-құтқару жұмыстары мен



1) 5-тен жоғары не болмаса, 10-нан артық адамның қаза болуы;

2) населения халықтың 50-ден артық немесе, 100-ден артық адамының тіршілік қарекеті жағдайының бұзылуы;

3) адам денсаулығының, қоршаған орта және шаруашылықпен айналысатын объектілердің материалдық шығын мөлшері бестен он бес мың айлық есеп көрсеткішін құрайды.

2. **Жергілікті** – егер авария, апат, зілзала нәтежиесінде болған төтенше жағдайлар аймағы өндірістік немесе әлеуметтік объекті аумағынан шықса, бірақ облыстың екі ауданы шегінен шықпаса, және де келесі салдарлардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

1) 10-нан жоғары не болмаса, 50-ден артық адамның қаза болуы;

2) населения халықтың 100-ден артық немесе, 500-ден артық адамының тіршілік қарекеті жағдайының бұзылуы;

3) адам денсаулығының, қоршаған орта және шаруашылықпен айналысатын объектілердің материалдық шығын мөлшері он бестен жүз мың айлық есеп көрсеткішін құрайды.

3. **Аумақтық** – егер авария, апат, зілзала нәтежиесінде болған ТЖ аймағы бір облыстың кем дегенде 3 ауданына тараса, немесе ТЖ Қазақстан Республикасының 2 облысында пайда болса және де, келесі салдарлардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса - аумақтық төтенше жағдайлар болып саналады:

1) 50-ден жоғары не болмаса, 200-ден артық адамның қаза болуы;

2) халықтың 500-ден артық немесе, 1500-ден артық адамының тіршілік қарекеті жағдайының бұзылуы;

3) адам денсаулығының, қоршаған орта және шаруашылықпен айналысатын объектілердің материалдық шығын мөлшері жүз мыңнан екі жүз мың айлық есеп көрсеткішін құрайды.

4. **Ғаламдық** – егер авария, апат, зілзала нәтежиесінде болған Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының 3 немесе одан көп облыстарына тараса немесе көрші мемлекеттердің шекарасын қамтыса және де, келесі салдарлардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса - ғаламдық төтенше жағдайлар болып саналады:



- 1) 200-ден артық адамның қаза болуы;
- 2) халықтың 1500-ден артық адамының тіршілік қарекеті жағдайының бұзылуы;
- 3) адам денсаулығының, қоршаған орта және шаруашылықпен айналысатын объектілердің материалдық шығын мөлшері екі жүз мың айлық есеп көрсеткішін құрайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 14 әуірдегі №78 бұйрығымен бекітілген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар топтастырушы және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың ақпараттық-анықтамалық карточкалары Біріңғай деректер базасына төтенше жағдайлар туралы ақпаратты құрып, жинақтап және жеткізуге арналып дайындалған.

Топтастырушы Қазақстан Республикасында, сондай – ақ шекаралас аумақтарда орын алған немесе орын алуы мүмкін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға жалпы жүйелік және бағытталған көзқарас тудырады және 2002 жылғы 15 тамызда ТМД елдеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің шешімімен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жіктегішімен сәйкестендірілген.

Нақты ақпараттармен дер кезінде және кедергісіз қамтамасыз ету мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды біріңғай жіктеу мен кодтау орнатылды.

Төтенше жағдайлардың олардың класын, тобын және түрін ескеретін, бес таңбалы (XXXXX) коды бар. Кодының құрылысы келесі сызған нұсқа бойынша құрылады:

X XX XX (бес таңбалы код)

X – ТЖ түрлері;  
XX – ТЖ топтары;  
XX – ТЖ класы.

Мысалы:

Төтенше жағдайлар коды 10101.

1 – класы: техногендік сипаттағы ТЖ;

### **Төтенше жағдайды жою басшысы:**

- қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, төтенше жағдай аймағында барлауды және жағдайды бағалауды, адамдарды құтқаруды ұйымдастырады;

- авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша негізгі күш-жігерді жұмылдыру учаскелерін, күштер мен құралдардың қажетті санын, құтқару жұмыстарын жүргізудің әдістері мен тәсілдерін айқындайды;

- төтенше жағдай аймағындағы объектілерде және ұйымдардың аумақтарында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу туралы шешім қабылдайды;

- авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына міндеттер қоюды жүзеге асырады, олардың өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастырады, олардың қауіпсіздігін және алға қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

- төтенше жағдай аймағындағы мән-жайдың өзгеруіне бақылауды жүзеге асырады;

- қажет болуына қарай қосымша күштер мен құралдарды шақыртады, олардың кездесуін ұйымдастырады, олардың авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу орнын (ауданын) айқындайды;

- күштер мен құралдардың резервін құруды ұйымдастырады, ауысым бойынша жұмыс істеу тәртібін айқындайды;

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне, уәкілетті органға жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай аймағында қалыптасқан жағдай





Жедел штаб төтенше жағдайларды жою басшысының шешімімен құрылады.

Жедел штаб бастығы болып төтенше жағдайды жою басшысының орынбасары болып табылатын, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы тағайындалады.



Жедел штаб бастығы төтенше жағдайды жою басшысымен келісу бойынша және төтенше жағдай ауқымы мен аймағына қарай жедел топтардың қажетті санын құрады және төтенше жағдай

аймағындағы олардың жұмысын бөліп береді.

Төтенше жағдайды жою басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттерін атқарудан шеттетуден және басшылық етуді өзіне қабылдаудан немесе басқа лауазымды адамды тағайындаудан басқа кезде, оның қызметіне араласуға ешкім де құқылы емес.

Төтенше жағдайды жою басшысы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға өзі қабылдаған шешімдер туралы дереу хабар беру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу мүмкін болмаған




жағдайда, төтенше жағдайды жою басшысының, бірінші кезектегі тәртіппен төтенше жағдай аймағындағы адамдарды құтқару жөнінде барлық мүмкін болатын шараларды қолдана отырып, көрсетілген жұмыстарды тұтастай немесе олардың бір бөлігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

01 – тобы: көлік авариялары (апаттар);

01 – түрі: жүк поезының авариялары.

ТЖ кодының құрылымы келесі мысалдар бойынша құрылады:

Төтенше жағдайлар коды 10101.



1 - класс: техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар;

01 - топ: көлік авариялары (апаттар);

01 - түрі: жүк поездарындағы авариялар.

Бірінғай ақпарат кеңістігін құру мақсатында орын алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы жинақталған ақпараттармен алмасу және оларды өңдеу ақпараттық-анықтамалық карточкалармен жүзеге асырылады, онда келесі бөлімдер ашық қарастырылуы керек:

1. Ақпараттық бөлім
2. ТЖ зардаптары
3. ТЖ әрекет етудің сипаты мен тәртібі
4. Қолданылатын шаралар
5. Объектінің сипаттамасы
6. ТЖ зерттеу, жою және зардаптары жөніндегі қорытынды анықтама (аналитикалық бөлім).

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды жүйге салу және қалыптастыру кезінде, адамдар мен жануарлардың денсаулығына, өсімдіктерге, қоршаған ортаға шығын келтіретін оқиғалар мен жағдайларда көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады.

Халықты және аумақты оқиғалар мен жағдайларда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы ақпараттарға келесі мәліметтер кіреді:

- болжамдалатын және туындайтын ТЖ және олардың салдарлары;

- халықты және аумақты қорғау жөніндегі шаралар;

- авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар;
- жою үшін тартылатын күштер мен құралдар;
- алдын аду және жою үшін тағайындалған күштер мен құралдардың құрылымы және құрамы;
- жергілікті атқару органдары, халықты және аумақты қорғау саласындағы меншік нысанына байланыссыз ұйымдар;
- жоюға арналған қаржылық және материалдық ресурстарды құру, бар болуы, пайдалану және орындау.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Төтенше жағдайлар дегеніміз не?
2. Төтенше жағдайлар қандай екі негізгі белгілерімен топтастырылады, олардың әрқайсысына сипаттама беріңіз.
3. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың барлық түрін санап шығыңыздар.
4. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға қандай құбылыстар жатады?
5. ТЖ кодының құрылымының коды қалай құрылады?

### **Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жоюға бағытталған шаралар жалпы мемлекеттік болып табылады және бірыңғай кешенді құрайды. Осы шаралардың барлығын мемлекеттің қамқорлығымен бір жүйеге – азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне біріктірілген, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, уәкілетті тұлғалары ұйымдастырады.



Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды ұйымдастыруды және оған басшылықты, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға тартылған күштер мен құралдарға басшылықты, олардың өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыруды төтенше жағдайды жою басшысы жүзеге асырады.

Төтенше жағдайды жою басшысы болып:

- жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай кезінде – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен уәкілетті органның лауазымды адамы;

- жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай кезінде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің шешімімен жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы тағайындалады.

Төтенше жағдай аймағының шекарасын төтенше жағдайды жою басшысы айқындайды.

Төтенше жағдайдың сипатын бағалауды, төтенше жағдайды жою басшысына оны оқшаулау және жою жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жедел штаб жүзеге асырады. Жедел штаб авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге қатысатын азаматтық қорғау қызметтері мен құралымдарының іс-қимылдарын үйлестіреді.